бу приобретения индивидом. Следовательно, под врожденным опытом у человека следует понимать генетически закладываемую способность органов ощущения отражать окружающую среду. С момента рождения ребенка (с учетом возможностей смутных ощущений в утробе матери в последние месяцы беременности) и началом функционирования указанных рецепторов в предметно оформленном объективном мире в его мозгу появляется некий образ окружающей среды – первое и исходное новообразование. Механизмы данного новообразования связаны с физиологическими законами функционирования органов рецепции и проявляют на поверхности организма лишь стимулы среды и ответные реакции организма. И бихевиористические теории преуспели в выявлении связей между стимулами и ответными реакциями, в определении тех стимулов, при которых можно получить заданную реакцию, и, наоборот, в предсказании характера реакции по известным стимулам. Но беда в том, что происходит неправильное смещение понятий: объективно увязывая воздействия внешней среды на организм с его поведением, объяснительную схему «стимул – реакция» переносят на выработку уже второго новообразования – образа (плана) индивидуальных действий в данном предметном мире, в основе которого лежит уже педагогика. И теория вне пределов своих ограничений терпит крах. Однако первое новообразование в составе второго вновь и вновь дает о себе знать, в итоге происходит реанимация теорий в виде необихевиоризма, гештальт-психологии и т.п.

Здесь пора сформулировать проблему: что первично в образовании, структура или функция? Дело в том, что образование изначально ориентировано на чисто внешние стороны взаимодействия человека и окружающей среды, человека и общества, на организацию процесса усвоения знаний, на формирование соответствующих умений и навыков, на освоение общественно-исторического опыта, на выработку конкретных и частных способностей, без обращения к структурным перестройкам и

возможным новообразованиям, прикрываясь при этом аморфным понятием «личности» человека как конечного продукта (структурного новообразования) образовательной деятельности. Получивший широкое распространение в педагогике так называемый деятельностный подход фактически выражает формулу: учебно-воспитательная, познавательная деятельность творит структуры, личностные новообразования, способности, знания, умения, навыки, и она всегда предшествует последним.

Подобный подход стал возможным благодаря гипертрофии односторонне активной роли внешней среды и деятельности в ней и умалению активной роли внутренней среды и внутренней активности индивида. Сегодня для педагогики и психологии более корректным, научно состоятельным и методологически выдержанным представляется положение взаимосоответствия и синхронной сбалансированности внешней и внутренней деятельности, объективной действительности и её мозгового эквивалента.

Второе новообразование связано с отражением человеком собственной природы как противостоящей внешней природе, с отражением своего бытия, своей жизнедеятельности: кто он, что он, для чего и как он живет? В отличие от животных «человек... делает самое свою жизнедеятельность предметом своей воли и своего сознания. Его жизнедеятельность – сознательная» [26]. Превращение своей деятельной природы в особый предмет и план отражения обладает исключительным объясняющим потенциалом. Прежде всего второе новообразование является в собственном смысле органом деятельности, её порождением. Поиск и опробование компонентов деятельности происходит на предметном материале первого новообразования, представленном ощущениями, восприятием. Индивид благодаря отражению в своем сознании собственной деятельности рассматривает, оценивает и планирует свою деятельность с учетом потребностей, интересов, условий, наличия множества точек зрения. Поэтому возникающий идеальный

образ деятельности фактически образует внутренний план, аналогичный внешнему плану.

Нечто подобное в свое время говорил Н.А.Бернштейн: «Иными словами, есть немалые основания полагать, что в верховном моторном центре мозга (очень возможно, что это есть кора полушарий) локализационно отображено не что иное, как какая-то проекция самого внешнего пространства в том виде, в каком оно моторно дано субъекту. Эта проекция, по всему предыдущему, должна быть конгруэнтной с внешним пространством, но конгруэнтной только топологически, а совсем не метрически». Далее, «надо только оговориться, что топологические свойства проекции пространства в центральной нервной системе могут на проверку оказаться очень неожиданными и странными: не следует увидеть в головном мозгу что-либо вроде фотографического снимка пространства, хотя бы и очень деформированного. Самый же факт наличия в верховном отделе центральной нервной системы проекции именно пространства, а не мышц и не сочленений, представляется мне сейчас более вероятным, чем что бы то ни было другое» [27].

Надо особо отметить, что с появлением внутреннего плана существенно видоизменяется предназначение внешнего плана, и при использовании его в образовательном процессе он приобретает дополнительную функцию. Если в самом начале внешний план служил чувственному познанию, и осуществляемые в нем ориентировочные действия позволяли вскрывать отдельные стороны объективной действительности, то с возникновением внутреннего плана и внутренней активности последняя в своем развитии с необходимостью стремится вырваться наружу и продолжить поиск недостающих своих звеньев, элементов, средств во внешнем плане. Выход внутренней активности во внешний план, или экстериоризация, может происходить в целях уяснения, уточнения логики той или иной деятельности, представленной в образе, фиксации и последовательного разрешения складывающихся проблем-

ных ситуаций и просто для довооружения вновь образуемого интеллектуального органа средствами эффективного мышления и оптимизации его работы. Тем самым внешний план в образовательном процессе начинает играть исключительную роль, выступает не только в качестве источника живого созерцания окружающей среды, но и дополнительной арены, внешней опоры (и регулятора) внутренних действий.

Педагогическая функция так называемых наглядных средств обучения оказывается не в том, чтобы дать учащимся живой, красочный образ недостаточно известного им фрагмента действительности и расширить в этом направлении их чувственный опыт (что было правомерно при формировании первого новообразования), а в том, чтобы раскрыть перед обучаемыми сущность изучаемых явлений, установить устойчивые связи и отношения между частями изучаемого целого и выявить отношения последнего к более широкому кругу явлений, подвести учащихся к надлежащим научным обобщениям. При нахождении внешнего средства, адекватного сути и природе второго новообразования, образовательный процесс из разряда формального переходит в содержательный и управляемый процесс. Внешнее средство, расположенное между учеником и познаваемой действительностью, может стать опосредующим звеном между человеком и его мозгом (сознанием), и внешний план становится дополнительной площадкой внутреннего плана. Особую организацию внешнего плана можно квалифицировать как «вынесенную кору головного мозга» при условии достижения большого соответствия применяемых средств специфике формируемых новообразований (их надстроек), используемых кодов (вербального и визуального) – работе соответствующих полушарий, при учете других закономерностей мозговой деятельности. Такое обучение, основанное на высокоразвитой способности конструирования (моделирования) и инструментального употребления внешних по преимуществу, но адекватных содержанию внутреннего плана и меха-

низмам его функционирования средств составляет суть технологизации образования. Образование развивается в направлении возрастания опосредованности, а последнее – в направлении увеличения степени интеллектуализации.

Следует отметить и управленческий аспект образовательного процесса, осуществляемый во внешнем плане, благодаря которому процесс становится доступным объективному изучению и контролю. Для педагогики важно, что изыскиваемые средства образования продолжают оставаться в форме действующих извне раздражителей, сообщающих образовательному процессу чисто внешний характер. Именно организацией и регулированием процесса «властно врывающегося» в сознание учащегося мира и занимается педагогика и технология образования. И от того, как понимаются суть «интервенции жизни» в сознание индивида, его первичное наполнение, способы приведения в действие складывающихся в нем механизмов функционирования, как формируются принципы упорядочивания, регуляции, управления через этот разрыв (своеобразное педагогическое окно), и различаются типы воспитания человека, виды образования личности.

Отмечаемое деятельностное новообразование со своим нижним основанием способно более глубоко отразить не только первый натуральный мир, но и второй мир – социально-культурный. Благодаря второму новообразованию (или деятельностной надстройке над первым) каждый индивид адекватно воспринимает не только внешние материальные условия производства, но и способности предыдущих поколений производить вещи в этих условиях. Способность – концентрированное и деятельностное выражение прогресса человечества, его общественно-исторического развития, и оно составляет главный предмет социального наследования. В этом случае у современного человека возникают размышления о себе (вторая волна рефлексии) как источнике своей активности и особенно своей внутренней

психической активности, предвидение их результатов, правильное регулирование и контролирование своих взаимоотношений с действительностью строится в контексте общественно-исторического развития человечества, то есть когда индивид обращает отстраненный взгляд на себя как на частицу человечества, как на одно лишь звено в цепи поколений, то такая общечеловеческая позиция способна обогатить данного человека всеми достижениями предыдущих поколений, и, в свою очередь, водружает на его собственные плечи огромный груз ответственности за будущее. Строя диалог с современниками и предыдущими поколениями посредством освоения их совокупного общественно-исторического опыта, человек безгранично расширяет диапазон своих возможностей отображения действительности и управления ею, в том числе – отображения себя и управления собой. Эту способность можно считать третьим новообразованием. Данное новообразование, названное нами личностным, по существу социально и культурно детерминированное, вытесняющее и заменяющее собой инстинктивные, биологические детерминанты, возможно только благода-

ря образованию, усвоению общественно-исторического опыта, вернее, ассимиляции способностей предыдущих поколений. Общественно-историческое действительно составляет неотъемлемое и существенное свойство личности. Эволюция морфологии образования заключается в постепенном движении от «древних» конструкций к более поздним надстройкам, при котором полезные (целесообразные) для выживания древние структуры и их функции сохранялись, в результате чего в сложных организмах, каким представляется человек, образовался соответственно составной, многоуровневый орган, управляющий различными структурно-функциональными отделами жизнедеятельности. И каждый уровень функционирования оказывает определенное воздействие, вносит свою лепту в успех суммарного функционирования данного сложного органа. Таким образом, более «молодые» новообразования не отменяют «старые» и «древние», последние входят и продолжают функционировать в позднем образовании в «снятом» виде и составляют в конечном счете единую систему. И это сложное целое живет не единою, а объединенною жизнью.

### **Список литературы:**

1. *Лернер И.Я. Развивающее обучение с дидактических позиций // Педагогика. – 1996. – № 2. – С. 8.*
2. *Агзамова А.Б., Терезулов Ф.Ш. Педагогическая наука и практика как единая динамичная система//Билим-Образование. 2016. - № 1.*
3. *Ильина Т.А. Педагогика. – М., 1984. – С. 18.*
4. *Бим-Бад Б. М. Педагогическая антропология - М., 2015.*
5. *Андреев В.И. Педагогика. – Казань, 1996, 2003.*
6. *Гессен С.И. Основы педагогики. – М., 1995.*
7. *Бабанский Ю.К. Педагогика. – М., 1983. – С. 7–8.*
8. *Солсо Р.Л. Когнитивная психология: Пер. с англ. – М., 1996. – С. 11.*
9. *Зинченко В.П., Моргунов Е.Б. Человек развивающийся. Очерки российской психологии. – М., 1994. – С. 22.*
10. *Шумилин А.Т. Проблемы теории творчества. – М., 1989. – С. 74.*
11. *Сластенин В.А. и др. Педагогика/А.В.Сластенин, И.Ф.Исаев, А.И.Мищенко, Е.Н.Шиянов. – М., 1997, 2000, 2002, 2008, 2012. - С. 75.*
12. *Бим-Бад Б.М., Петровский А.В. Образование в контексте социализации // Педагогика. – 1996. – № 1. – С. 5.*
13. *Маркс К., Энгельс Ф. Соч. – Т. 20. – С. 366.*



14. Погров С. Реформируя реформаторов // *Phi Delta KAPPAN*. – 1996. – № 6; Эллис А., Фоутс Д. Педагогические инновации: Пер. с англ. – М., 1993. Coombs P.H. *The World Educational Crisis: A systems Analysis*. – Oxford University Press, 1968; *A Nation at Risk*. US Government Printing Office. – Washington, 1983.
15. Терезулов Ф.Ш. *Образование третьего тысячелетия*. LAP LAMBERT Academic Publishing, 2011. – 316 с; Онже. *Формирующая биосоциальная педагогика*. – Уфа: Изд-во БИРО, 1999. – 386 с.
16. Маркс К., Энгельс Ф. Соч. – Т. 25. – Ч. 1. – С. 343.
17. Маркс К., Энгельс Ф. Соч. – Т. 23. – С. 21
18. Маркс К., Энгельс Ф. Соч. – Т. 46. – Ч. 1. – С. 476.
19. Брушлинский А.В. *Общая психология*. – М., 1986. – С. 323.
20. Коршунов А.М. *Марксистско-ленинская диалектика. Место чувственного отражения в научном познании // Диалектика научного познания*. – М., 1985. – С. 56.
21. Дубровский Д.И. *Проблема идеального*. – М., 1983. – С. 124. Он же. *Проблема «Сознание и мозг»: теоретическое решение*. – М., 2015.
22. Прибрам К. *Языки мозга*. – М., 1975. – С. 352; Баррет С. *Тайны мозга*. – СПб., 1997. – С. 94.
23. Рузавин Г.И. *Математизация научного знания*. – М., 1984. – С. 40.
24. Лосев А.Ф. *Символ // Философская энциклопедия*. – М., 1970. – Т. 5. – С. 10.
25. Леонтьев А.Н. *Избр. психол. Произведения*. – М. – Т. 1.
26. Маркс К., Энгельс Ф. Соч. – Т. 42. – С. 93.
27. Бернштейн Н.А. *Очерки по физиологии движений и физиологии активности*. – М., 1966. – С.70.

## **НЕГІЗГІ ОРТА МЕКТЕПТІҢ ФИЗИКА КУРСЫ МАЗМҰНЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Ш.М. Шүншина, Ғ.З. Данияров**

*Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана қ.*

**Аңдатпа.** Мақалада білім мен дағдылардың халықаралық және қазақстандық мониторинг нәтижелерін өңдеуде алынған қорытындылар негізінде негізгі мектептің физика курсы мазмұнында оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыру негізделеді.

**Аннотация.** В статье обосновывается необходимость формирования математической грамотности учащихся на основе содержания курса физики основной школы, используя выводы, полученные при обработке результатов международных и казахстанских мониторингов знаний и умений.

**Abstract.** The necessity of forming students' mathematical literacy on the basis of the physics' course content of the main school using the conclusions received when processing results of international and Kazakh monitoring of students' knowledge and skills.

**Тірек сөздер:** PISA, TIMSS халықаралық салыстырмалы зерттеулері, функционалдық математикалық сауаттылық.

**Ключевые слова:** международные сравнительные исследования PISA, TIMSS, функциональная математическая грамотность.

**Keywords:** international comparative studies PISA, TIMSS, functional mathematical literacy.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру деп атап көрсетілген [1]. Бұл мақсатқа жетудің тиімділігі, көпшілігіне PISA, TIMSS халықаралық салыстырмалы зерттеулері, сонымен қатар әртүрлі мониторингтік зерттеулер, ұлттық бірыңғай тестілеуден алынған объективті деректерді тиімді пайдалануға байланысты. Мұндай барлық зерттеулер, отандық және халықаралық контексте білім беру жүйесінің жағдайын бағалап, қазақстандық білім берудің жетістігін және осал тұстарын анықтауға және алға қойған мақсаттардың ең тиімді жолдарын белгілеуге мүмкіндік береді.

Қазақстан оқушыларының математикалық дайындықтарына қатысты, әр жылдардағы халықаралық зерттеу

тапсырмаларының нәтижелерін талдаған математика және жаратылыстану бойынша мамандардың қысқаша қорытындыларын келтірейік.

TIMSS–2007, TIMSS–2011 жж. Қазақстандық 8-сынып оқушыларының көпшілігі күрделігі төмен тапсырмаларды жақсы орындады. Математикалық тапсырмалардың орындалуын бағалау көрсетіп отырғандай, біздің оқушылар белгілі алгоритмдер мен процедураларды қолдануда жақсы нәтижелер көрсетті. Математикалық ұғымдардың мазмұндық мағынасын түсінуін тексеру кезіндегі және есептер шығарудағы нәтижелері едәуір төмен болды. Бұқаралық ақпарат құралдарына тән түрлі формада (кесте, диаграмма, графикпен) берілген ақпараттарды талдауға байланысты тапсырмаларды орындауда, кейбір басқа елдермен салыстырғанда жақсы жетістіктерге жетті. Халықаралық зерттеулердің нәтижелерін талдау, қазақстандық 8-сынып оқушыларының

математикалық дайындықтарына тән кемшіліктерін айқындауға мүмкіндік берді. Олардың қатарына, кең көлемде тәжірибеде қолданылатын бірқатар оқылған мәселелердің жеткіліксіз түрде игерілгендігін жатқызуға болады. Қазақстандық оқушылар негізінен түрлі құбылыстарды талдау немесе түсіндіруді талап ететін тапсырмаларды орындауда, жорамалды тұжырымдап айтуда, стандартты емес есепті шығаруда қиналады. Бұл кемшіліктер орта мектепті аяқтағанға дейін сақталады. Біздің мектептеріміздің алдына қойған, күнделікті өмірде математиканы еркін пайдалануға мектеп түлектерін дайындау мақсатына айтарлықтай дәрежеде қол жете бермейді [2].

Қазақстандық оқушылар, жаратылыстану пәні бойынша білім және қолдануға берілген тапсырмаларды орындауда көптеген елдердің оқушыларынан жоғарырақ нәтиже көрсетті. Дегенмен олардың нәтижелері:

- тәжірибелік, өмірдегі жағдайларда білімдерін қолданғанда;

- егер мазмұны әдеттен тыс, стандартты емес;

- деректерді талдау немесе оларды түсіндіру және т.б. талап етілетін тапсырмаларды орындауда төмен.

PISA–2009, 2012 ж.ж. халықаралық зерттеулері көрсетіп отырғандай, қазақстандық оқушылардың дайындық деңгейіндегі бұрынғы айтылған кемшіліктері қайталанып отыр. 2012 жылы өткізілген PISA халықаралық зерттеуінің қорытындылары бойынша осы айтылғанға ұқсас қорытынды жасалды: қазақстандық 15 жасар оқушылар ғылыми жаратылыстану пәндері бойынша жоғары деңгейде білімдері бола тұра, сол білімдерін тәжірибеде қолдана білуде көптеген елдердің өз құрдастарынан едәуір артта қалуда.

Қазақстандық оқушылардың PISA–2012 халықаралық зерттеулері нәтижелерін талдай келе, бұған дейінгі Қазақстан мектептері алдына қойылған тәжірибеге бағдарланған есептерді шығаруда *математиканы еркін пайдалана білетін* түлек-

терді дайындау мақсатында халықаралық тапсырма талаптары деңгейінде айтарлықтай дәрежеге қол жеткізіп отырған жоқ. Соның ішінде, адамның іс-әрекет ететін әртүрлі салаларындағы өмірлік есептердің кең ауқымын шешуде қажетті математикалық сауаттылықтың қалыптасу деңгейі де шамалы. Қазақстандық оқушылардың көрсеткіштері төмен болуының себептері қатарында:

- математиканың мектептік курсының академиялық бағыттылығын жүзеге асырудың күйі;

- негізгі мектептегі оқыту мазмұнының практикалық мазмұнды есептерге тиісті көңіл бөлінбеуі аталып отыр.

PISA–2012 халықаралық зерттеулері нәтижелері бойынша мамандардың қорытындысына қарасақ, 15 жасар қазақстандық оқушылардың математикалық сауаттылықтары, өткен 2006 және 2009 ж.ж. зерттеулерде анықталған төмен деңгейде қалып отыр.

*Функционалды сауаттылық* деп, адамның іс-әрекет ететін әртүрлі салаларындағы өмірлік есептердің кең ауқымын шешуде тұлғаның игерілген білімдерін пайдалану қабілеті ұғынылады [4].

Математикалық сауаттылығы – өзі тұрып жатқан әлемде математика рөлін анықтау және түсіну, жасампаз, мүдделі және ойшыл азаматқа тән дәйектелген математикалық пікір айту және математиканы қазіргі таңда және болашақта қажеттілікті қанағаттандыру үшін қолдана алу қабілеті. Сондықтан, *математикалық сауаттылық* деп әртүрлі саладағы есептерді, соның ішінде физикалық мазмұндағы есептерді шешуде тұлғаның игерген математикалық білімдерін пайдалану қабілеті ұғынылады.

Жеке алғанда, зерттеулер барысында физиканың заңдарын білетін және есептерді шығарғанда өз білімдерін пайдалана алатын белгілі, тіпті кейбір «әлді» 9-сынып түлектерінің математикалық сипаттағы маңызды жалпы оқу біліктерінің қалыптаспағаны анықталды. Мұндай біліктерге: график түрінде берілген ақпараттарды түсіндіру; физикалық мазмұн-

дағы есептерді шығаруда тригонометриялық қатынастарды пайдалану; үлестік және еселік қосымшаларды пайдаланып физикалық шамаларды бір бірліктен екіншісіне ауыстыру; берілген дәлдікте сандық жауапты көрсету және т.б. жатады. Бұл, расында қазақстандық оқушылар математика сабақтарынан тыс уақытта ерекше математикалық білімдерін тиімді пайдалануға және олардың алдына қойған тәжірибеге негізделген мазмұндағы есептерге дұрыс сандық жауап алуға әрдайым қабілетті емес екенін білдіреді. Осындай кемшіліктер 9 және 11-сынып оқушыларының оқу жетістіктерін сырттай бағалау және ұлттық бірыңғай тестілеуден өткізуде де орын алуда. Сондықтан, физика курсы мазмұнында математикалық сауаттылықты қалыптастыру әзірге толық шешімін таппай қалып отыр.

Н.Ф. Талызина өзінің еңбегінде «Математикалық есептерді ойдағыдай шығаруды қамтамасыз ететін басты жағдай, есепте сипатталған жағдайды оқушылардың түсінуі болып табылады. Бұдан, математикалық есептерді мұқият оқып білген кезде, математикалық емес, физикалық, экономикалық және т.б. жағдайларды талдау тәсілдерін қалыптастыру қажет екені туындайды» дейді [5].

Алайда мынаны қоса айта кеткен дұрыс: есептер шығарғанда, мысалы, физикалық мазмұндағы есептерді шығарғанда оқушылар физикадан тиісті білімдерді меңгерулері керек. Олай болмаған жағдайда оқытудың маңызды қағидасы бұзылады – түсініктілік қағидасы (оқушыларға есептердің шарты түсініксіз болады). Мынадай проблема пайда болады: негізгі мектепте физиканы оқу тек 7-сыныптан ғана басталады, ал математиканы оқу (одан әрі пәнаралық біліктерді қалыптастырудағы базалық болып табылатын көптеген математикалық біліктерді меңгеру) 6-сыныпта аяқталады. Мұнан мынадай қорытынды жасауға болады: оқушылардың математикалық сауаттылығын қамтамасыз ететін жинақталған біліктерді қалыптастыру, алдымен 5-6-сыныптарда (ерекше пән-

дік ұғымдар мен біліктерді игеру) математика сабақтарында болуы, ал 7-9-сыныптарда басқа пәндерде (соның ішінде физиканың) кеңейтілген мазмұндарында қалыптасуы керек.

Физиканы оқыған кезде математикалық білім мен біліктер қажеттірек, сондықтан физика курсының мазмұны негізгі мектеп түлектерінің функционалды математикалық сауаттылықтарын қалыптастыруға бағытталған дидактикалық материалдарды әзірлеуде маңызды негіз болып табылады.


Физика мазмұнындағы негізгі мектеп оқушыларының функционалды математикалық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған физика бойынша дидактикалық материалдарға тоқтала кетсек.

1. Масштаб бірлігін таңдай және пайдалана білу.

1-тапсырма.

Бала таудан А нүктесінен шанамен сырғанап түсіп С нүктесіне келіп тоқтады. Оның қозғалу траекториясы

ABC, мұндағы  $AB = BC$ . Суретте көрсетілген деректер бойынша баланың жолын анықтаңдар.




2-тапсырма.

Дайындаманы пайдаланып 0-ден  $100^\circ$ -қа дейін бөліктері бар термометрді салыңдар. Көрсетілген үдерістердегі температураға сәйкес келетін нүктелерді салыңдар.

А нүктесі – мұздың (қардың) еру температурасы.

В нүктесі – қалыпты атмосфералық қысым кезіндегі судың қайнау температурасы.

С нүктесі – адам денесінің қалыпты температурасы.




2. Графиктік ақпаратты түсіндіре білу.

1-тапсырма.

Суретте берілген графикті талдай отырып мәтіндегі бос орындарды толтырыңдар.

Бақылау басталған сәтте дененің жылдамдығы \_\_ болды және одан әрі \_\_ бойы ол өзгерген жоқ. Сосын жылдамдық \_\_ дейін артты да \_\_ бойы өзгеріссіз қалды.


Төменгі жылдамдықпен дене \_\_ тең жол, ал жоғарғы жылдамдықпен – \_\_ тең жол жүрді. Барлығы 5 с. дене \_\_ тең жол жүрді. Барлық бақылау уақытындағы дененің қозғалысының орташа жылдамдығы \_\_ болды.



2-тапсырма.

Бірдей плиталарда массалары әр түрлі суы бар екі бірдей I және II ыдыстарда қыздырылуда. Суретте әрбір ыдыстағы судың температурасының уақытқа байланысты өзгеруінің графиктері берілген. Графиктердің деректерін салыстыра отырып ыдыстардың қайсысында көп су құйылғанын анықтаңдар.

Жауап: Судың көбі № \_\_ ыдыста, өйткені \_\_\_\_\_.




3. Диаграммалармен жұмыс істей білу (салу және түсіндіру).

1-тапсырма.

Жер бетінен тіке жоғарыға 10 м/с жылдамдықпен лақтырылған 80 г тас максимал  $h_{\max} = 5,0$  м биіктікке жетті.

А) Ауаның қарсылық күшін ескермей, Жер бетіне қатысты әртүрлі  $h$  биіктіктегі (ондық дәлдікпен) дененің потенциалдық  $E_{\text{п}}$ , кинетикалық  $E_{\text{к}}$  және механикалық  $E$  энергиясын есептеңдер.  $g \approx 10$  Н/кг деп алыңдар.




Ескерту: кестенің кез келген ретте толтыруға болады.  $E = E_{\text{п}} + E_{\text{к}}$ .

Нүкте	A	B	C
Биіктік $h$ , м	0	1,0	2,0
$E_{\text{п}}$ , Дж			
$E_{\text{к}}$ , Дж			
$E$ , Дж			

Ә) Кеңістіктің әртүрлі нүктелеріндегі тастың кинетикалық және потенциалды энергиялары арасындағы қатынасты сипаттайтын диаграмма шығатындай етіп суреттегі бағаналарды бояңдар.





Нұсқау: Потенциалды және кинетикалық энергияларға сәйкес келетін энергияларды әртүрлі түспен бояңдар.

4. Кестедегі деректермен жұмыс істей білу.

1-тапсырма.

Кестедегі жетпей тұрған сандарды қойыңдар


Термометр, №	Аспаптың көрсеткіші $t, ^\circ\text{C}$	Бүтін санға дейін дәңгелектен алынған аспаптың көрсеткіші	Кельвин шкаласы бойынша аспаптың көрсеткіші
1	26,7 $^\circ\text{C}$		
2	45,5 $^\circ\text{C}$		
3	-25,7 $^\circ\text{C}$		

5. Графиктегі деректерді кесте түріне ауыстыра білу және керісінше.

1-тапсырма.

Суретте ыдыстағы сүттің уақытқа байланысты температурасының графигі көрсетілген.

Көрсетілген графикке сәйкесті кестені сандармен толтырыңдар.



Нүкте	A	B	C	D	E	F
Уақыт $t$ , мин						
Температура $t, ^\circ\text{C}$						

Негізгі орта мектептің физика курсы мазмұнында оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыру оқушылардың білімдері мен біліктерін өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алынған ақпараттарды сыни тұрғыдан бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсыну және зерттеулер жүргізу, өзінің ойын негіздей білуді; іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынаспен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтамасыз етеді. Сондықтан негізгі орта мектептің физика курсы мазмұнында оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыру оқушы үшін өте маңызды.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2016 жыл /Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығы.

2. Национальный отчет об итогах международного исследования. Б.К. Дамитов, С.Ж. Ногайбаланова, А.Ж. Байзакова, Б.Г. Салимова – Астана: НЦОКО, 2009 – 124с.

3. Результаты международного исследования оценки учебных достижений учащихся 4-х и 8-х классов общеобразовательных школ Казахстана. Национальный отчет. - Астана: НЦОСО, 2013. - 237 стр.

4. Основные результаты международного исследования образовательных достижений 15-летних обучающихся PISA-2012. А. Култуманова, Г. Бердибаева, Б. Картпаев, И. Иманбек, К. Шарбанова, М. Рахимова, Ж. Жумабаева, З. Пирнепесова, Б. Окенова, А. Увалиева. Астана: НЦОСО, 2013 - 283 стр.

5. Талызина Н. Ф. Т16 Педагогическая психология: Учеб. пособие для студ. сред. пед. учеб. заведений. - М.: Издательский центр «Академия», 1998. - 288 с.

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮШТІЛДІЛІК САЯСАТЫ НЕГІЗІНДЕ ДЕҢГЕЙЛІК ОҚЫТУ

Н.Ж. Құрман

п.ғ.д., М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті  
Қазақстан филиалы, Астана қ.

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ тілін оқыту мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, үш тілде білім беруді ұйымдастырудың теориялық негіздері мен практикалық жүзеге асырылу жолдары туралы айтылады.

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы обучения казахскому языку, проблемы трехязычного образования, а также теоретические основы и пути практической реализации.

**Abstract.** The Kazakh language learning, problems of trilingual education as well as theoretical basis and the ways of practical implementation are considered in the article.

**Тірек сөздер:** қазақ тілі, үштілділік, үш тілде білім беру.

**Ключевые слова:** казахский язык, трехязычие, образование на трех языках.

**Keywords:** the Kazakh language, trilingualism, education in three languages.

Қазақ тілін үштілділік саясаты негізінде оқыту – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілін балабақша деңгейінде, бастауыш білім беру, орта білім беру, арнайы орта білім беру, жоғары білім беру жүйелерінде қазақ тілін меңгерудің ғылыми және тәжірибелік жүйелерінің бастау көздерін, жүзеге асыру үдерісінің заңдылықтарын, күтілетін нәтижелердің моделі мен оларға қол жеткізудің тиімді тетіктерін анықтайды.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оң тәжірибесін қазақстандық жалпы білім беретін мектептерге тарату мақсатында «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінің ана тілі ретінде де, екінші тіл ретінде де оқу бағдарламаларының мазмұны жаңартылып, талқыланып, ендігі ретте оқулықтары сұрыпталуда. Осы бағдарламаның ұстанатын бағытының дені жаңаша. Сол жаңа басты бағыттардың бірі – қазақ тілін үштілділік саясаты негізінде оқыту.

Ал қазақ тілін үштілділік саясаты негізінде оқытудың пайымы қандай? Қазақ тілін үштілділік саясаты негізінде деңгейлік оқыту өзінің бастау көзін Қазақстан Республикасының Конституциясынан, «Тіл туралы» ҚР Заңынан, «Білім туралы» ҚР

Заңынан, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2007 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасынан, әр жылдардағы Қазақстан халқына Жолдауларынан, ҚР білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан, Тілдерді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан, ҚР оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға байланысты Мемлекеттік құжаттардан, ҚР 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасынан алады.

Көздеген мақсаты – мемлекеттік тілді балабақша, жалпы орта білім беру, арнайы кәсіптік және жоғары білім беру, жоғары білім беруден кейінгі білім жүйесінде үштілділік саясатын дамытудың орталықтандырушы өзегі ретінде қазақ тілін оқытудың жаңа инновациялық сабақтасқан жүйесін негіздеу. Осы мақсаттан туындайтын міндеттері де белгіленеді. Олар:

- ең алдымен, еліміздің білім беру жүйесінде қазақ тілін, орыс және ағылшын тілдерін оқытудың бүгінге дейінге ахуалына жан-жақты шолу жасау керек;
- екіншіден, қазақ тілін үштілділік саясаты негізінде оқытудың әдіснамалық

негіздері анықталуы керек;

- қазақ тілін үштілділік саясаты негізінде оқытудың негізгі параметрлері мен күтілетін нәтижелерін анықтау қажет;

- қазақ тілін үштілділік саясаты негізінде деңгейлік оқыту үдерісін ұйымдастыру тетіктерін іргетасын анықтау керек.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілін дамыту және оны әлеуметтік жүйенің барлық деңгейлерінде оқытудың сапасын жетілдіру жөнінен мемлекет тарапынан жүйелі күш-жігер жұмсалып келеді.

Қазақстандық тіл оқыту әдістемесі тәжірибесін саралау барысында қазақ тілін үштілділік аясында оқыту мәселесі бойынша 2007 жылдан бастап нақты іс-шаралар жүзеге асырылғанын көреміз.

Жалпы орта білім беру мен жоғары білім беру жүйелерінде қазақ тілін үштілділік саясаты негізінде оқыту туралы көптеген талқылаулар жасалынғанымен, нәтижесінде, мемлекеттік тілді және орыс, ағылшын тілдерін оқыту біртұтас модель ретінде анықталды деп айта алмаймыз.

Осы тұста аталып кететін мәселе – үштілділік саясатының білім беру жүйесінде қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесінің маңызды функциясы – барлық тілдерді дамыту мен оқытудың біріктіруші, кіріктіруші қызметі назардан тыс қалмауы тиіс. Соған қоса, осы үш тілдің әрқайсысы дербес бағыт-бағдар ұсталып оқытылып келе жатқандығы да зейін қойып талдайтын мәселе. Мұның барлығы, түптеп келгенде, қазақ тілінің үштілділік саясатының орталық өзегі ретіндегі рөлін, қызметін және маңызын керекті дәрежеде дамытуға өзінің теріс ықпалын тигізбейтін болуы керек.

Үштілділік саясатының өрісін кеңейтіп, оның орталық тұтқасы – қазақ тілі етудің қажеттілігін заман өзі айқындап, болашақта білім беруді дамытудың өзекті мәселелерінің бірі ретінде күн тәртібіне қойып отыр.

Келесі кезекті үштілділік саясаты жүйесінде қазақ тілінің маңызды орынға ие болуын жай ағымдағы талдаудан бақылап қоймай, оны жүйелі жоспарлауға көшу қа-

жеттілігі туындап отыр.

Қазақ тілін үштілділік саясат негізінде оқытуды дамытудың әлсіз жақтары да, күшті жақтары бар. Біздің ойымызша, әлсіз жақтары мынадай болуы мүмкін:

- 1) қазақ тілін үштілділік саясат негізінде оқытуды ұйымдастыру мен жүзеге асыру стратегиясының инновациялық тұрғыдан нақтыланған және әдіснамалық тұрғыдан кең арнада негізделген біртұтас түпқазығының болмауы; қазақ тілін оқыту әдістемесінен ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік әзірленімдер жасауда орыс және ағылшын тілдерін оқыту үдерісімен өзара біріккен іс-әрекеттердің жетіспеушілігі.

- 2) қазақ тілін үштілділік саясат негізінде оқыту үдерісінің балабақшада, мектепте, колледждерде, кәсіптік лицейлерде, университеттерде, оның ішінде бакалавриатта, магистратурада, докторантурада біртұтас бағдарда қолға алынбауы;

- 3) қазақ тілін үштілділік саясат негізінде оқытудың жаңа инновациялық стратегиясын арнайы эксперименттік игілікті нәтижелерін білім беру жүйесінің мектеп қана емес, барлық деңгейлеріне тарату ісінің қолға алынбауы.

Ал күшті жақтары ретінде мыналарды атауға болады деп ойлаймыз:

- 1) қазақ тілін үштілділік саясат негізінде оқытуды балабақша, жалпы білім беру, жоғары білім беру, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде жүзеге асыруға болатын жүйе жасауға мүмкіндік беретін әдіснамалық және қазақстандық тәжірибелік қордың болуы;

- 2) қазақ тілін үш тілді оқыту жүйесінде және орыс тілді мектептерде жекелеген пәндерді оқыту жүйесіне енгізуге керекті әдіснамалық және жинақталған сынақтан өткізілген игілікті тәжірибе қорының болуы;

- 3) қазақ тілін үштілділік саясат негізінде оқытуды ұйымдастырып, оны іске қосуда CEFR жүйесінің қол жеткен жетістіктеріне сүйенген, олардың кеңесшілерімен біріге отырып, қазақ тілінің генетикалық, типтік, ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ

мен Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының арнайы оқыту бағдарламаларын әзірлеуі;

4) қазақ тілін үштілділік саясат негізінде оқытудың орыс тілі мен ағылшын тілін оқыту жүйесіндегі маңызды орнын қазақ тілін оқытуда инновациялық технологиялардың қолданылуын белсендірудің әдіснамалық және тәжірибелік қоры жинақталуы;

5) қазақ тілін үштілділік саясат негізінде оқыту жүйесінің ашықтығы және оның дамуға, жетіліп отыруға әрдайым бейім болуы;

6) қазақ тілін үштілділік саясат негізінде оқытуды іске қосуға даяр үштілді және жаңа инновациялық технологиядан хабары жетік жастардың көп болуы.

Қазақ тілін үштілділік саясаты негізінде деңгейлік оқыту Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілді дамыту және қазақстандық тілдерді дамытудың прагматикалық саяси бағытына бағынған жаңа пайымдарды қолданады. Сөйтіп, қазақ тілін дамытудың маңызды арнасы – қазақ тілін оқыту мәселелерін жаңаша және кең ауқымда қамти алады.

Қазақ тілін оқыту үдерісі дүние жүзіндегі қарқын алған үдемелі индустрияландыру талаптарымен және экономиканың жоғары технологиялық секторларын дамыту міндеттерімен мүлде байланыссыз қалып келеді. Қазақ тілін әлемде мойындалған талаптар негізінде оқыту қолға алынбағандықтан, оның салдары қазақ тілін ғылыми және академиялық әлеуетін шектеуге, ғылыми терминдердің қазақ тілінде бірден жасалынбай, не аудару, не калькалау, не мағынасы айқын емес аудармалар жасай салу сияқты келеңсіз құбылыстарға әкеліп соқтыруда. Соның салдарынан ғылыми және академиялық ұғымдар қазақ тілінің лексика-грамматикалық айналысында бейімделмей, сөйлеу үдерісіне қолданысқа орыс не ағылшын тілінде тікелей енуде.

Қазақ тілінің ғылыми және академиялық, этнолингвомәдени әлеуетін дамыту үшін үштілділік саясаттың бел ортасында қазақ тілі тұруы, оқытылуы, дамытылуы арнайы жасақталып, әзірленіп, сынақтан өт-

кізіліп, инновациялық технологиялармен оқыту қамтамасыз етілуі керек.

Қазақ тілін үштілділік саясаты негізінде оқытудың әдіснамалық негіздерін құрайтын ғылыми-теориялық бастау көздері ретінде келесідей ілімдерді алуға болады.

1. Қазақ тілінің функционалдық және коммуникативтік грамматикасы.

2. Қазақ тілінің лингвомәдени теориясы.

3. Қазақ тілінің стилистикасы.

4. Қазақ тілінің CEFR жүйесінің қол жеткен нәтижелерін талдай отырып өзіндік генетикалық және типтік, ұлттық ерекшеліктеріне баса назар аударатын деңгейлік оқыту теориясы.

5. Қазақ тілін үштілділік саясат негізінде оқытудың лингводидактикалық теориясы.

6. Қазақ тілін дамытудың жолын тек тілдік пән ретінде оқыту ғана емес, өзге тілді мектептерде қазақ тіліндегі пәндерді, атап айтқанда, «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті» пәндерін қазақ тілінде оқытудың кіріктірілген/интегративтік дидактика теориясы.

7. Қазақ тілін үштілділік саясаты негізінде оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологиясы теориясы.

8. Қазақ тілін үштілділік саясаты негізінде деңгейлік оқытудың интерактивтік-технологиясы теориясы.

Қазақстан Республикасында қазақ тілін және орыс, ағылшын тілдерін оқытуды іске асырудың тиімді жолдарын іздеу және осы үдерісті сапалы жолға қоюдың шынайы құралдарын орталықтандыру, үйлестіру жаңа жобаны «Қазақ тілін үштілділік саясат негізінде оқыту жүйесін» жасауға іргетас қалады. Бұл жаңа жүйенің шығар көзі «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДБҰ қазақ тілін және орыс, ағылшын тілдерін оқытуды жаңа жүйемен ұйымдастыру тәжірибесінен бастау алады.

Қазақ тілін қазақ мектебінде оқытудың, қазақ тілін өзге тілді мектептерде оқытудың бағдарламалары жасалынды. CEFR талаптарын талдай отырып қазақ тілінің өзіндік ерекшелігіне бейімделген, коммуникативтік оқыту теориясы негіздеген

тыңдау-түсіну, оқу-жазу, сөйлеу іс-әрекеттерін оқыту мақсаттарының иерархиялық қадамдарына сәйкестендіре отырып оқу бағдарламалары мен оқу жоспарлары әзірленді.

Барлық бағдарламада үштілділік саясатын жүзеге асыруға, оның ішінде қазақ тілі біріктіруші, орталықтандырушы мәртебесінде ерекше назарға алынды. Үш тілді меңгерудің логикалық жалғасы ретінде үш тілде білім алуға ұласуы көзделінді. Қазақ мектебінің оқушылары өзінің ана тілінен басқа кем дегенде, екі тілді орыс, ағылшын тілдерін меңгеруі қажет деп танылды. Біртіндеп, қазақ тілін оқыту барысы жеке-леген пәндерді қазақ тілінде оқыту ісіне ұласуының педагогикалық-психологиялық заңдылықтары анықталды. Осындай келелі міндеттерге қол жеткізуде мынадай мәселелерді шешу көзделеді:

- қазақ тілін үштілділік саясат негізінде оқытуды ұйымдастыруда жалпы еуроапплық тіл білу құзыреттері шкаласына талдаулар жасау және соның негізінде қазақ тілін үштілділік саясат негізінде оқытудың лингводидактикалық талаптарын айқындау керек;

- қазақ тілін үштілділік саясат негізінде оқыту жүйесін коммуникативтік іс-әрекеттер негізінде сипаттау;

- қазақ тіліндегі жаңа пәндерді оқыту ісін жолға қою, оны оқу және әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету;

- жаңа бағдарламалар арқылы қазақ тілін оқыту тәжірибелеріне талдаулар жүргізу, мұғалімдер білімін жетілдіру;

- сынақтан өткізілген тәжірибелерге талдаулар жасап, тиімді бағдарламалар мен әдістемелік құралдарды әзірлеуде жалпы білім беретін мектептермен тығыз байланыстар орнату;

- қазақ тілін үштілділік саясат негізінде оқытудың әдістемелік-нормативтік құжаттарын әзірлеу;

- қазақ тілін үштілділік саясат негізінде деңгейлік оқыту жүйесін дидактикалық толыққанды ету мақсатында оқытудың нәтижелерін бағалау және сапасына кепіл беру жүйесін әзірлеу, енгізу;

- қазақ тілін үштілділік саясат негізінде үйренуі арқылы қандай тілдік жағдаяттарда қазақ тілін қалай қолдануы мүмкін деген практикалық маңызды мақсаттың шешімі ретінде «Қазақ тілін оқытудың кейс-стади технологиясын» әзірлеу.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2007 жыл.
2. *Общеввропейские компетенции владения иностранным языком: изучение, обучение, оценка.* Департамент по языковой политике. – Страсбург, 2001. <http://www.linguanet.ru/ipk-REMA/>.
3. Құрман Н. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері. Астана, 2008.
4. Ешимбетова З. Б., Демешева А. М. *Казахстанское «трехязычие» – уникальная формула языковой политики // Инновации в науке: сб. ст. по матер. XI междунар. науч.-практ. конф. Часть II.* – Новосибирск: СибАК, 2012. <https://sibac.info/conf/innovation/xi/28809>



## АПРОБАЦИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО ОБЩЕОБЯЗАТЕЛЬНОГО СТАНДАРТА НАЧАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ, УЧЕБНЫХ ПРОГРАММ, УЧЕБНИКОВ И УМК ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

**Б.К. Смагулова Б.К., С.К. Исмагулова**

*Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, г. Астана*

**Аңдатпа.** Мақала авторлары жаңартылған білім мазмұны Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, оқу бағдарламаларын, оқулықтары мен ОӘК апробациялау мониторингінің кезеңдері, процедуралары, қорытындысы туралы баяндайды.

**Аннотация.** Авторы статьи раскрывают этапы, процедуры, итоги мониторинга апробации Государственного общеобязательного стандарта начального образования, учебных программ, учебников и УМК обновленного содержания образования.

**Abstract.** Stages, procedures and the results of Educational and Methodical Complex of the updated content of education, textbooks, training programs and primary education State obligatory standart approbation monitoring are discussed in the paper.

**Тірек сөздер:** апробация, мониторинг, бастауыш білім беру.

**Ключевые слова:** апробация, мониторинг, начальное образование.

**Keywords:** approbation, monitoring, primary education.

В 2015-2016 учебном году в 1-х классах 30-ти пилотных школ страны была начата апробация Государственного общеобязательного стандарта начального образования, учебных программ, учебников и УМК обновленного содержания образования. В апробации приняли участие 143 класса, в которых обучаются 3454 учащихся, из них: в классах с казахским языком обучения – 1915, с русским языком обучения – 1501, с уйгурским языком обучения – 38; 143 учителя начальных классов, 286 учителей-предметников.

Учебные программы ориентируют процесс обучения на использование методического потенциала каждого предмета для осознанного усвоения учащимися знаний и умений по предметным областям, развитие самостоятельности путем овладения способами учебной, проектной, исследовательской деятельности, приобретение умений ориентироваться в социокультурном пространстве.

В программах гармонично сочетаются традиционные функции учебно-нормативного документа с описаниями инновационных педагогических подходов к организации образовательного процесса в

современной школе. Подходы к обучению являются основными ориентирами в построении принципиально новой структуры учебной программы по предмету.

Ценностно-ориентированный, деятельностный, личностно-ориентированный, коммуникативный подходы, как классические основы образования, использованы для усиления приоритетности системы целей обучения и результатов образовательного процесса, что нашло отражение в новой структуре учебной программы.

В разработке и выпуске учебников и УМК для пилотных школ участвовали 7 отечественных издательств, 6 зарубежных (учебник по английскому языку).

Для проведения мониторинга была разработана и утверждена его методология, инструкции, технологические карты мониторинга. Определены цели, структура, этапы мониторинга и функции всех его участников.

Основным исполнителем мониторинга является Национальная академия образования им. И.Алтынсарина при поддержке АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы».

Ключевой целью мониторинга является оценка качества и эффективности учебных программ и УМК по обновленному содержанию образования, а также системы критерияльного оценивания.

На первом этапе мониторинга был проведен диагностический срез знаний, умений учащихся. На втором этапе заполнялись и обрабатывались технологические карты.

На 3-м этапе мониторинга в феврале 2016 года состоялись визиты в пилотные школы, которые позволили на основе наблюдений уроков, бесед (фокус-группы) с администрацией, учителями, обучающимися и их родителями триангулировать данные мониторинга и выявить сильные и слабые стороны разработанных учебно-методических материалов.

Наблюдением были охвачены уроки во всех классах, по всем предметам на всех языках обучения. Были обработаны: более 1000 анкет учителей начальных классов и учителей-предметников, более 3000 анкет обучающихся, более 2000 анкет родителей.

Было собрано и обработано 2090 технологических карт учителей начальных классов, учителей-предметников и заместителей директоров школ. Составлены карты ОПИ (обработка первичной информации) по каждой пилотной школе.

На основании проведенного анализа можно сделать следующие выводы:

К сильным сторонам апробации обновленного содержания образования относятся:

- принятие учителями пилотных школ идеи и содержания стандарта начального образования и учебных программ;
- достижение высокого уровня педагогического сотрудничества учителя и учащихся;
- повышение активности и мотивации обучения у учащихся;
- формирование отношений взаимного уважения у учащихся, формирование навыков работы в паре и в группе;
- положительное отношение родительской общественности;
- достаточное оснащение кабинетов 1

класса (мебель, интерактивная доска, мольберт).

В качестве слабых сторон можно отметить:

- недостаток необходимых учебных ресурсов по предмету «Естествознание», «Познание мира», по языковым предметам.

Возможности:

- получение качественного образования учащимися сельской местности;
- совершенствование профессиональной квалификации учителей и распространение опыта работы.

Угрозы:

- недостаточная материально-техническая база школ республики в условиях массового перехода на обновленное содержание образования;
- неполная недельная нагрузка учителей начальных классов: от 15 до 17 часов при нормативе 18 часов.

На основании выявления целей обучения, вызвавших трудности у учащихся и учителей, были внесены незначительные изменения в учебные программы по следующим учебным предметам:

- «Сауат ашу», «Математика», «Жаратылыстану», «Дүниетану», «Еңбекке баулу», «Бейнелеу өнері», «Өзін-өзі тану» (для школ с казахским языком обучения); «Обучение грамоте», «Казахский язык», «Естествознание», «Познание мира», «Музыка», «Изобразительное искусство», «Трудовое обучение», «Самопознание» (для школ с русским языком обучения).

Наибольшее количество целей обучения, вызвавших трудности, определены по учебным программам «Ағылшын тілі/Английский язык», «Орыстілі», «Денешынықтыру/Физическая культура». Изменения по итогам мониторинга уже внесены.

Выводы по мониторингу апробации учебников обновленного содержания:

- наибольшие баллы получили учебники двух издательств: «Алматыкітап» и АОО «НИШ»;
- по предметам естественнонаучного цикла большинство учителей выбирают учебники АОО «НИШ», по предметам гуманитарного цикла – учебники издательства

«Алматыкітап».

Мониторинг также показал необходимость постоянного сопровождения внедрения обновленного содержания образования, оказания поддержки учителям, прежде всего, по новым подходам к организации процесса обучения и воспитания, а также по вопросам применения новой системы оценивания в связи с тем, что не всеми учителями критериальная система оценивания используется в полной мере (в некоторых случаях ставятся оценки в дневник ученика по старой системе оценивания, отсутствует обратная связь и др.).

Успешность внедрения обновленного содержания образования подтверждают данные диагностического тестирования обучающихся 30 пилотных и 16 контрольных школ. Диагностика классов проводилась «на входе» – в начале учебного года (третья неделя сентября) и «на выходе» – к концу учебного года (четвертая неделя апреля).

Во время тестирования оценивались знания и навыки учащихся по познанию мира и естествознанию, обучению грамоте, математике.

Общее количество участников тестирования «на входе» составило 5231 обучающийся, «на выходе» – 5077. В тестировании «на выходе» не принимали участие в контрольных школах – 81 учащийся, в пилотных школах – 73.

«На входе» средний балл учеников пилотных школ составил 112,6, что на 5,9 баллов ниже среднего балла обучающихся контрольных школ (118,5 балла).

«На выходе» средний балл обучающихся пилотных школ составил 137,7 баллов, что на 7,3 балла выше среднего балла обучающихся контрольных школ (130,4).

При этом учащиеся пилотных школ «на выходе» показали более значимый прогресс среднего балла (+24,8 балла), чем обучающиеся контрольных школ (+11,9 балла).

В разрезе «город/село» прогресс среднего балла в пилотных школах городской местности составил +25,3, сельской местности +22,6, т.е. с разницей в 2,7 балла.

Этот показатель в контрольных школах городской местности составил +13,6, сельской местности +6,9, т.е. с разницей в 6,7 балла.

Таким образом, в пилотных школах наблюдается значительное снижение дифференциации между сельскими и городскими школами.

Отмечено повышение минимального балла «на выходе» по сравнению с минимальным баллом «на входе»:

- с 64 до 105 (+41) в пилотных школах,
- с 81 до 96 (+15) в контрольных школах.

Одним из показателей результативности обучения является сокращение разницы между минимальными и максимальными баллами учащихся: чем меньше различия в результатах самого сильного и самого слабого учеников, тем более высокое качество образования, и наоборот. По результатам тестирования:

- в контрольных школах «на входе» разница составляла 61 балл, «на выходе» – 54 балла, т.е. сократилась на 7 баллов;
- в пилотных школах «на входе» разница составляла 78 баллов, «на выходе» – 45, т.е. сократилась на 33 балла.

В настоящее время усвоение и обобщение готовых знаний становится не целью, а одним из вспомогательных средств интеллектуального развития человека, а обучение умению самостоятельно добывать необходимую информацию, выделять проблемы и искать пути их решения, уметь критически анализировать получаемые знания и применять их для решения новых задач становятся результатом обновления содержания образования.

Таким образом, итоги мониторинга объективно свидетельствуют о положительной результативности учебных программ обновленного содержания и новых подходов к обучению и воспитанию. Внедрение ГОС НО в 2015-2016 учебном году в пилотном режиме позволило начать процесс апробации обновленного содержания образования и оценить качество образовательного процесса в новых условиях.

## **ТРЕНИНГ БАРЫСЫНДА ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ, ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

**М. Қожанұлы**

*ф.ғ.к., доцент, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы ұлттық қорғаныс университеті, Астана қ.*

**Аңдатпа.** Мақалада білім беру аясын жаңарту (оқытудың жаңа педагогикалық технологиялары) негізінде тренинг барысында топтық жұмысты ұйымдастыру мәселесін қарастырады. Сондай-ақ, автор тренинг барысында оқу-танымдық және тәрбиелік міндеттерді шешу мақсатында топтық жұмыстың оқу және оқыту процестеріндегі тиімділіктеріне тоқталады.

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы организации групповой работы в ходе тренинга на основе модернизации сферы образования (новые педагогические технологии обучения). В целях решения учебно-познавательных и воспитательных задач в процессе обучения автор также раскрывает эффективность групповой работы в ходе тренинга.

**Abstract.** The group work organization issues during training courses on the basis of education sphere modernization (new pedagogical technologies of training) are considered in this article. For the purpose of educational-cognitive and pedagogic decision making tasks in the process of training the author also discloses the effectiveness of group work during the training.

**Тірек сөздер:** білім алушы, тренинг, әдіс-тәсіл, топтық жұмыс, ынтымақтастық оқу, кейс, модератор (жетекші).

**Ключевые слова:** обучаемый, тренинг, метод-способ, групповая работа, кейс, модератор (учитель/ведущий).

**Key words:** trainee, training, method-way, group work, case, moderator (instructor/trainer).

Білім беру ісі – еліміздің одан әрі дамуының стратегиялық негізі. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның мейлінше дамыған әлем мемлекеттерінің 30-дығына кіруі» атты Дамушы нарықтардың Еуразиялық форумында жасаған баяндамасында: «Білім беру жүйесі тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды тәжірибеде қолдану үшін қажетті дағдыларды қалыптастырып, оқытудың қазіргі заманғы тәсілдерін тұрақты түрде енгізіп, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды белсенді пайдалануы тиіс» [1], - деп айтқандай, жоғары әскери оқу орындарының педагог-мамандары қоғамға қажетті әскери маманды оқытып-тәрбиелеуде дәстүрлі және инновациялық сабақ беру технологиясы негізінде білім беру ісін заман талабына сай жүргізуде.

Білім алушының<sup>1</sup> көп уақыты, іс-әрекеттері топта өтетінін ескерсек, онда кешегі – оқушы, бүгінгі – студенттердің (курсант, тыңдаушы) топтық оқу-танымдық жұмыстарын ұйымдастыруда өзара іскерлік қарым-қатынасы білім алушының (топтың) жеке тұлғалық, әлеуметтік, рухани-адамгершілік қасиеттері мен құндылықтарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарып қана қоймай, оларды ұжымшылдыққа тәрбиелеп, алға қойған оқу-тәрбиелік міндеттерді шешуге ықпал етеді.

Жалпы, отандық және шетелдік білім беру жүйесінде және қоғамның барлық салаларында топтық жұмысты ұйымдастыру тәсілі кеңінен қолданылады.

<sup>1</sup> Ескерту: бұл жерде әскери оқу орындарының тыңдаушылары (курсант) туралы сөз етіп отырмыз.

Тренинг барысында топтық жұмысты ұйымдастыруды сөз етпестен бұрын, тренинг, топтық жұмыс терминдеріне берілген анықтамаларға назар аударсақ.

Назарбаев университеті мамандарының басшылығымен жарық көрген «Педагогикалық шеберлік орталығы Кембридж университетінің білім беру факультетімен бірлесіп әзірлеген Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының деңгейлі бағдарламасына арналған глоссарийде» (бұдан әрі - Глоссарий): «Тренинг (train – оқыту, тәрбиелеу) – білім, білік, дағды және әлеуметтік мақсаттарды дамытуға бағытталған белсенді оқу әдісі. Егер жаңа ақпарат алуды ғана көздемей, мақсат алынған білімдерді тәжірибеде қолдану болған жағдайда тренинг айтарлықтай жиі өткізіледі» [2,36-6], - делінсе, ал Сөздікте: «Тренинг – кәсіби және тұлға аралық қарым-қатынас барысында іс-әрекет біліктілігін дамыту мақсатындағы интерактивті оқытудың түрі» [3, 331-6], - деп берілген. Ал топтық жұмыс Глоссарийде: «Топтық жұмыс – білім алушыларды оқу тапсырмасын бірлесіп орындау үшін бірнеше жұмыс топтарын (5-6 адамнан артық емес) құру арқылы ұйымдастыру нысаны. Бұл бірін де сырт қалдырмай барлық оқушыларға жұмысқа қатысып, ынтымақтастық, басқа адаммен қарым-қатынас жасау дағдыларын қолдануға мүмкіндік береді» [2,36-6], - делінген.

Тренингті өткізу барысында жиі қолданылатын: іскерлік ойын, рөлдік ойын, кейс (келісу не келіспеу), *топтық пікірі, ой-пікір талас/ойға шабуыл (мозговой шторм)*, бейнеталдау (видеоанализ), бағыт беруші не жетекші (модератор) әдістерімен қатар, тренинг дағдылары мақсатына қарай: психотерапевтік, әлеуметтік-психологиялық, бизнестік, өзгерту (жеке адамның ойлауына ықпал ету), рухани даму және сауықтыру-дамыту т.б. болып бөлінеді.

Біздіңше, жоғарыда аталған әдістер мен дағдылар оқыту процесінде жиі кездесетіндіктен, оларды педагогика

ғылымында белгілі үш негізгі әдістемелік блок аясында топтастырып айқындауға болады: а) пікірталас әдістері (топтық пікірталас), тәжірибедегі жағдаяттарды талқылау, құрастырылған жағдаяттарды талдау т.б.); ә) ойын әдістері: дидактикалық және іскерлік (басқарушылық) ойындары, рөлдік ойындар (ойындық психотерапия және с.с.); б) сенситивтік тренинг (тұлғааралық сезімталдықты жаттықтыру, перцептивті бағытталған тренинг) [3, 331-6].

Жоғарыдағы анықтама-терминдерді жинақтай келе, педагогтерге белгілі, топтық жұмыстың құрылымы мына бөліктерден тұрады:

а) жұмыс мақсаты: не үшін қолданылады және соңғы нәтиже қандай болу керек;

ә) жұмыс мазмұны: негізгі пәндік бағыттары;

б) жұмыс маңызы: әлеуметтік пайдалы бағыттылығы мен уәждері, жеке тұлғаның, ұжымның дамуындағы маңызы;

в) жұмысты ұйымдастыру: ұйымдастыру формасы, уақытты бөлу, жұмыстың бірізділігі, мерзімін белгілеу;

г) жұмыс технологиясы: тиімді тәсілді таңдау, талдау, нақтылы білім, білім дағдыларын меңгеруге қажетті құралдар;

д) жұмыс қарқындылығы: көлемі, тыңдаушының әскери дәрежесі мен оқу міндеттеріне сәйкестігі;

е) жұмысты бақылау: жеке дара сындарға көзқарасын білдіруі (не сипаттама), топтың қалыптасуының нәтижесі, білімнің меңгерілуі.

Топтық жұмыстың құрылымы барысында басқару (модератор) міндетті үш кезеңнен тұрады: жоспарлау, талқылау (орындалуы), қорытынды (топтық жұмысты бағалау).

Білім алушылар топтық жұмыста көздеген мақсатқа жетуі үшін берілген тақырыпта оқу-танымдық міндеттерді шешудің кейбір элементтерін пайдаланады: бірігіп еңбек ету және жолдастық өзара көмектесу, әріптестің жауабын толықтыру, әңгіме, пікірталастарда талқылау, шешімді топтасып іздеу, әріптестерінің шағын топтармен орындаған жұмыстарының



қорытындысын бағалау, бірлескен оқыту идеясы арқылы ұжымшылдыққа баулу және т.б.

Жоғарыдағы аталған элементтерді жинақтай келе, өзара іскерлік қарым-қатынас барысында топтық жұмыстың ұйымдастыруы мен дамуында төмендегі принциптерді басшылыққа алған жөн:

а) топтағы жұмыстың бағыты;

ә) топтағы жұмыстың дұрыс ұйымдастырылуы;

б) топ дайындығы (топтық жұмыстағы білім, білік, дағды, қабілеті, тәжірибесі);

в) топтың пәнге, тақырыпқа қызығушылығы;

г) жұмыс барысында топтың көңіл күйі (зейін қоюы, қабылдауы, эмоциялық, зияткерлік);

д) жұмыста әрбір топ мүшесінің үлесі.

Осы принциптер топтық (*курсант пен педагог - S1-T*), шағын топтық (*курсант пен курсант - S1-S2-S3*), жұптық жұмыстар (*курсант пен курсант және курсант пен педагог - S1-S2,S1,S2-T*) аясында білім алушыларды ұйымдастыру арқылы өздерінің ұжымға тікелей қатысын, яғни топ мүшелері топтық жұмысы барысында «бірлесе көтерген жүктің жеңіл» екендігін сезінеді.

Тренинг барысында топтық жұмысқа бағыт беруші не жетекші (*модератор*) арқылы және топ мүшелері өз тәжірибелеріне сүйеніп, қолданылатын әдістер мен тәсілдерді қатар өрбітіп отырады.

*Топтық жұмысты ұйымдастырудағы жетекшінің (модератор) рөлі:*

- тыңдаушылардың бір-бірімен пікір алмасуына жағдай жасау;

- тыңдаушылар бір-бірімен еркін қатынасқа түсетіндей, өзіне жаңа ақпарат алуына мүмкіндік беретін жұмыс түрлерін ұсыну (көп жағдайларда, жұмыстың бастапқы кезеңінде топ мүшелері арасында өзара қарым-қатынасқа түсе алмау, үндемей отыру сияқты қиындықтар туындамау үшін);

- топтың әр мүшесінің өз ойын айтып, іс-әрекетке енуіне жағдай туғызып, болып жатқан іс-әрекетті бақылап бағдарлау;

- бір жақты ой-пікірге, сондай-ақ, барлық пікір дұрыс деген жалаң ойдың жетегінде кетпеу;

- топ мүшелерін ынталандыру, жұмыстарының жетпей жатқан тұстарын толықтыруға бағдар беру, тың мәліметтер беру;

- топтық, жұптық және шағын топтар жұмысының шығар биігін болжап, тиімді ой айту, ой-болжам жасау;

- топтың бірлескен жұмысын қамтамасыз ету үшін бастапқы кезеңдерінде барынша қолдау көрсету;

- топтың әр мүшесінің жұмыс жасауына жағдай жасап, әр тыңдаушының өз деңгейіне сай өзіндік білім көтеруіне мүмкіндік жасау. Топ арасындағы түрлі жағымсыз әрекеттерді, кедергілерді болдырмау, тіпті болған жағдайда оны оңтайлы шешу;

- топта тыңдаушылар үшін тиімді атмосфералық ахуал қалыптастыру, эмоциялық қолдау көрсету;

- топ мүшелері арасында «жетекшінің пікірін қабылдау міндетті» деген ойдан және орынсыз міндеттерден аулақ болу;

- өзара қарапайымдылық, сыйластық, ізеттілік қарым-қатынас – топтық жұмыстың нәтижесі;

- тапсырманы орындағаннан кейін оны талқылауға уақыт беру, топтың тиімді жұмысына қолдау көрсетіп, оңтайлы нәтижелерге қол жеткізуге ықпал ету;

- тыңдаушылардың жұмысына сыпайы түрде араласу, тыңдаушыларға ұсынылатын әдістерді модульдеуге көмектесу;

- сабақ аяқталған соң білім алушылар топтағы жұмыс үдерісін және оның нәтижелері туралы ойлануына ой-пікір тастау: пікірталас, дебат, дискуссия;

- топтың сергіту сәтін назарда ұстау: ой тыныштығын, тыныштық сәтін дұрыс пайдалану.

*Топтық жұмыс тәртібін ұйымдастыру*

Топтық жұмыс оқытудың қандай тәсіліне құрылғанына қарамастан, бір-бірімен жұмыс істеу сипатына, дағдысы мен біліміне, қабілетіне және тәжірибесіне қарай мынадай элементтерден тұруы мүмкін:

- кезекпен сөйлеу;

- бір-бірін мұқият тыңдау;
- пікірталаста өзгенің көзқарасын түсіну үшін сұрақ қою не қоймау;
- өз ойын білдіре отырып, пікірге қосылатынын немесе қосылмайтынын анықтау;
- келіспеген жағдайда өзгенің ойын мұқият тыңдау, әр пікірге құлақ асу;
- айтылған пікірді жеке дара немесе ұжымдап талқылау;
- көмектесу және көмек көрсете білу;
- рөлдерді белгілеу;
- уақытты үнемді пайдалана білу (жұмысты белгіленген уақытта бастап, белгіленген уақытта аяқтау);
- топпен ортақ бір пікірге келу;
- пікірталастың, әңгіменің қорытындысын жасау.

*Жұмыс барысында топ мүшесінің сөйлеу этикасы*

- өз ойын еркін, сыпайы жеткізу;
- ортақ іске өз үлесін қосу;
- топпен бірге бір шешімге келу;
- өзгенің ой-пікірімен санасу;
- ойын жеткізуде сабыр сақтау, т.б.

Жұмыс барысында топ мүшелері немесе модератор (жетекші) арасында болатын сұрақ түрлері.

Топтық жұмыс оқытудың қандай тәсіліне құрылғанына қарамастан, бір-бірімен жұмыс істеу сипатына, дағдысы мен біліміне, қабілетіне және тәжірибесіне қарай сұрақтар мынадай элементтерден тұрады:

- қарапайым сұрақтар: тақырып аясында болған жайттарға жауап беру;
- анықтаушы сұрақ: тақырып аясында анықтау мақсатында берілген сұраққа сыпайы түрде жауап беру;
- интерпретациялық (түсіндіруші) сұрақ: тақырып не қосымша және тың мағлұматтар аясында түсіндіруді қажет ететін сұрақтар, егер сұрақ жауабы топқа түсінікті болса, ол сұрақ жай сұраққа айналады;
- шығармашылық сұрақ: тақырып не қосымша материалдар аясында «егер», «болса», «қалай болар еді» т.б. деген сияқты сөздер арқылы топ мүшелерінің шығармашылық қабілетін дамыту;

- бағалау сұрағы: топтық (*курсант пен педагог- S1-T*), шағын топтық (*курсант пен курсант- S1-S2-S3*), жұптық жұмыстар (*курсант пен курсант және курсант пен педагог- S1-S2,S1,S2-T*) аясында қойылатын бағалау критерийлерін түсіндіруге бағыттау;

- тәжірибелік сұрақтар: тақырып аясында теория мен практиканы ұштастыру мәнінде қойылатын сұрақтар тобы.

Бұл сұрақтар дәстүрлі және білім беру аясын жаңарту (оқытудың жаңа педагогикалық технологиялары) сабақ беру аясында үнемі қойылып отырады.

*Топтық жұмыс не үшін қажет?*

Жоғарыда топтық жұмысқа берілген анықтамада көрсетілгендей, топтық жұмыста: біріншіден, бірлесіп оқу мақсатына жету; екіншіден, топ мүшелері арасында әлеуметтік өзара қарым-қатынасты дамыту арқылы жоспарланған жұмысты мақсатты түрде жүргізуде әңгімелесу мен өзара сөйлесу (сұхбаттасу), талқылау т.б. жағдай туғызу арқылы топтар арасындағы жұмыстың жандануына және бірлесіп еңбек етуге ықпал ету.

Педагогикалық әдебиеттерде топтық жұмыс ХХ ғасырдың 80-90-жылдарында корпоратив (бірлесе) оқыту әдісі, ал ХХІ ғасырдағы жаңаша атауы – ынтымақтастық оқу әдісі арқылы жүргізілуде.

Осы жерде ынтымақтастық оқу туралы Глоссарийде: «Ынтымақтастық оқу – бұл тәсілдің аясында оқыту білім берушілер мен білім алушылар арасындағы тығыз қарым-қатынас негізінде ұйымдастырылып, оқыту үдерісіне қатысушы әрбір жеке тұлғаның жеке үлесі мен қабілеті мойындалады. Үдеріске қатысушылар ақпаратты бірлесіп отырып белсенді іздеу, талқылау, талдау және жинақтау арқылы жаңа білім алады. Жұмыс тиімді болу үшін ынтымақтастық оқу жағдайында өкілеттік пен жауапкершілік топ мүшелері арасында бөлінеді. Ынтымақтастық оқудың алғышарты топ мүшелерінің бірлесіп әрекет етуі арқылы ымыраға, пәтуаға жетуге негізделген» [3,40], - деп жазғандай, бірлесіп әрекет ету, яғни бірлесіп оқу арқылы ортақ нәтижеге жетуге болады.

*Бірлескен/ынтымақтастық оқытудың мәні және негізгі белгілері*

Ынтымақтастық/бірлескен оқытудың мәні деп, оқу және оқыту тәсілі, тапсырмаларды орындау немесе бір-бірімен бірлесіп оқуды жүзеге асырушы тобы десек, ал белгілері деп, ең алдымен, білім алушылар (топтар) топтық жұмыс құрылымы барысында туындайтын сөйлеу этикасына тән мынадай жағдайлар: сыпайылық, бірінің сөзін бірін тыңдау немесе тыңдамау, қатты дауыс көтеру, өзімшілдік, шыдамсыздық, жөнсіз күлкі, сабыр сақтау (сақтамау), *үзілді-кесілді пікір айту немесе пікірге келіспеу, сөзге келу, селқостық, дәрекілік* т.б. бірге, бірлескен/ынтымақтастық оқу немесе тренинг барысында: үйрену, білім беру, тәрбиелеу, дамыту, машықтандыру және жаттықтыру, жинақтау ұғымдары сәйкестігін анықтау арқылы жаңа білім дағдысын меңгерту, адамның мінез-құлқы мен басқару қызметі моделіне әсер ету т.б.

Бірлескен/ынтымақтастық оқу барысында осы белгілерді бастан өткізген әрбір білім алушы топтық жұмыста: біріншіден, дәріс, практикалық (зертханалық), семинар сабақтарда тыңдаушылар (курсанттар) өздері игерген мәліметті бұған дейін меңгерген білімдерімен байланыстырып, салыстырып жайбарақат қалмайды, яғни олар аудиторияда қозғалыс күйінде болады, екіншіден, тыңдаушылардың (курсанттар) белсенділігін, ойлау қабілетін арттырып, олардың шығармашылық ішкі мүмкіндігін дамытуды көздейді, үшіншіден, жеке тұлғаның құндылықтарын ашуға, өзін-өзі және басқаларды толық тануға әсер етеді, төртіншіден, тыңдаушылар (курсанттар) тек тыңдаушы немесе орындаушы ғана емес, сол тақырыптың өту процесіне белсенді қатысушы; бесіншіден, ынтымақтастық оқу барысында білім алушылар өзара қарым-қатынасқа түсіп, өз пікірлерін айтуға және оны қорғауға мүмкіндік алады. Бір сөзбен айтқанда, Тренинг барысында топтық жұмысты ұйымдастыру оқу материалын қысқа, орта және ұзақ мерзімді жоспар арқылы білім беру немесе оқытуды тар және кең көлем шеңберінде шешуде

әрекеттегі мәселені талдау, білім және құндылықтарды жүйелі меңгеру үрдісіне негіздеу болып табылады.

*Топтық жұмыстың тиімділігі*

Оқу материалы білім алушыға түсінікті және ыңғайлы болуы керек, сонда ғана оң нәтиже беріп, тыңдаушының тұлға ретінде жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Топтық жұмыстың тиімділігін арттыру үшін ең алдымен, тақырыпқа сәйкес, білім дәрежесіне қарай біркелкі не әркелкі тыңдаушыларды (курсанттар) топқа бөліп, сабақ құрылымын төмендегіше (оқытушының шеберлігіне байланысты) құруға болады: 1-ден, білім алушы тақырыпқа сай қажетті ақпараттарды жинақтау және игеру; 2-ден, жинақталған ақпараттар, пікірлер негізінде қорытынды жасау және ұсыныс енгізу; 3-ден, ғылыми негіздегі материалды топтық ортаға бейімдеу немесе білім алушылардың көзқарастарымен ұштастыру; 4-ден, оқу процесінде әлеуметтік ортаның қалыптасуына жағдай жасау; 5-ден, сабақ процесінде тақырыпты жинақтап, бағалау арқылы білім алушының ой-пайымдауын, көзқарасын қалыптастыру.

Осыларды басшылыққа ала отырып, әскери оқу орындарының оқу процесінде топтық жұмысты ұйымдастыруда және оның тиімділігін арттыруда білім алушылардың (тыңдаушылар) білімі мен дағдысы, қабілетін қалыптастырып дамытуда, оқу-танымдық мәні – кешенді түрде жүргізілген жұмыстардың нәтижесі - оқытушының шеберлігі мен сауаттылығына тікелей байланысты екені сөзсіз.

Оқу процесінде топ мүшелеріне топтық жұмысты дұрыс ұйымдастырып қана қоймай, қосымша материалдар туралы тың мағлұмат беру арқылы айналасындағы адамдарымен толық ынтымақтастық қарым-қатынасты орнатқан жағдайда ғана топтық жұмыстың міндеттері шешіледі.

Қорыта келгенде, зерттеуші Г.С. Исаева: «Адам қандай да бір ортаның өкілі бола отырып, әрбір тірі организм сияқты о бастан өзге адамдардың сипатымен қоса танымдық қабілеті

де бірдей болып келеді. Адамдар бір-бірінен тек кейбір үстіртін сипаттарымен ерекшеленеді» [4, 53], - деген пікірін негізге ала отырып, жоғарыдағы аталған

талаптарды толық орындаған да ғана топ жетекшісі (модератор) өзінің алға қойған мақсатына жетеді.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстанның мейлінше дамыған әлем мемлекеттерінің 30-дығына кіруі» атты Дамушы нарықтардың Еуразиялық форумында жасаған баяндамасы [http://www.akorda.kz/kz/speeches/internal\\_political](http://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political)

[\\_affairs/in\\_speeches\\_and\\_addresses/memleket-basshysy-ne-nazarbaevty-n-kazakstannyn-meilinshe-damygan-elem-memleketterinin-30-dygyna-kirui-atty-damushy-naryktardyn-euraziyalyk-f](#), 2013 ж. 11 қыркүйек.

2. Педагогикалық шеберлік орталығы Кембридж университетінің білім беру факультетімен бірлесіп әзірлеген Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының деңгейлі бағдарламасына арналған глоссарий. Оқу-әдістемелік құрал. - Астана, 2012.-164 б.

3. Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөздік //Бас редактор Ж.Қ. Түймебаев. Ред. алқасы: А.Е. Әбілқасымова, И.Б. Бекбоев т.б.-Алматы, 2009.- 400 б.

4. Исаева Г.С. Қазақ тіліндегі «Ақылдылық-ақымақтық» концептілерінің лингвоаксиологиялық сипаты // «Білім» ғылыми-педагогикалық журнал. 2013. № 3. - 53-58-бет.

## **ОНЛАЙН-ПЛАТФОРМА КАК ИНСТРУМЕНТ ДЛЯ ПРОВЕДЕНИЯ КАЧЕСТВЕННОГО МОНИТОРИНГА АПРОБАЦИИ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

**А.М. Бейсебекова, М.Ж. Жусупов**

*Национальная академия образования имени И.Алтынсарина, г. Астана*

---

**Аңдатпа.** Мақалада жаңартылған білім мазмұнының апробация мониторингісінің процедурасы, онлайн-платформадағы іске асырылған қызметі, технологиялық карталардың қорытындысы бойынша есеп формасы сипатталған.

**Аннотация.** В статье описаны процедуры мониторинга апробации обновленного содержания образования, функционал, реализованный в онлайн-платформе, и формы отчетов по сводным технологическим картам.

**Abstract.** This article describes the education renewed content approbation monitoring procedures, the functionality implemented in the online-platform, and summary technological charts' report forms.

**Тірек сөздер:** онлайн-платформа, мәліметтер базасы, апробация мониторингі, жаңартылған білім мазмұны, технологиялық карталар.

**Ключевые слова:** онлайн-платформа, база данных, мониторинг апробации, обновленное содержание образования, технологические карты.

**Key words:** online-platform, database, monitoring of the approbation, education renewed content, technological charts.

---

В целях интеграции в мировое образовательное пространство Республика Казахстан выбрала стратегический курс ориентации национальной системы образования на стандарты мировой образовательной практики с учетом сохранения лучших традиций и стандартов отечественного образования. В связи с этим Министерство образования и науки Республики Казахстан начало реализацию комплекса мероприятий, направленных на обновление содержания среднего образования.

Обновление содержания образования – это пересмотр структуры и содержания образовательной программы, подходов и методов обучения и воспитания. Результатами внедрения обновленного содержания образования должно стать создание образовательной среды, благоприятной для гармоничного становления и интеллектуального развития

личности, сочетающей в себе национальные и общечеловеческие ценности, умеющей проявлять функциональную грамотность и конкурентоспособность в любой жизненной ситуации.

В 2015-16 учебном году началась апробация обновленного содержания образования в 30 пилотных школах республики, а в 2016-17 учебном году – внедрение в общеобразовательные школы страны.

Апробация обновленного содержания образования сопровождается мониторингом данного процесса, так как последующее внедрение в общеобразовательные школы должно осуществляться на основе предварительных исследовательских работ для определения эффективности нововведений.

Мониторинг процесса апробации позволяет выявить влияние рисков на успешность и эффективность внедрения



обновленного содержания среднего образования.

### **Этапы и процедуры мониторинга**

Предварительный этап: сбор и анализ статистических показателей, диагностическое тестирование обучающихся.

Заместители директоров заполняют ТК 1.1А и 1.1Б

Национальная академия образования им. И.Алтынсарина обрабатывает статистические данные 30 пилотных и 15 контрольных школ, а также совместно с АОО "НИШ" организует диагностическое тестирование (на входе) обучающихся 1-х классов пилотных и контрольных школ, которое проводится для определения уровня их готовности к обучению в школе в соответствии с ожидаемыми результатами образовательной программы дошколы.

1-й этап: Сбор и первичная обработка исходных данных.

Сбор первоначальных данных (заполнение ТК и онлайн-анкетирование) проводится с целью получения обратной связи от учителей, обучающихся, администрации и родителей об учебных программах, учебных планах, руководствах и методических рекомендациях по оцениванию, УМК.

2-й этап: Анализ первоначальных данных.

Анализ первоначальных данных проводится на основе обработки информации из ТК и результатов анкетирования для выработки предварительных рекомендаций о внесении необходимых изменений в учебные программы и учебные планы, УМК, руководство и методические рекомендации по оцениванию.

Анализ первоначальных данных осуществляют сотрудники НАО им. И.Алтынсарина совместно с АОО "НИШ" и составляют перечень проблем, возникающих у учителей при использовании учебных программ и планов по предметам, руководства и методических рекомендаций по оцениванию, УМК.

3-й этап: Визиты в школы.

Визиты в школы проводятся с целью изучения проблем, выявленных на этапе анализа первоначальных данных, оказания методической поддержки школам в период апробации и не носят контролирующих функций. Во время визитов изучаются мнения учителей, обучающихся, родителей и администрации школ о качестве учебных программ и планов, УМК руководства и методических рекомендаций по оцениванию, определяется уровень поддержки учителей со стороны администрации школы в процессе апробации.

4-й этап: Корректировка и анализ статистических показателей, диагностическое тестирование на выходе.

А. Корректировка статистических показателей.

Б. Диагностическое тестирование обучающихся на выходе

Диагностическое тестирование (на выходе) направлено на измерение прогресса в развитии обучающихся 1-го класса в обучении по новой образовательной программе.

По результатам тестирования проводится сравнительный анализ уровня развития обучающихся пилотных и контрольных школ на основе данных тестирования на входе и на выходе.

5-й этап: Выводы и рекомендации по внесению изменений в учебные программы, методические рекомендации по оцениванию, УМК.

НАО им. И.Алтынсарина проводит анализ результатов, а также модерацию собранных данных, консультации с тренерами учителей, разработчиками программ, системы оценивания, авторами учебников, готовит заключения на основе обобщения выводов, разрабатывает рекомендации, предлагает необходимые меры по улучшению учебных программ, планов, методических рекомендаций по оцениванию, УМК.

6-й этап: Утверждение изменений.

Выводы и рекомендации по внесению изменений предоставляются

## ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

Координационному совету МОН РК для принятия решений по утверждению внесенных изменений.

Рабочие группы НАО и АОО вносят утвержденные изменения.

Окончательные версии документов со всеми внесенными изменениями утверждаются МОН РК и доводятся до сведения всех заинтересованных сторон.

### Описание реализованного функционала

1. Создание и актуализация базы данных по учителям и обучающимся (ТК 1.1А и 1.1Б).

Роли: Заместитель директора, курирующий апробацию  
*Сценарий №1.*

Перед каждым началом учебного года заместитель директора должен получить актуальную информацию по учителям и обучающимся школы для создания личных

карточек в системе.

После получения актуального списка учителей, заместитель директора создает единую базу учета учителей.

Личная карточка учителя должна обновляться по мере прохождения повышения квалификации.

Доступ к данным обеспечен заместителю директора, директору школы, методистам ГорОО/ОблУО, сотрудникам НАО и АОО.

*Личная карточка обучающегося*

После получения актуального списка обучающихся, заместитель директора создает единую базу учета обучающихся.

Личная карточка обучающегося обновляется в следующих областях:

1. Медицинская карта.
2. Посещение кружков.
3. Успеваемость по учебе.

Доступ к данным разрешен заместителю директора, директору школы, методистам ГорОО/ОблУО, сотрудникам НАО им. И.Алтынсарина и АОО «НИШ».



Рисунок 1. Создание базы данных по учителям и обучающимся

1) Актуализация базы данных (рисунок 2):

– Личная карточка учителя.

Источником актуализации личной карточки учителя является прохождение повышения квалификации. Эти данные обновляются не более раз в год.

Данные о прохождении повышения квалификации передаются заместителю директора. Заместитель директора

вручную вносит данные в личную карточку учителя.

– Личная карточка обучающегося.

Источником актуализации личных карточек ученика являются:

- состояние здоровья ученика (ТК5) (заполняется заместителем директора в начале учебного года (до 15 сентября) и в конце третьей четверти (не позднее 20 марта);

- раздел «Успеваемость по итогам учебного года» в личной карточке обучающегося передается итоговый результат достигнутых целей обучения, который автоматически должен

суммироваться из имеющихся данных в электронном журнале.

Источники данных автоматически генерируют личную карточку ученика по мере ее заполняемости.




Рисунок 2. Актуализация БД по учителям и обучающимся

2. Процесс заполнения технологических карт мониторинга апробации обновленного содержания образования в 30 пилотных школах.

Сценарий № 2.

Технологические карты (ТК) предназначены для сбора исходных данных (СИД). ТК должны быть заполнены учителем и заместителем директора согласно указанным срокам в соответствии с таблицей 1.

1. **Роли:** Учитель, сотрудники АОО и НАО.

Таблица 1. Технологические карты мониторинга

№	Технологические карты	ТК СИД	Исполнители	Сроки	
1	База данных по учителям и учащимся (ТК1)	1.1А 1.1Б	заместитель директора	в начале учебного года (до 15 сентября) и в конце третьей четверти (не позднее 20 марта)	
2	учебные программы и планы (ТК 2)				
	2.1	цели обучения, которые вызвали трудности у учителей	2.1	учитель	в конце каждой четверти
	2.2	общая оценка учебных программ	2.2		в конце третьей четверти
3	система критериального оценивания (ТК 3)				
	3.1	соответствие критериев успеха целям обучения	3.1	учитель	в конце каждой четверти

## ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

образовательный процесс (ТК 4)					
4	4.1	результаты обсуждения проблем	4.1	заместитель директора	в конце каждой четверти (по итогам обсуждения)
состояние здоровья обучающихся (ТК 5)					
5	5.1	состояние здоровья обучающихся	5.1	заместитель директора	в начале учебного года (до 15 сентября) и в конце третьей четверти (не позднее 20 марта)

Для заполнения технологических карт учитель должен войти в систему под своим логином с использованием личного пароля. Далее в реестре учитель выбирает предмет, язык обучения, и

система открывает форму, в которой также отображается ИИН пользователя.

По окончании четверти учитель сохраняет заполненные данные в форме и завершает работу.

### Отчетность. Сводные технологические карты (СТК) СТК 1.1А – Сведения об учащихся (БД обучающихся) Контингент учащихся 1-х классов в пилотных школах

наименование школы	всего уч-ся	казахский язык обучения			русский язык обучения			уйгурский язык обучения		
		город	село	МКШ	город	село	МКШ	город	село	МКШ
итого:										

### СТК 1.1Б – Сведения об учителях (БД учителей) СТК 1.1Б.1 – Сведения об учителях начальных классов (по социальному статусу школ)

наименование школы	всего учителей нач.классов	казахский язык обучения			русский язык обучения			уйгурский язык обучения		
		город	село	МКШ	город	село	МКШ	город	село	МКШ
итого:										

### СТК 1.1Б.2 – Сведения об учителях начальных классов (по квалификационным категориям)

наименование школы	всего учителей нач. классов	казахский язык обучения			русский язык обучения			уйгурский язык обучения		
		высшая категория	I категория	II категория	высшая категория	I категория	II категория	высшая категория	I категория	II категория
итого:										

СТК 1.1Б.3 – Сведения об учителях начальных классов (по повышению квалификации)

наименование школы	всего учителей нач. классов	казахский язык обучения			русский язык обучения			уйгурский язык обучения		
		уровневые курсы НИШ	курсы «Өрлеу»	другие курсы	уровневые курсы НИШ	курсы «Өрлеу»	другие курсы	уровневые курсы НИШ	курсы «Өрлеу»	другие курсы
итоги:										

СТК 2 - Учебные программы

СТК 2.1 – Цели обучения, которые вызвали трудности у учителей

Наименование предмета: _____																	
проблемы	1 четверть				2 четверть				3 четверть				4 четверть				
	всего ЦО	вызвали трудности			всего ЦО	вызвали трудности			всего ЦО	вызвали трудности			всего ЦО	вызвали трудности			
		число	доля	коды ЦО		число	доля	коды ЦО		число	доля	коды ЦО		число	доля	коды ЦО	
неясная формулировка																	
неизмеримы																	
не соответствуют возрастным особенностям детей																	
не хватает ресурсов для реализации																	

СТК 2.7 – Общая оценка учебных программ

Наименование предмета _____										
Критерии оценки учебных программ	всего учителей	из них, ответивших «Да»	в том числе имеют							
			высшую категорию		первую категорию		вторую категорию			
			число	доля	число	доля	число	доля		число
Программа понятна и не сложна для меня										



## ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

Программой удобно пользоваться										
Темы выстроены логично и последовательно										
Темы взаимосвязаны между собой										

### ТК 3. Система критериального оценивания

#### ТК 3.1 – Соответствие критериев успеха целям обучения

Наименование предмета _____													
Код ЦО	всего	учителя, отметившие несоответствие критериев успеха ЦО											
		из них:											
		с высшей категорией		с первой категорией		со второй категорией		город		село		МКШ	
		число	доля	число	доля	число	доля	число	доля	число	доля	число	доля
1 четверть													
2 четверть													
3 четверть													
4 четверть													

### ТК4. Образовательный процесс

#### ТК 4.1 – Результаты обсуждения проблем

Не требует формы отчета

ТК 5. Состояние здоровья обучающихся

ТК 5.1 – Состояние здоровья обучающихся

Полное наименование школы	учащиеся															
	всего	из них, имеющие														
		хронические заболевания				положительную динамику в				удовлетворительное состояние («УД») зрения				удовлетворительное состояние («УД») осанки		
		на начало учебного года		на конец учебного года		росте		весе		на начало учебного года		на конец учебного года		на начало учебного года		на конец учебного года
число	доля	число	доля	число	доля	число	доля	число	доля	число	доля	число	доля	число	доля	
<b>Итого:</b>																

ТК 5.2 – Состояние здоровья обучающихся (по пропускам занятий)

Полное наименование школы	учащиеся																	
	всего	из них пропустившие по болезни (% от общего количества учебных дней)																
		до 10%		от 11 до 20%		от 21 до 30%		от 31 до 40%		от 41 до 50%		от 51 до 60%		от 61 до 70%		от 71 до 80%		свыше 80%
число	доля	число	доля	число	доля	число	доля	число	доля	число	доля	число	доля	число	доля	число	доля	
<b>Итого:</b>																		

**Список литературы:**

1. Методология мониторинга апробации Государственного общеобязательного стандарта начального образования, 2015г. – 105с.
2. Постановления Правительства РК «Об утверждении Правил осуществления образовательного мониторинга» (№ 536 от 27 апреля 2012 г.).
3. Приказ МОН РК «Об утверждении критериев оценки организаций образования» №124 от 2.02.2016 г.
4. Приказ МОН РК «О пилотном внедрении обновленного содержания образования» №455 от 06.11.2014 г.
5. Приказ МОН РК «Об утверждении Положения об апробации» №452 от 04.11.2014 г.
6. Приказ МОН РК «О создании Координационного совета для оказания консультативной поддержки педагогам 30 пилотных школ, внедряющих учебные программы начальной школы» №411 от 10.10.2014г.
7. Бизнес-анализ «Онлайн-платформа мониторинга апробации обновленного содержания образования», 2015г. – 163с.

## **ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ИНТЕРНЕТ САБАҚТАР НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ**

**Б.Б. Окенова**

*екі шет тілі мамандығының магистранты,  
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.*

---

**Аңдатпа.** Мақалада шет тілін оқыту үдерісінде жаңашыл технологияларды пайдаланып, оқушылардың жазылым дағдысын дамытудың тиімді жолдары қарастырылады.

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы обучения учащихся иностранному языку, выработка навыков грамотного письма и поиска наиболее оптимальных путей этого с использованием новейших технологий.

**Abstract.** The teaching a foreign language issues, the literacy skills development and searching its' best ways using the latest technology are considered in the article.

**Тірек сөздер:** шет тілдік жазылым дағдысы, инновациялық тәсіл, Интернет мүмкіндігі, жазылым әрекетіне үйретуге бағытталған жаттығулар жүйесі.

**Ключевые слова:** навыки письма иностранного языка, инновационный метод, возможности Интернета, система упражнений направленных на развитие навыков письма.

**Keywords:** writing skills in a foreign language, an innovative method, Internet opportunities, a system of exercises designed to develop writing skills.

---

Қазіргі таңда мемлекеттер арасында тығыз жүріп жатқан экономикалық, саяси және мәдени байланыстар, білім беру саласындағы мемлекетаралық ықпалдастық шет тілінің, оның ішінде ағылшын тілінің мәртебесін көтеруге себеп болып отыр. Еліміздің барлық оқу орындарында шет тілдік білім беру деңгейіне қойылатын талаптар да күшейді.

Тіл үйренушінің ағылшын тілінде таза сөйлеп қана қоймай, әрі сауатты дұрыс жаза білуі міндетті. Осы тұстан алып қарағанда, шет тілі сабағын оқыту үдерісінде оқушылардың жазылым дағдыларын қалыптастыру және дамыту мәселесі үлкен мәнге ие. Мектеп жағдайында оқушылардың шет тілінде жазылым дағдысын қалыптастыруға арналған зерттеу еңбектерінде көрсетілгендей, жалпы жазу үрдісі екі аспектіні қамтиды: жазу техникасына үйрету және жазылым дағдысын немесе құзыретін қалыптастыру.

Г.В. Рогованың тұжырымы бойынша мектеп оқушылары бойында жазылым дағдысын дамытуға үйрету үрдісі үш компонентті құрайды: лингвистикалық, психологиялық және әдістемелік [1].

Лингвистикалық компоненттің мазмұны оқушылардың белсенді лексикалық, грамматикалық және фонетикалық материалдарды; тілдің графикалық жүйесін; түрлі қағидаларға (тарихи, грамматикалық, дыбыстық) сүйенетін орфография ережелерін; хаттың арнайы белгілерін; жазу тіліне тән арнайы формулаларды білуден тұрады.

Жаза білу және жазу дағдылары; жаз-баша өз пікірін жеткізе білу қабілеті; сөйлеудің өзге түрлері мен формаларымен өзара байланыс сипаты; оқушылардың қызығушылығы мен уәждерін есепке алу психологиялық компоненттің мазмұнын құрайды.

Ал, әдістемелік компоненттің мазмұны жазылым әрекетін жетілдіруге арналған өзіндік жұмыстарды орындау дағдылары; дұрыс жазу ережесін сақтау дағдылары; түрлі орфографиялық анықтамаларды пайдалана білу дағдыларынан тұрады [1].

Аталған компоненттердің мазмұнын талдай келе, оқушылардың шет тілдік жазылым дағдыларын дамыту үшін оларға тілдің негізгі ережелерін меңгерумен қатар, оларды шет тілінде өзінің және өзгенің пікірін жеткізуге қолдана білу, сонымен қатар өз бетімен жазбаша жұмыстарды орындауда түрлі тіректерді қолдана білу қажет деген тұжырым жасауға болады.

Шет тілінде оқушылардың жазылым дағдысын дамытуға бағытталған көптеген әдістемелік және ғылыми еңбектерді қарастыру барысында, біздің ой түйгеніміз ол – шет тілінде оқушылардың жаза білу дағдысын меңгеру үшін ең алдымен оқушылар жазу техникасын меңгеруі қажет екендігі. Жазу техникасы өз кезегінде графика, каллиграфия және орфографияны қамтитыны белгілі.

Оқушыларды графикаға үйрету дегеніміз оқушылардың дыбыстық әріптік сәйкестікті меңгеруі, сонымен қатар әр топтың функциональдық варианттар арасындағы байланысты орнатуы [2].

Н.И. Гездің пікірі бойынша, графика саласындағы негізгі қиындықтың бірі, шет тілінде айтылу барысында мүлде басқа дыбыстар беретін, бірақ жазу барысында ана тіліндегідей бірдей әріптердің болуы. Осыған байланысты оқушылар жаңылысып, үлкен қателер жіберіп жатады [3].

Графикаға үйрету каллиграфиямен тікелей байланысты, себебі оған үйрету барысында мұғалім әріпті қалай дұрыс жазу қажеттігін үйретеді. Ағылшын тілінде жазу техникасын үйрету барысындағы кездесетін қиындықтың ең үлкені орфография болып табылады. Себебі, сөздің дыбыстық және графикалық нұсқасы арасындағы алшақтық әсіресе ағылшын тілінде кездеседі [4].

Ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың жазылым дағдысын қалыптастыруға бағытталған түрлі инновациялық тәсілдер мен оқыту әдістерін қолдануға болатындығы белгілі. Оқушылардың жазылым дағдысын қалыптастыруға бағытталған жаттығуларды жасау, оларды сұрыптап, жіктеу мәселесімен көптеген әдіскерлер айналысқан. Көптеген әдіскер ғалымдар осы тақырыпқа түрлі ой-пікірлер білдіріп, оқушылардың жазылым дағдысын қалыптастыруға бағытталған жаттығуларды жіктеп, мысалдар келтірген (1-кесте).

1-кесте. Шет тілдік жазылым дағдысын қалыптастыруға арналған жаттығулар жіктемесі

Автор	Жаттығулар жіктемесі	Мысалдар
Е.И. Пассов	Жазу техникасын үйретуге бағытталған жаттығулар	- сөйлемдерді көшіріп жазыңыз; - сөздегі бос орынға әріптерді қойыңыз
	Жазылым әрекетіне үйретуге бағытталған жаттығулар	- әңгіменің жоспарын жасаңыз
	Арнайы (жазылым дағдысын дамытуға бағытталған)	- досыңыздың сырт келбетін сипаттаңыз
	Арнайы емес (жазба түрінде өзге де тілдік аспектілерді дамытуға бағытталған)	- сұраққа жазбаша жауап беріңіз
Н.Д.Гальскова	Репродуктивті жаттығулар (үлгіге қарап отырып мәтін жазу)	- алынған хатқа үлгі ретінде қарап отырып, жауап беріңіз
	репродуктивті-өнімді жаттығулар (вербальды және вербальды-бейнелеу тіректерін пайдалана отырып жазбаша түрде өз ойын білдіру)	- ұсынылған сөйлем басына қарап, хат жазыңыз; - формуляр толтырыңыз
	Продуктивті (өнімді) жаттығулар (тікелей тірек сөздерсіз жазбаша өз ойын білдіру)	- досыңызға хат жазыңыз және өз хоббиыңыз жайлы айтыңыз

Н.И. Гез	Дайындық жаттығулары	<ul style="list-style-type: none"> <li>- сөйлемдерді басқа сөзбен айтыңыз;</li> <li>- мәтіндегі қатені тауып және оны түзетіңіз;</li> <li>- сөйлемдердегі жекеленген бөліктерді біріктіріңіз</li> </ul>
	Сөйлеу жаттығулары	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жоспарға сүйене отырып мәтін мазмұнын болжаңыз;</li> <li>- монологты диалогқа айналдырыңыз;</li> <li>- суретті сипаттаңыз</li> </ul>
Е.А. Маслоко	Хат жазуға үйретуге арналған жаттығулар	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жоспар бойынша хат жазыңыз;</li> <li>- хат жазудағы коммуникативтік міндетті анықтаңыз</li> </ul>
	Баспа мәтіндерімен жұмыс істеуге арналған жазбаша жаттығулар	<ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтіндегі тірек сөздерді көшіріп жазыңыз;</li> <li>- хабарлама жасаңыз</li> </ul>
	Сөйлеу әрекетін дамытуға арналған жазбаша-ауызша жаттығулар	<ul style="list-style-type: none"> <li>- аудиомәтіндегі ақпаратты жазып алыңыз;</li> <li>- талқылауға қажетті сұрақтардың тізімін жасаңыз;</li> <li>- мәтінді орнына қайта қойып шығыңыз (есіңізде қалған)</li> </ul>

Шет тілін оқыту әдістемесінде, жазылым дағдысын қалыптастыруға бағытталған жаттығулар жіктемесінен байқағанымыздай, түрлі тұжырымдамаларға қарамастан, авторлардың барлығы да түрлі вербальды және вербальды емес тіректерді пайдаланып, жазбаша мәтіндерді құрауға оқушыларды үйретуге мақсатталған және жазбаша өз пікірін айтуға үйрететін жаттығуларға ерекше көңіл бөледі.

Интернет-сервистерін, оның ішінде электронды поштаны пайдалану оқушылардың шет тілдік жазылым дағдысын дамытуға ықпал ететіндігі даусыз. Себебі «хат жазу» шет тіліне оқытудың барлық кезеңдерінде кездеседі, ол барлық оқу орындарының бағдарламаларына ендірілген. Қазір Интернет беттерінен жазылым дағдысын дамытуға арналған жаттығулар мен хат жазу техникасын өңдеуге арналған ережелерді көптеп кездестіруге болады.

Мәселен, жоғарыда айтылғандай, түрлі тіректерді пайдаланып өз пікірін жазбаша түрде жеткізуге арналған жаттығулар топтамасы: вербальды (тірек сөздер, жоспар, логикалық сызба) және вербальды-бейнелеу жаттығулары (сурет, фотография, сөз тіркестері). Осындай жаттығуларға мысал

ретінде «суретті жоспар бойынша сипаттап беріңіз» (Describe the picture according to the plan) тапсырмасын жатқызуға болады.

Үлгіге сүйене отырып шет тілінде жазуды (хаттар, ашық хаттар, хабарламалар) үйретуге бағытталған жаттығулар топтамасы да көптеп кездеседі.

Продуктивті сипаттағы жаттығулардың бір тобы оқушылардың вербальды элементтерге сүйенбей өз ойын жазбаша түрде жеткізіп беруін талап етеді. Мысалы, аталған проблема бойынша эссе жазыңыз тапсырмасы. Бұл тапсырмаларда Интернеттің кейбір қызмет түрлерін сөзсіз пайдалану қажет: электронды пошта, түрлі форумдар мен чаттар.

Жаһандану үрдісі және байланыстың жылдамдығы дәуіріндегі Интернеттің мүмкіндігі шексіз. Оқушыларға ағылшын тіліндегі сайттардан достар тауып, олармен ағылшын тілінде хат алмасу мүмкіндігі бар екендігін және мысал ретінде төмендегідей ресурстарға сілтеме көрсетуге болады: <http://www.mylanguageexchange.com/penpals.asp>; <http://www.penpalworld.com/>; <http://www.penpal.net/>; <http://ru.penpal-gate.net/> т.б.

Ағылшын тілі пәні мұғалімдері оқушылардың жазу әрекетін тапсырмалар ұйымдастыру арқылы белсендіре алады. Мәселен, электронды поштаны пайдаланып, оқушылар мұғалімнің жіберген электронды хатына жауап жазулары тиіс. Бұл арада оқушылар мұғалімнің хатына үлгі ретінде сүйене алады.

Жалпы алғанда, оқушылардың шет тілдік жазылым дағдысын қалыптастыруда электронды поштаны пайдаланудың ұтымды жақтары барлығы даусыз. Мәселен, электронды поштаның көмегі арқылы:

- шет тілін қолданудың табиғи ортасы туындайды;
- өз білімін шынайы қарым-қатынас жағдайында пайдаланудың қосымша мүмкіндігі туындайды;
- оқушылардың өз ойын жеткізуі толық, әрі мазмұнды болады;

- шет тілін үйренуге деген уәжі артады [5].

Әрине, әр ұстаз немесе оқушы кез-келген Интернет көзін тіл үйрену үрдісінде пайдалануға құқылы. Дегенмен, Интернет ресурстарының ағылған ақпараттарының ішінен әдіснамалық тұрғыдан қажеттісі мен пайдалысын іріктеп, оны оқушыға ұсыныс ретінде ақыл беру ұстаздың міндеті. Сол себептен де, жаңа ақпараттық технологиялардың, оның ішінде Интернет көздерінің оқытудың жаңа формалары мен мазмұнын дамытуға тиімді ықпал ететіндігін есте сақтай отырып, шет тілін оқытуда оқушының білімін жетілдіру және жазылым дағдысын дұрыс бағытта қалыптастыру үшін әдіснамалық және практикалық тұрғыдан оларды сауатты пайдаланған жөн деген қорытындыға келеміз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. *Рогова Г.В. Методика обучения иностранным языкам в средней школе/ Г.В.Рогова, Ф.М.Рабинович, Т.Е.Сахарова.- М.: Просвещение, 1991.- 287 с.*
2. *Шамов А.Н. Методика обучения иностранным языкам: теоретический курс, учебное пособие/А.Н. Шамов. – Нижний Новгород: НГЛУ им. Н.А. Добролюбова, 2012.- 288 с.*
3. *Методика обучения иностранным языкам в средней школе: учеб. /Н.И.Гез, М.В.Ляховицкий, А.А.Мироллюбов и др.- М.: Высш. шк., 1982.- 373с.*
4. *Головань И.В. Обучение креативной письменной речи на второй ступени общего образования: на материале немецкого языка: дис. ...канд.пед. наук: 13.00.02. – М., 2008. – 195 с.*
5. *Самарина Н.В. Использование ресурсов сети интернет при обучении иноязычной письменной речи//Современные проблемы развития образования и воспитания молодежи: сборник материалов 8-й межд. науч-практ конф., 19 апреля, 2015. – Махачкала: ООО «Апробация», 2015 – 80 с*



**ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

*М.Е. Адамова*

*Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана қ.*

**Аңдатпа.** Мақалада инклюзивті білім беруге жағдай жасалған орта мектептегі оқытуды жоспарлау мен ұйымдастыру мәселелері қамтылған.

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы организации и обеспечения процесса обучения в общеобразовательных школах, реализующих инклюзивное образование.

**Abstract.** The issues of organization and ensuring the education process at comprehensive schools implementing inclusive education are considered in the article.

**Тірек сөздер:** инклюзивті білім, ерекше білім беруге қажетті оқушылар, арнайы білім.

**Ключевые слова:** инклюзивное образование, дети с особыми образовательными потребностями, специальное образование.

**Key words:** inclusive education, children with special educational needs, special education.

Қазіргі уақытта әлемдік қауымдастықта білім беру саясатындағы басымдылық инклюзивті білім беру принципіне негізделеді. Инклюзивті білім беруді енгізу бойынша әр елдің қайталанбас ерекшеліктеріне байланысты барлық мемлекет үшін бірдей қолданылатын нақты әдістемелер мен нұсқаулықтар жоқ, инклюзивті үрдістерді дамыту тәжірибесі оны дұрыс бейімдеу үшін қажет.

Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамытуды нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету ата-аналарға ерекше қажеттіліктері бар балаларының сапалы білім алуы үшін білім беру ұйымдарын саналы түрде таңдауына мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беруді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету құрылымын келесі жүйеде қарастыруға болады:




Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар оқушыларды жалпы білім беруге қосу нысандары Қазақстан Республика-

сы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген Жалпы білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта

және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидаларында баяндалған.

Жалпы білім беретін ұйымдарға қосылған ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалар жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша, сондай-ақ ҚР МЖМБС негізінде жасалған арнайы білім беру бағдарламалары бойынша ПМПК (психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация) ұсынымдарына сәйкес білім алады. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу бағдарламасын меңгерудің ерекшеліктеріне байланысты мұғалім олар үшін бағдарламаларды ҚР МЖМБС аясында бейімдей алады.

Инклюзивті білім беруді ғылыми-әдіснамалық және оқу-әдістемелік қолдау мақсатында соңғы 3 жылда 13 әдістемелік ұсынымдар мен құралдар дайындалған. Олардың мазмұны келесі мәселелерді қамтиды:



Ұлттық білім академиясы әзірлеген әдістемелік құралдарда берілген ұсынымдар мен әдістер инклюзивті білім беруді сапалы ұйымдастыруға бағытталған.

Қазіргі кезеңде инклюзивті білім беру бағыты нормативтік және әдіснамалық тұрғыдан қамтамасыз етіліп отыр. Ендігі мәселе педагогтердің дайындығы мен олардың құзыреттілігіне байланысты. Осы жағынан қарастырғанда, тәжірибеден алынған келесі әдіс-тәсілдер мектеп педагогтеріне тиімді ұсыныс болар деген сенімдемін.

Инклюзивті білім беру бағытында ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың жалпы мектептерге қамтылуымен бірге, арнайы білім беру ұйымдарының сақталуы Қазақстандық бағыттың негізгі ерекшелігі

болып табылады. Инклюзивті білім беруге жағдай жасалған мектеп мұғалімдері үшін бұл ерекшелігімізді тиімді пайдалануға болады. Арнайы білім беру ұйымдарының мамандарымен өзара тәжірибе алмасу, жалпы мектеп мұғалімдерінің әдістемелік дайындығын тиімді жолмен арттыруға септігін тигізеді.

Барлық оқушының тең дәрежеде сапалы оқытумен қамтамасыз етілуін қанағаттандыру, білім беру үдерісінің басты міндеті. Қалыптасқан дәстүрлі педагогикада педагогтің білім берудегі іс-әрекеті балаға қарай бағыттай ұйымдастырылатынын ескерсек, әр оқушының қабілеті мен жеке мүмкіндігін есепке ала отырып, кері байланыс орнату үшін көп ізденіс қажет екенін көреміз. Себебі, бір сыныптың оқушылары жас ерекшелігі бірдей контингент екендігі ескеріледі де, қиындық деңгейі бірдей жалпы оқу материалдарына құрылған тапсырмалар алынады. Жалпы мектеп мұғалімдеріне саралау әдісін қолдану қиындық туғызатынын көргенде, білім беруге ерекше қажеттілігі бар балалардың мүмкіндіктерінің толық ескерілуін сабақ жоспарында қамту мүмкін емес болып көрінуі ықтимал. Алайда, арнайы білім беру ерекшелігін меңгермеген мұғалімдерге желілік қауымдастық құру арқылы арнайы білім ұйымдарының педагогтерімен тәжірибе алмасу тиімді шешім. Себебі, арнайы білім беру ұйымдарының педагогтері әр балаға оқу жоспарына сәйкес жеке дамыту бағдарламасын жасайды. Жеке дамыту бағдарламасында әр баланың білімге ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері негізге алынып жасалатын болғандықтан, жалпы мектеп мұғалімі де әр баланың жеке мүмкіндіктерін өзінің сабақ жоспарында қамтуды үйренеді. Сабақта балаларды топтық жұмыстар мен әлеуметтік интеракцияға тарту барысында да жеке ерекшеліктерінің ескерілуі үнемі бақылауда болуы тиіс. Бір қарағанда, топтық жұмыс кезінде мұндай тәсілдерді қолданудың қажеті жоқ болып көрінуі мүмкін. Бірақ, мұғалімнің топтық жұмыстарды ұйымдастыру кезіндегі қателіктерінің салдарынан бала тұйықталып қалуы ықтимал. Он-

дай жағдайда қайтадан ол баланы ортаға қосу мүмкіндігі қиындыққа ұласады. Көп жағдайда орта буын мен жоғарғы сыныптың пән мұғалімдері сабақ процесінде сенситивті тәсілдерге аса мән бере бермейді. Инклюзивті оқытуға жағдай жасалған мектептерде бұл мәселе негізгі шарттардың бірі. Бұл қиындықтан шығу үшін мектептің әлеуметтік педагогы мен психологын тарта отырып әрекет жасауды ұсынамын. Психологты сабақтарға қатыстыру арқылы фокусқа алынған балалардың жұмыстарын, сабақтағы мінез-құлқын, белсенділігін, көңіл-күй құбылысын т.б. зерделеу арқылы нені назарда ұстау керектігін, қандай ерекшелігіне мән беру қажеттігін анықтауға болады. Психологтардың баланың жазған жұмыстары мен суреттерін диагностикалау тәсілі арқылы жалпы қабілеті мен танымы, ішкі жан дүниесі туралы беретін сапалы мағлұматтары мұғалім үшін өте құнды дерек болып табылады және жеке тапсырмаларды іріктеуді жеңілдетеді. Әлеуметтік педагогпен бірге қарым-қатынас ортасын, сабақтан тыс уақыттағы қызығушылығын, ортаға деген көзқарасын т.б. зерттеулер жүргізу баланың сыныптағы орны мен өзіне деген сенімділігін бағалауға көмектеседі. Бұл мәліметтер арқылы баланы қандай жолмен топтық жұмысқа, әлеуметтік өзара әрекетке тартуға болатынын және жауапкершілігін анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай мәліметтерге қанық мұғалім сабақ үстінде байқатпай, баланың ыңғайына қарай жұмысы өнімді болатын топқа бөлуді реттей алады. Бұл баланың өзін жайлы сезініп, еркін жұмыс жасауына бағытталған мақсатты әрекет болуы тиіс. Тәжірибелі мұғалімдердің сабағында балаларды топқа бөлу стратегияларын қолдану барысында бұл әрекет мүлдем байқалмайды және олар сол сәттегі орнаған жағдаятқа байланысты өздігінен шешілген болып көрінеді.

*Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды оқытуды тиімді жүзеге асыруға байланысты педагогтерге ұсыныстар:*

1. Педагогтермен (пән мұғалімдері, арнайы білім мамандары, әлеуметтік педагог, психолог) ынтымақтастықта жұмыс

жасау.

2. Әртүрлі педагогикалық тәсілдер мен оқыту стратегияларын ұтымды ұштастыруды үйрену.

3. Арнайы мамандардан баланың жеке мүмкіндіктеріне қарай саралап оқыту әдістерін кәсіби қолдану тәжірибесін үйрену.

4. Кәсіби қауымдастық желісі арқылы арнайы білім беру ұйымдарымен байланыс орнату.

5. Ата-ананы қатыстыру арқылы триангуляция әдісін пайдалану.

6. Үздіксіз бақылау динамикасы бойынша жұмыс жоспарына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіп отыру.

7. Баланы әлеуметтендіруге ықпал ету үшін қолайлы орта қалыптастыру.

8. Баланың қоршаған ортасымен ақпараттық-ағарту жұмыстарын жүргізу.

Арнайы білім беру мен жалпы білім беру ұйымдары педагогтерінің арасындағы кәсіби қауымдастық желісінің артықшылықтарын білудің мекеме басшыларына да тиімді тұстары бар. Себебі, қазір инклюзивті білім беруге жағдай жасалған және арнайы сыныптар ашылып жатқан мектептердің саны артып келеді. Әзірше қажетті кадрлармен қамтамасыз ету мәселесі толық шешімін тапқан жоқ, мектеп жанынан логопункттер ашу күн тәртібінде тұр. Осындай аралық кезеңде кәсіби қауымдастық желісі арқылы тәжірибе алмасуды, келелі мәселелерді бірге талқылауды тиімді ұйымдастыруға болады.

Мұғалімдеріміз әр баланың жеке ерекшеліктерін жете ескеріп, нақты әдіс-тәсілдер мен амалдарды (стратегиялар) таңдауды үйреніп, қысқа мерзімді жоспарлауына енгізе алатын болуы керек. Мұғалімнің бұл қадамы баланың құлшынысын арттырып, білім сапасына қол жеткізуіне кепілдік береді, ізденіске жетелейді. Жаңаша оқыту әдіс-тәсілдерінің ішінде баланың қызығушылығын оятатын тамаша амалдар топтамалары бар. Мектепте деңгейлік даярлықтан өткен мұғалімдер тәлімгерлік жасап, жаңаша тәсілдерді мектеп тәжірибесіне енгізуді жүзеге асыруда. Бұл да біздің ерекше балаларымыз үшін пайдасы

зор, олардың жалпы білім беру жүйесінде өздерін еркін сезініп, оқу бағдарламасын сапалы меңгеруіне септігін тигізетін оң өзгерістердің бірі. Себебі, жаңаша оқыту әдіс-тәсілдері әлеуметтік интеракция, кері байланыс, бірге оқып үйрену, бір-бірінен үйрену, өзара қолдау көрсету принциптеріне негізделген. Өзіне талап қоя алатын деңгейге жеткен бала, білімін керек арнаға бағыттап, қоғамдағы орнын табуға ұмтылады. Бұл мақсатқа жету үшін мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын кешенді бейімдеу қажет.

Алдағы уақытта атқарылатын күрделі жұмыстарды жүргізу барысында мамандарға, мектеп мұғалімдеріне және ата-аналарға тиімді көмек түрлері ұйымдастырылуы керек. Атап айтсақ, сайт арқылы байланыс орнату, ата-анаға көмек бұрышын жасақтау, білім беру ұйымының оқу-әдістемелік базасын нығайту, ата-аналардың мамандар мен мұғалімдерден қажетті кеңес алып тұруын ұйымдастыру. Үй жағдайында орындалатын тапсырмаларды, бейнероликтері (ата-аналарға, оқушыларға) сайтқа орналастыру да педагогтер үшін тиімді ұсыныстардың бірі.

Сонымен қатар, соңғы жылдары білім саласына қарасты оңалту орталықтарының саны артып келеді. Оңалту орталықтарының өз қызметін білім саласы арқылы жүзеге асыруының артықшылығы – педагогикалық-психологиялық түзете дамыту жұмыстарының ауқымдылығында, арнайы мамандар контингенті жеткілікті. Нәтижесінде, қамтылған ерекше білім алуға қажеттілігі бар балалардың ішінен мектепке баратын бала саны артуына ықпал

етіп отыр. Оңалту орталықтары денсаулық сақтау саласына немесе әлеуметтік қамсыздандыру бөлімдеріне қарасты болған жағдайларда медициналық оңалту мен әлеуметтік-тұрмыстық бейімдеуге басымдық беріліп, педагогикалық түзете дамыту жұмыстарын қажетті деңгейде ұйымдастыруға жеткілікті штат бірлігі қарастырылмайды. Неғұрлым ерте бастаған түзете дамыту жұмыстары өз нәтижесін беретін болғандықтан, мектеп жасына дейінгі балаларға арналған түзете-дамыту ұйымдары мен оңалту орталықтарының орны ерекше. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған түзете дамыту ұйымдарында болған ерекше қажеттілігі бар балалардың мектепке қамтылу көрсеткіші жоғары. Бұл бағыттағы жұмыстармен тәжірибе бөлісу мақсатында өткізіліп келе жатқан практикалық семинарлар ПМПК, арнайы білім беру ұйымдары мен инклюзивті білім беруге жағдай жасалған мектептер арасында ой тоғыстыру алаңы болып отыр.

Қорыта келе, бүгінгі таңда инклюзивті білім беруге жағдай жасалған мектептердегі педагогтердің құзіреттілігін арттыру үшін әзірленген әдістемелік базаны толыққанды пайдалана отырып, арнайы білім беру саласының мамандарымен өзара тәжірибе алмасу арқылы ерекше қажеттілігі бар балаларымыздың әлеуметтік ортаға кедергісіз қосылып, сапалы білім алуын қамтамасыз ете аламыз.

Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА әзірленген ғылыми-әдіснамалық және оқу-әдістемелік ресурстар академияның сайтында мына сілтеме бойынша қолжетімді <http://nao.kz/blogs/fromorg/2/22>.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (24.11.2015 ж. өзгерістер мен толықтырулар енгізілген). <http://online.zakon.kz/>
2. ҚР Президентінің 07.12.2010 ж. № 1118 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
3. Қазақстан Республикасындағы арнайы және инклюзивті білім берудің жағдайы мен дамуы. Аналитикалық баяндама. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016 ж.
4. 2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 258 б.
5. <http://nao.kz/blogs/fromorg/2/22>

**PEDAGOGICAL DIMENSION IN TERMS OF STRUCTURAL REFORMS OF ENHANCING TEACHING FOREIGN LANGUAGES IN UZBEKISTAN**

**J.I. Urunbaeva**

*Uzbek State World Languages University, Tashkent, Uzbekistan*

---

**Андатпа.** Бул мақалада Ўзбекистан Республикасы орта және арнаулы орта білім жүйесіндегі реформалар педагогикалық өлшеу және инновациялық даму аспектілері шет тілдерін оқыту тереңдету демократиялық өлшемдер қарастырылады.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются педагогические измерения и инновационные аспекты развития преподавания иностранных языков в углублении демократических реформ в системе среднего и среднего специального образования Республики Узбекистан.

**Abstract.** This article discusses pedagogical dimension and innovative aspects of developing teaching foreign languages in deepening democratic reforms in secondary and secondary special education of Uzbekistan.

---

Independence of our republic and the process of globalization have brought a large number of changes in different spheres of human activity, especially, in education. “The National Program of Personnel Training” which was issued in 1997 and “The Decree about Education” which was enacted on August 29, 1997 in the 9th session of the first summit of Oliy Majlis issued by the Republic of Uzbekistan encouraged some important changes in the sphere of secondary and higher education of our republic. The significant feature of the national model of personnel training is to make over the education field deep and to frame the training system at the same degree of developed democratic countries which is applicable to the high moral and behavioural requirements. In the content of that system the great role was given to the place of Foreign languages teaching (FLT) methodology which is seen to be very essential and indispensable in teachers training and teaching children, teenagers/ adolescents and adults. The reason of dealing with innovative aspects of developing teaching in deepening democratic reforms is as for the prominent quote by the president of the republic of Uzbekistan I.A. Karimov cited in the new presidential decree №1875

“On Measurements of Further Improving Foreign Languages Teaching in Uzbekistan”, adopted on December 10, 2012, the future of our motherland depends on our intelligent and knowledgeable generation who are proficient in any field, comprising foreign languages as well.

Currently, it is vital to be a competent user of at least one foreign language. With widespread use of English, and its acceptance as a lingua franca, English teaching methodology is gaining more attention than ever. In particular, in Uzbekistan, great advancements are occurring in this field. Namely, a new curriculum reform project launched by the Uzbekistan State World Languages University and other philological universities in cooperation with British Council spurred more investigations and positive changes into the field eventually introducing a new higher education curriculum called – PRESETT nationwide. This program takes quite discrepant approach to teaching English and preparing prospective English teachers that conform to international standards.

In the respect of democratic reforms and decrees, it has been accelerating the adoption of the changes as well as encouraging more and more research into language teaching



methodology. For this reason the current research tends to be focused on studying and finding the shortcomings and flaws in teaching foreign languages, especially the English language and suggesting best solutions to eradicate those problems so that the language learners could be competent users of English in the process of necessitating English language masters worldwide.

In present days the English language is being taught in an orthodox way, nevertheless, this time I mean the secondary and high school language teaching methodologies. In the higher education institutions the PRESETT curriculums are being implemented over the whole country as a means to adopt innovative methods to teach the language, on the contrary the secondary and secondary special education institutions seem to have still grammar-translation method of teaching English. Hence, the students are not interested in paper based learning anymore, they are mostly keen on screen based way of learning. They are no longer attending the libraries to write their course papers or diploma works, unlikely they tend to just in one place surfing internet to accomplish the assignments given by their teachers. In the above mentioned schools the language learners are diminishing their concerns and curiosities in leaning the language by forcing to read the texts and translate them into their first languages which appears to be a tiresome and monotonous task.

The use of traditional method of language teaching is not beneficial, hence this was investigated for several times by the researchers so far. Utilization of stories, poems, multimedia, books and newspapers has already been proven by a range of case studies that even they cannot help successful language acquisition unless they are taught within innovative ways. This paper suggests the innovative methods of teaching English with the help of successful use authentic materials such as stories, multimedia, books and newspapers.

The first and foremost importance of using authentic materials is to enhance learning

intensively. One of the basic authentic material includes real life stories which can be used nationwide both in and out of the classroom. From our experience we know absolutely that a child is not taught grammar items, speech patterns, language focuses or pronunciation drills. Children learn the way they are taught, namely by hearing and listening others speak, consequently they begin uttering the already heard words themselves, step by step and gradually. So do the foreign language learners. By listening much they can accelerate the way they learn and practice, especially to stories. With the help of suggestopedia, that is to say using background solicitous types of music the story can be read by the teacher or be asked any other student whose pronunciation is proper enough to read. With this type of task the learners can get great pleasure to work post-story tasks collaboratively and get great curiosity to learn unknown words they encounter in the text and be prepared to enact it.

Furthermore, assessing the students how far they succeeded in acquiring the story language should not be by asking series of questions, since as Anburaj et al stated [1] "this is generally not that effective and due to this the students generally tend to take up the stories as a chapter rather than looking at it as an interesting thing to read". Therefore, using questions for assessment eliminates the whole idea of imagination for the students look at the story as something that they need to learn for answers.

Along with stories, using numerous multimedia means such as movies, songs, TV series, TV and radio programmes, soap operas and different kinds of talk shows during the class play a significant role in gaining efficient learning. Movies, soap operas and listening to songs tend to be not the part of education, but mostly a part of pastime to do out of class. They can be utilized as supplementary materials to consolidate and strengthen the language skills. Also this method appeals to the students as most of the times they are able to connect with the songs and the movies which help them understand the



meaning of expressions, usage of tools of the language like comparisons, personifications etc. [3]. Apart from these sources different magazines, newspapers and books can be taught with the help of multimedia devices, like via mobiles, tablets and other gadgets. Across the world, information technology is dramatically altering the way students, faculties and staffs learn and work. Internet-ready phones, handheld computers, digital cameras, and MP3 players are revolutionizing the college life. As the demand for technology continues to rise, colleges and universities are moving all sorts of student services, from laundry monitoring to snack delivery online [4]. In accordance with them, the language learners are delineated to use them, as they are inseparable part of their everyday life. If we discuss here the beneficial sides and methodologies of mobile learning and e-learning, we could go deeper into technology based language teaching theory. That is why we keep those issues to be discussed in our further papers.

From the above, we can conclude that the information and communication technology

has made many innovations in the sphere of teaching and also changed dramatically the modern pedagogy differently from the old paradigm of teaching and learning. In the new paradigm of learning, the role of the language learner is more essential than facilitators, which means today's methodology is learner-centred but not teacher-centred. The concept of paper and pen classroom has changed to the notion of information technology based learning and teaching which is emerging as an alternative to the old teaching learning method which used to be traditional approach of language teaching. In present days there is democratization of knowledge rules and the role of the teacher is changing to that of facilitator. Likewise, in order to fit the globalized world we need to have interactive teaching and this amenity of education is unavoidable with the introduction and implementation of multimedia technology and the generating of a technologically-intelligent generation of youths for our republic's future.

### **References**

1. Anburaj G., Christopher G., & Ming N. *Innovative Methods of Teaching English Language*. // *IOSR Journal Of Humanities And Social Science*, Volume 19, Issue 8, Ver. IV, 2014. –P. 62-65.
2. Damodharan v.s.& Rengarajan. V. *Innovative methods of teaching*. ACCA, AICWA, 2002. – 16 p.
3. Hofstetter, F. T. *Multimedia Literacy*, New York: McGraw-Hill, 1995.
4. Jonassen, D. H., Peck, K. L., and Wilson, B. G. *Learning with Technology: A Constructivist Perspective*, New Jersey: Merrill/Prentice Hall, 1999.

## «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ АЯСЫНДА МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

**З. К. Разбекова**

«Өрлеу» БАҰО» АҚ, Қарағанды облысы бойынша ПҚБАИ, Қарағанды қ.

**Аңдатпа.** Мақалада ұлттық құндылықтар негізінде оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қамтамасыз ететін компоненттер қарастырылған. Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарында жоғарыда аталғанды жүзеге асыру механизмдері бойынша іс-шараларды өткізу кезінде оқу мен оқытудың жаңа технологиялары мен белсенді формаларын мұғалімдерге өнімді пайдалану ұсынылған.

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы формирования личностных качеств учащихся на основе национальных ценностей, а также компоненты, обеспечивающие их функциональную грамотность. На курсах повышения квалификации педагогических кадров предлагается продуктивное применение новых технологий и активных форм обучения учителей для осуществления механизмов данного вопроса.

**Abstract.** The pupils' personal qualities formation on the basis of national values, as well as components ensuring their functional literacy are considered in the article. Productive use of new technologies and active forms of teachers' education for the question mechanism implementation are offered at the teaching staff continuing education courses.

**Тірек сөздер:** Мәңгілік Ел, рухани-адамгершілік тәрбие, үштұғырлы тіл саясаты, салт-дәстүр, отбасылық құндылықтар, өлкетану.

**Ключевые слова:** Мәңгілік Ел, духовно-нравственное воспитание, политика трехязычия, традиции и обычаи, семейные ценности, краеведение.

**Keywords:** Mangilik El, spiritual and moral education, trilingualism's policy, customs and traditions, family values, local history, family values, local history.

Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтар Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» – ХХІ ғасырдағы жалпы орта білім беру ұлттық жүйесін дамытудың басты бағдары екені белгілі [1]. Жолдауда жаңа жүйекұраушы «Мәңгілік Ел» құндылығы жалпыұлттық патриоттық идеясы ретінде ұсынылды.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Біліктілікті арттыру жүйесінің алдына да жаңа міндеттер қойылуда. Мұғалімнің кәсіби даму бағдарла-

маларын сапалы жаңарту қажет. Бұл Қазақстан педагогтерінің біліктілігін арттыру жүйесінің кадрлық құрамының жоғары құзыреттерін талап етеді» деп баса айтылған [2]. Сондықтан, білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында бүгінгі қазақстандық мектептерге кәсіби шеберлік деңгейі жоғары, рухани-адамгершілік тұрғыда шығармашылық әлеуеті жоғары мұғалім керек.

Кәсіби шебер мұғалім жан-жақты мәдениетті тұлға ретінде алдына қойған мақсатына үнемі іздену және өзін-өзі дамыту арқылы жетеді. Сонымен қатар, жүйелі құрылған дамыту бағдарламасы – педагог қызметкерлердің біліктігін арттыру курстары арқылы кәсіби біліктілігін шындап отырады. Осы курстар арқылы теориялық тұрғыда қаруланған мұғалім мектептегі тәжірибеде практикалық тұрғыда өздігінен шығармашылық әрекеттерін жүзеге

асыруға және курстан кейінгі кезеңде пән мұғалімдері үздіксіз кәсіби өзара дамуына мүмкіндік алады. Біліктілік арттыру курстары – кәсіби өсудің кепілі, ал сол курстар арқылы артқан мұғалімнің кәсіби біліктілігі – нәтижеге бағытталған білім сапасының кепілі болып келеді. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстары бағдарламасы мұғалімдердің шеберлігін жетілдіру мен дамытуды басты міндет ретінде қойып отыр.

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық актісін түсіндіру және зерделеуді ұйымдастыру жөніндегі ішаралар жоспарында педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жөніндегі барлық курстардың оқу жоспарларына «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі міндетті дәрісін енгізу белгіленген. Осыған орай, педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарының оқу бағдарламалары «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында оқушыларды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен мұғалімдер біліктілігін арттыратын бірнеше бағдарлама жүзеге асырылып жатыр. Оқу бағдарламаларының нормативтік-құқықтық модулінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жолдаулары, Білім беру саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттар қарастырылады. Сонымен қатар, психологиялық-педагогикалық модульде «Жалпы адамзаттық ұлттық құндылықтардың «Мәңгілік Ел» идеясындағы орны», мазмұндық модульде ««Мәңгілік Ел» идеясы – оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруды жүзеге асырудағы жаңа бағыт» т.б. осындай тақырыптар бойынша дәрістер мен семинар-тренингтер ұйымдастырылады [4].

Ұлттық құндылықтар негізінде оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қамтамасыз ететін компоненттердің бірі болып келеді. Сондықтан, 2016-2019 жылдар аралығында бастауыш буыннан бастап, жоғарғы буынға дейінгі

сыныптарда іске асырылатын «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі білім беру мазмұнын жаңарту аясында жалпы білім беру бағдарламаларына енгізу қарастырылған. Қазіргі таңда, білім мазмұны жаңартылған бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, оқу бағдарламаларын әзірлеу «Мәңгілік Ел» құндылықтарына бағдарлануымен жүзеге асырылып жатыр.


Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру аясында ЭЫДҰ елдерінің стандарттары негізінде адам капиталының сапасын көтеруге бағытталған білім беру саласындағы 5 қадам жоспарланған. Солардың бірі – мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына «Мәңгілік Ел» құндылықтарын енгізу [3].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауында атап көрсетілгендей, егеменді дамудың 25 жылында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды.

«Мәңгілік Ел» идеясы аясында мектеп оқушыларын ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін төмендегі сызба бойынша іс-әрекеттерді үйлестіру арқылы дамыту мүмкіндігі жасалады.

Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы; қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім; зайырлы қоғам және жоғары руханият; индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім; Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы; тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы; еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы құндылықтарын жүзеге асыру механизмдері арқылы іс-әрекеттерді ұйымдастыруға болады.

Академиялық пәндер, оқыту ортасының тұтастығы, сабақтан тыс іс-әрекет, қосымша білім беру, қоғамға қызмет ету, зерттеушілік іс-әрекет, шығармашылық өз ойын білдіру,



спорт мектептен тыс және элективті курстар денсаулық пен қол бос уақыт, қауіпсіздік және әлеуметтік жобалар мен тәжірибелер арқылы мұғалімдер «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын ықпалдастырады. Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарында жоғарыда аталған жүзеге асыру механизмдері бойынша іс-шараларды өткізу кезінде оқу мен оқытудың жаңа технологиялары мен белсенді формаларын мұғалімдерге өнімді пайдалану ұсынылады. Сонымен қатар, оқу бағдарламаларында өз елінің табиғи ресурстары бойынша материалдық, өндірістік капиталды басқару мен ұйымдастырып отыруды білу және икемдеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған сын тұрғысынан ойлауға үйрететін стратегияларды тиімді қолдану бойынша тәжірибелік сабақтарды ұйымдастыру қарастырылған. Іс-жүзіндегі білік пен дағдыларды қалыптастыратын және теориялық ережелерді тыңдаушылардың жеке қарауын ұйымдастыратын тәжірибелік сабақтың құрылымында өзіндік жұмыстар басымдығы артады. Хабарлама, баяндама дайындау, әртүрлі құжаттарға талдау жасау, анықтамалармен, нұсқаулық мәліметтермен, нормативтік құжаттармен жабдықтармен жұмыс істеу, кәсіби жағдайлық міндеттерді шешу, проблемалық жағдайды талдау, әртүрлі тапсырмалар орындау

тәжірибелік сабақтың мазмұны болады. Тәжірибелік сабақтарда оқушыларды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі мен тұлғаның өзіндік жетілуі дамиды.

Тыңдаушыларға орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқушылардың сабақтағы және сабақтан тыс іс-әрекетін тиімді жобалау бойынша оқу пәнінің бағдарламалық материалын меңгертетін мақсатты танымдық әрекетті ұйымдастыру мақсатында бағдарламаның негізгі мазмұнының біртұтас, жүйеленген сипатта жеткізілуіне мүмкіндік беретін дәрістер ұйымдастырылады. Оқыту үдерісіндегі семинар-тренингтер пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін арттырады және өзіндік даму, жаңа дағдыларды қалыптастырады, даму үшін алынған тәжірибені қолдануға қызығушылық тудыртады. Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының негізгі нәтижесі жалпы орта білім беру мазмұнын табысты жаңарту және сол үдерісті білім беру мазмұнын жаңарту аспектісінде қолдау көрсете отырып, ұлттық құндылықтар «Мәңгілік Ел» идеясының басты негізі ретінде оңтайлы мазмұнды істерді жүзеге асыру.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының мақсаты – ұлттың ұлттық болмысын сақтап

қалу болып табылады. Бүгінгі жаһандану дәуірінде ұлттық идеяның өзекті болуы да осыдан. Ал, идеология болса, ол – рухани дүниенің ең жоғары сатыға көтерілген түрі. Бұл – қоғамның саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени сұраныстарынан туындап, оның заңдылықтарын қоғамдық пәндерде

ескере отырып жүргізілетін ғылыми теориялық ауқымды тұжырым, даму жолын белгілейтін ұғым. Сол себепті, «Мәңгілік Ел» идеясын, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті деп тануымыз керек [3].

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»

2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000205>

3. 2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 257 б.

4. «Мәңгілік Ел» идеясы аясында технология сабақтарында оқушыларды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу» мектептердің технология пәні мұғалімдеріне арналған білім беру бағдарламасы.

## ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТІҢ МУЗЫКА ПӘНІН ОҚЫТУДА «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

*Р.Ф. Қалдығалиева*

*музыка пәнінің мұғалімі, №3 Қарауылкелді орта мектебі,  
Байғанин ауданы, Ақтөбе облысы*

**Аңдатпа.** Мақалада жалпы білім беретін мектептердегі музыка сабағында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асырудың мәселелері қарастырылады.

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы осуществления Национальной идеи «Мәңгілік Ел» на уроках музыки в общеобразовательной школе.

**Abstract.** Questions of the National idea “Mangilik El” implementation on music classes at comprehensive school are discussed in the article.

**Тірек сөздер:** «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы, «Музыка» оқу пәні, оқыту әдістемесі.

**Ключевые слова:** Национальная идея «Мәңгілік Ел», учебный предмет «Музыка», методика обучения.

**Key words:** national idea «Mangilik El», a subject «Music», a technique of training.

Қазақстан Республикасы дамуының басты бағыт-бағдарын айқындайтын «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асыруда «мемлекеттік құрылыстың 100 қадамынан» тұратын Ұлт жоспары үлкен рөл атқарады. Ұлт жоспарына қатысты реформаларды жүргізудегі, жалпы Қазақстанды одан әрі дамытудың басты тұтқасы ретіндегі «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының маңызы мен рөлі айқындалды. «Мәңгілік Ел» идеясы – елімізді мекендейтін барлық ұлтты ұйыстыра отырып ұлы мұраттарға жетелейтін қазақ елінің ұлттық идеясы болып табылатыны анық.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев 2015 жылғы 10 сәуірдегі «Елбасымен бірге – жаңа жеңістерге!» Жастар форумында сөйлеген сөзінде: «...Мен еліміздің мәңгілік темірқазығы болатын идея төңірегінде азаттықтың алғашқы күндерінен толғандым. Ол – терең тарихтан бастау алуы және бүгінгі күннің мұраттарына сай келуі тиіс. Неше ғасыр өтсе де ескірмейтін, мәңгілік болашақпен сабақтасатын идея болуы қажет. Кезінде бабаларымыз «Мың жылға, түмен күнге жететін ұрпаққа өсиетімді мәңгі тасқа бәдіздедім» деп жазған. Сол өсиеттердің бірі – Тоныкөк абыз айтқан «Түрік жұр-

тының мұраты – Мәңгілік Ел» деген сөз. Осынау бір ғана сөйлемге барлығы сыйып тұр. Бабалардың арманы, бүгінгі еліміз бен болашақ ұрпақтың биік мақсаттары, бәрі үндеседі. Қазақстанның ұлттық идеясы – «Мәңгілік Ел» осыдан туындаған идея. Бабалардың тасқа басқан өсиеттерін іске асырып, Мәңгілік Ел болуға бет бұрдық. Ұлттық идеяны іске асыруға белсене ат салысатын жас ұрпақтың алғашқы легі сендер боласыңдар! Түмен күнге жететін тәуелсіз ұрпақтың көші сендермен басталады...», - деп атап көрсетті [1].

«Мәңгілік Ел» орнатудың қозғаушы күші қазіргі өсіп келе жатырған жас ұрпақ. Сондықтан, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын білім беру жүйесінің барлық деңгейлеріндегі білім алушыларға жеткізудің маңызы зор.

Қазіргі уақытта жалпы білім беретін мектептер үшін оқушыларға пән сабақтарында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылықтарын жеткізу, атап айтқанда, өз елін, өз жерін, өз Отанын жан-тәнімен сүйетін, адамгершілігі мен түсінігі зор, тәрбиелі және білімді, көзі ашық және көкірегі ояу болашақ ұрпақты тәрбиелеу басты міндеттердің бірі болып отыр. Осы тұрғыдан алып



қарағанда жалпы білім беретін мектепте оқытылатын мәдениет және өнер саласындағы пәндердің бірі музыка пәнінің алатын орны ерекше екені белгілі.

Жалпы білім беретін мектептің 1-6-сыныптарында оқытылатын музыка пәнінің мазмұны оқушылардың рухани және адамгершілік тұлғасын қалыптастыра отырып, баланың бойындағы асыл қасиеттерін оятып, елін, жерін, Отанын сүйуге тәрбиелейді. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылықтары орта білім беру құндылықтарының негізі болып табылады. Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық және өмір бойғы білім - орта білім берудің құндылықтары ретінде белгіленді [2].

Сондай-ақ, пән бойынша бағдарлама мазмұны қазақ және түркі халықтарының дәстүрлі мәдениеті, Шығыс және Батыс Еуропаның классикалық музыкасының ең озық үлгілері, қазіргі таңдағы Қазақстан музыка өнері туралы да деректермен танысуға мүмкіндік береді [3].

Мектептегі музыка пәнінің үлгілік бағдарламасы бойынша жоспарланатын музыка пәні сабақтарында берілетін білім мазмұнында «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыруды жүйелі түрде жүргізудің өзіндік ерекшеліктері бар. Музыка пәні бойынша сабақтарды ұйымдастырудағы жинақталған іс-тәжірибеге сүйене отырып, бұл мақсатта жасалатын жұмыстар мазмұнын жобалаудың бір тәсілін көрсетуге болады.

Жаңартылған білім мазмұны аясында енгізіліп отырған бастауыш сыныптарға арналған үлгілік оқу бағдарламасы бойынша «Музыка» оқу пәнінің мазмұны бірнеше бөлімдерден тұрады. Мысалы, «Музыканы тыңдау, талдау және орындау» бөлімі:

- музыканы тыңдау және талдау;
- музыкалық сауаттылық;
- музыкалық-орындаушылық іс-әрекет деп аталатын бөлімшелерден құралды.

Біріншіден, пәннің оқу мақсаттарына сәйкес (мысалы, 4.1.1.1) музыка тақырыбына қатысты тарихи мағлұматтар мен

деректер арқылы оқушылар, өз халқының, өз ұлтының ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатырған мәдени құндылықтарымен бетпе-бет кездесіп танысады. Өмірге, өзін қоршаған қоғамдағы түрлі ағымдар мен көзқарастарға деген алғашқы пікірі, түсінігі мен ойлары жаңа қалыптаса бастаған мектеп оқушысын әлемдік радио жүйесіне енгізілген халық әні «Дайдидау», Абайдың «Көзімнің қарасы» немесе «Дудар-ай» секілді әндердің күні бүгінге дейін сақталып келуі және оларды қазіргі заман адамдарының да зор сүйіспеншілікпен қабылдауы таңдандырып қана қоймай толғандырытыны сөзсіз. Оқушы таңданысын, оны толғандыратын сұрақтарға жауап іздеуін қызғылықты ұйымдастыру және оны сабақ мақсатына, тәрбиелік мақсатқа, «Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтарын оқушы бойында қалыптастыруға пайдалана білу мұғалімнен де үлкен ізденіс пен шеберлікті қажет етеді. АМысалы, Құрманғазы атындағы қазақ мемлекеттік оркестрінің орындауындағы бірнеше шығармаларды тыңдағаннан кейін бұл оркестрдің тарихы, оркестрде қолданылатын қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары, басқа да дүниежүзіне танымал музыкалық аспаптар, музыкалық шығарманы әрлеудің қазіргі заманауи құралдары секілді деректерді сабақтастыра отырып пайдалану әрине өз жемісін беретін болады.

Екіншіден, қазіргі заманғы ақпараттық құралдардың мүмкіндігін пайдалана отырып музыка пәнін заман талабына сай ұйымдастыра білудің де маңызы зор. Мысалы, 6-сыныптағы «Жаңа заманның жаңа әні. Өнерін өнеге еткен Нұрғиса Тілендиев» тақырыбына арналған сабақ, бұл Нұрғиса Тілендиевтің шығармаларымен таныстыру және оның әндерін орындау ғана емес, бұл композитордың өз елінің азаматы, халқын сүйген перзенті ретіндегі қазақ мәдениеті мен өнерін дамытуға сіңірген ерен еңбегін де оқушыларға жеткізу болып табылады. Композитордың "Отырар сазы" фольклорлық этнографиялық ансамблін қалай құрғанынан сыр шертетін «Құстар әні» (2015 жыл) көркем фильмін тамашалау оқушылар үшін көптеген оқу мақсаттарын

жүзеге асыруға көмектеседі және мұғалім үшін сабақты ұйымдастырудың тиімділігін арттырады.

Іс-тәжірибеден алынған бұл нақты мысалдар, жалпы музыка пәнін оқыту әдістемесін де жаңа заман талабына сай бейімдеп отыруды қажет екенін көрсетеді.

Жаңартылған білім мазмұны және оны жүзеге асыруға бағытталған жаңаша оқыту әдістері мен тәсілдері бірлесе отырып өсіп келе жатырған жас ұрпақты өз Отанын жан-

тәнімен сүйетін, адамгершілігі мен түсінігі зор, тәрбиелі және білімді, көзі ашық және көкірегі ояу тұлға ретінде қалыптастыруға үлес қоса алады.

Қазіргі мектеп оқушысының, Қазақстан мемлекетінің ертеңгі азаматы ретінде өз елінің болашағы үшін қалай қызмет жасайтынын, елінің көркеюіне қалай үлес қосатынын мектеп қабырғасынан бастап сезініп, түсіне бастауының маңызы орасан зор екенін өмір көрсетіп отыр.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. [http://www.akorda.kz/kz/speeches/internal\\_political\\_affairs/in\\_speeches\\_and\\_addresses/kazakstan-prezidenti-nnazarbaevtyyn-elbasymen-birge-zhana-zhenisterge-zhastar-forumynda-soilegen-sozi](http://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/kazakstan-prezidenti-nnazarbaevtyyn-elbasymen-birge-zhana-zhenisterge-zhastar-forumynda-soilegen-sozi)

2. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптары үшін «Музыка» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 бұйрығына 10-қосымша

3. Музыка: Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптарына арналған оқу бағдарламасы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2013. – 10 б.

## БАЛА ТӘРБИЕСІ – БАРШАНЫҢ ІСІ

**К.Н. Нұрмұханова**

*Нұраталды орта мектебі, Шет ауданы, Қарағанды облысы*

**Аңдатпа.** Мақалада мектепке дейінгі мекемелердің өзекті мәселелерінің бірі – тәрбиешілер мен ата-аналар қарым-қатынасы қарастырылады.

**Аннотация.** В статье рассматривается одна из актуальных проблем дошкольных учреждений – роль взаимосвязи между воспитателями и родителями в воспитании детей.

**Abstract.** This article discusses one of the pre-school institutions' problems – the relationship role between teachers and parents in bringing up children.

**Тірек сөздер:** қалып, психология, этика.

**Ключевые слова:** форма, психология, этика.

**Key words:** forma, psychology, ethics.

Әрбір сәт сайын тынымсыз жүргізіле беретін жауапкершілігі мол істің бірі – бала тәрбиесі. «Ұлы жол үйіңнің табалдырығынан басталады», – дейді қазақ халқы. Отбасы – үлкен тәрбие ошағы, шағын мемлекет. Отбасының негізгі міндеті – баланы өмірге әкеліп қана қоймай, оған қоршаған ортаның құндылығын қабылдату, ұрпақтың, ата-бабалардың, ұлылардың ақыл-кеңес тәжірибесін бойына сіңіру, айналасындағыларға, жалпы адамзатқа, өз қоғамына пайдалы етіп тәрбиелеу. Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін-өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін-өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін отбасындағы психологиялық ахуалдың дұрыс болуы, жанұя мүшелерінің өзара сыйластығы, ауызбіршілігі, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген құрмет сезімдері аса маңызды.

Бала отбасында өзіне қажетті тәжірибе жинақтайды. Ересектерге еліктейді, үлгі алады, дамиды. Баланың болашағынан зор үміт күту үшін оның тәрбиесіне ерте жастан және жан-жақты мән бергеніміз дұрыс. «Бала тәрбиесі – баршаның ісі», сондықтан балабақша мен отбасындағы тәрбиенің өзара үйлесімділігі аса маңызды.

Балабақшадағы басты мақсат – баланың отбасында алатын тәрбиесін әрі қарай

демеп, тәрбиелік функцияларын жүзеге асыруды толықтыру және қамтамасыз ету арқылы жүргізу, баланың қызығушылығы мен қажеттілігін дамыта отырып, баланың даралығын қабылдау және түсіну, балаға бірден-бір жеке тұлға ретінде сену және сыйлау.

Бұл көрсетілген отбасылық қатынастарды жүзеге асыру үшін, біріншіден, баланы және ата-ананы өзара сыйласуға тәрбиелеу және екіншіден, ата-аналармен олардың отбасылық шағын ортасын зерттеу үшін бірлесе әрекет жасау.

Тәрбиеші өз тарапынан ата-анамен тығыз байланыс орнату үшін, олар туралы жеткілікті ақпаратпен қамсызданғаны жөн. Мұнда ата-ананың білімділігі, мәдени деңгейлері, өзіндік ерекшеліктері, бала тәрбиесіне қатысты көзқарастары, т.б. аса маңызды. Ата-ананың қажеттіліктерін ескеріп, жұмысты одан әрі тиімді ету үшін олардың арасында жылына бір рет сауалнама жүргізіп отыруды дәстүрге айналдыруға болады. Сонымен қатар, балабақшада ата-ана кез келген уақытта келіп, туындаған мәселесін талқылап, оны шешуде көмек және ақыл-кеңес сұрай алатындай жағдай жасалғаны дұрыс. Тағыда бір аса маңызды сәттің бірі – ол ата-анадан балаға қатысты туындап жүрген қиыншылықтар мен ерекшеліктерді жасырмай ой бөлісудің маңыз-

дылығы. Және ата-анадан да бала туралы мәліметтерді еш өзгеріссіз жеткізуін сұрау. Тәрбиеші қызметіндегі баламен жұмыстан бөлек аса бір маңызды бағыттардың бірі ата-анамен жұмыс болып саналады.

Ата-аналармен біріккен зерттеулерде қызметтің нақты түрлері жоспарланады және әріптестік формалары таңдалады.

Ата-аналармен жұмысты ұйымдастырудың төмендегі түрлері ұсынылады:

- нұсқаулық-педагогикалық (лекциялар, семинарлар);
- ұйымдастырушылық-әдістемелік (ойындық және имитациялық ойындар, сабақтар);
- психологиялық-медициналық (лекциялар, семинарлар, тренингтер);
- практикалық дағдыларды жетілдіру (практикалық сабақтар, тәжірибе алмасу, үйірмелер, клубтар).

Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жоспарлауға ата-аналарды қосуды келесі бағыттармен жүзеге асыруға болады:

- білім беру жағдайларына ата-аналардың қажеттілігін, қызығушылығын зерттеу;
- әлеуметтік тапсырысты әзірлеуге ата-аналарды тарту: мектепке дейінгі ұйым миссиясын анықтау, білім беру мазмұнын таңдау (білім беру бағдарламалары, технология, балаларды тәрбиелеу мен оқыту әдістемесі); түлек моделін құру;
- жоспарды әзірлеудің барлық деңгейіне ата-аналарды тарту: мектепке дейінгі ұйымның даму бағдарламасы, жылдық және оқу жоспарлары, баланың жеке даму картасы, тәрбиешілермен біріккен жоспарлар.

Ата-аналармен жұмыс формалары:

Ата-аналармен жұмыс ұжымдық, жеке және көрнекі-ақпараттық болып бөлінеді.

Жалпы форма сөзін алсақ, латын тілінен аударғанда «форма» – құрал, бірнәрсенің құрылымы, ұйымдастыру жүйесі деген мағынаны береді. Қазіргі таңда ата-аналармен жұмыс барысында дәстүрлі әдістерге қарағанда жаңашыл әдістер формасы әсерлі деп есептелінеді. Атап айтсақ, көрнекі насихаттау, on-line бақылау, отба-

сына қатынау, кеңес беру пункттері, ата-аналар жиналысы, әңгімелесу мен кеңес беру, ата-аналар конференциялары, ауызша журналдар, сауалнама жүргізу, ашық есіктер күні, дөңгелек үстелдер, клубтар ұйымдастыру, біріккен бос уақыттар, іскер ойындар ұйымдастыру және т.б.

Жоғарыда аталып өткен ұжымдық жұмыс формасына ата-аналар жиналысы, педагогикалық консилиум, ата-аналар конференциясы т.б. жатады. Бұл жерде нақты бір тақырып талқыланып, мәселелер шешіледі. Сондықтан мұнда белгілі бір мақсат қойылып, үрдіс барысында ережелердің сақталғаны абзал. Бұл отырыстардың диалог түрінде өткізілуі міндетті. Мәселен, бұл екі жаққа да өз позициясын көрсетіп, ашық ойлармен бөлісіп, сұхбаттасуға, ақылдасуға берілген зор мүмкіндік. Алайда этикалық нормалардың сақталуын, бала кемшілігін немесе бала тәрбиесіндегі ата-аналардың кемшіліктерін жарияламауды да естен шығармау керек.

Ата-аналармен жұмыстың маңызды сәті – үй педкеңестері, лекциялар, ауызша журналдар, ашық есік күндері, әкелер, әжелер, аталар клубтары, практикумдар және т.б. болуы қажет.

Ата-аналармен жұмыстың тағы бір басты формасының бірі жеке жұмыс болып табылады. Бұл жұмыс формасының тиімділігі – отбасыны тереңірек зерттеуге мүмкіндіктің пайда болуы. Яғни ата-ананың баламен топта және үйде жасайтын қарым-қатынасын бақылай отырып, баламен біріккен іс-әрекеттің нақты жолдарын белгілеуге болады. Баланы да өзіне үйреншікті ортада бақылау көп жаңаны ашуға мүмкіндік туғызады. Екінші жағынан ата-анаға да өз баласының тәрбиешісімен қарым-қатынасын бақылаудың пайдасы зор. Мұндада этикалық нормаларды қатаң сақтай отырып, ата-анамен тәрбиеші арасында тек берілген мәселе бойынша сұхбат құру аса маңызды.

Дифференциалдық жұмыстың бір формасы кеңес беру жұмысы болып табылады. Кеңес беру барысында мәселе тек талқыланып қана қойылмай, оны әрі қарай шешу үшін тәрбиеші тарапынан қажетті кәсіптік

көмек беріледі.

Педагогтің ата-анамен жұмыста көрнекілік насихаты да маңызды рөл атқарады. Мақсатқа бағытталған және жүйелі қолданылған көрнекі құралдар балабақшадағы тәрбиелеу әдістерімен, мазмұнымен, міндеттерімен ата-аналарды таныстыруға және отбасына практикалық көмек беруге ықпал етеді. Педагогикалық практикада көрнекіліктің әртүрлі түрлері қолданылады: натуралық, бейнелеушілік, сөздік-бейнелік, ақпараттық.

Ақпараттық насихаттаудың мысалы – ата-аналар бұрышы. Ата-аналар бұрышының материалдарын мазмұны бойынша екі бөлімге бөледі:

- ақпараттық сипаттағы материалдар (ата-аналарға арналған ереже, күн тәртібі, әртүрлі сипаттағы хабарландырулар);

- балабақша мен отбасында бала тәрбиесі сұрақтарын жариялайтын материалдар.

Онда баланы дамыту мен тәрбиелеу бойынша ағымдағы жұмыс көрінеді. Ата-аналар балаларының бөлмесін немесе бұрышын қалай жабдықтауды көрнекі түрде көре алады, сұрақтарына жауап алып, жақын арада қандай кеңестер болатындығы туралы біле алады.

Ата-аналармен жұмыстың тиімді формасы әртүрлі көрмелер болып табылады. Мысалы, балалар жұмыстарының көрмесі: бала суреттері, қолдан жасалған ойыншықтар, балалар кітаптары, альбомдары және т.б. Сонымен бірге көрмелер ата-аналарға бағдарламаның маңызды тарауын жариялау үшін, мысалы: «Отбасы мен балабақшада балалардың бейнелеу іс-әрекеті», «Ойыншықтар және оның тәрбиелік рөлі» тақырыбында өткізілуі мүмкін.

Ақпараттық парақтардың да рөлі зор, себебі мұнда өткізілген жиналыстар туралы, оқиғалар, экскурсиялар, көмек көрсету өтініштері, ерікті көмекшілерге алғыс туралы ақпараттарды енгізуге болады.

Кез келген жағдайда ата-ананы көңіл қоя тыңдау, балалардың жағымды жақтарына сүйене отырып, мейірімділік, жарқын жүзділік және құрметтаныту – көп қажығыстан шығарар жолдың бірі. Оларға өз баласын сүйіспеншілік пен қолдау, түсіністік пен табыстылыққа деген сенімнің қоршауында өсіруіне жағдай жасау қажет. Осы мақаланың соңын ұлы педагог А.С. Макаренконың «Балаларды тәрбиелей отырып, ата-аналар еліміздің болашақ тарихын, демек, дүниенің де тарихын тәрбиелейді» деген сөзімен қорытындылағым келеді.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. «Білім туралы» ҚР Заңы (27 шілде 2007 жыл)
2. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты 20.08.2013
3. Давыдова О.И., Богославец Л.Г., Майер А.А. Балабақшада ата-аналармен жұмыс: Этнопедагогикалық тәсіл - М.: ТЦ Сфера, 2005. – 144 б. - («МДҰ басқару» журналына қосымша).
4. Зверева О.Л. МДҰ ата-аналар жиналысы: әдістемелік құрал /О.Л. Зверева, Т.В. Кротова. - М.: Айрис – пресс, 2006. – 128 б. - (Мектепке дейінгі тәрбие мен дамыту)
5. Агавелян М.Г., Данилова Е.Ю., Чечулина О.Г. МДҰ педагогтардың ата-аналармен өзара қарым - қатынасы - М.: ТЦ Сфера, 2009.

ТАҒЫЛЫМДАМА БАРЫСЫНДА ТҮЙГЕН ОЙЛАР...

**А. Әділова**

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, Қарағанды қ.*

**М. Жакишева**

*Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана қ.*

---

**Аңдатпа.** Мақалада «Болашақ» бағдарламасы бойынша «Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту» тақырыбында ұйымдастырылған тағылымдама туралы айтылады.

**Аннотация.** В статье освещен ход стажировки по теме «Обучение казахскому языку как иностранному» программы «Болашақ».

**Abstract.** The training course on the subject «Training the Kazakh language as a Foreign one» of the «Bolashak» program is covered in article.

**Тірек сөздер:** «Болашақ» бағдарламасы, тағылымдама, тілді шет тілі ретінде оқыту.

**Ключевые слова:** Программа «Болашақ», стажировка, обучение языку как иностранному.

**Key words:** «Bolashak» program, training, training the language as a foreign one.

---

Мемлекет Басшысының ұсынысымен 23 жыл бұрын құрылған «Болашақ» халықаралық стипендиясы ҚР экономикасының нарықтық қатынастарға көшуі, халықаралық байланысты кеңейту жағдайында тиісті маман кадрларды даярлау мақсатын көздегені белгілі. 1993 жылғы 5 қарашада қол қойған «Шетелде кадрлар даярлау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясын құру туралы» қаулысы арқылы Н. Назарбаев алғашқы 250 «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындаған. Содан бері бұл бағдарлама бойынша әлемнің 35 еліндегі 170 үздік жоғары оқу орнында оқу үшін 12 000 астам қазақстандыққа стипендия тағайындалған. Алғашында экономиканың басым мамандықтары үшін берілген салаларда бакалавриат, магистратура, докторантура, тағылымдама арқылы дүниежүзінің үздік жоғары оқу орындарында кадрлар даярлаған бағдарлама жыл өткен сайын өз жұмыс ауқымын кеңейте түсті. Соның бір дәлелі – 2012 жылдан бастап тағылымдама бағдарламасының инженерлік-техникалық, медицина және педагог қызметкерлер санаттарымен толықтырылуы.

Биыл бағдарлама тарихында алғаш рет «Шет тілдерін оқыту әдістемесі Лингвистика. Филология 77Т» мамандығы бойынша «Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту» тақырыбында тағылымдама ұйымдастырылды. 8 аптадан тұратын бұл тағылымдама ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұсынысы бойынша Гумбольдт атындағы Берлин университетінің Орта Азия бөлімінде профессор И. Балдауфтің жетекшілігімен өтті. Бағдарламаға тікелей жауапты осы бөлімнің қазақ тілі және Қазақстан тарихы лекторатының оқытушысы Ph докторы Г. Масақова – рецептивті көптілділік маманы. Қазақ тілі және Қазақстан тарихы лектораты Гумбольдт университетінде 2010 жылы Қазақстан Республикасының Германия Федеративтік Республикасындағы елшілігінің көмегімен ашылған.

Тағылымдама мақсаты білім беру жүйесінің түрлі сатысында тілді оқыту әдістемесімен таныстыру болғандықтан, оның бағдарламасы түрлі типтегі мектептерде, тіл орталықтарындағы, Гете институтындағы, университеттегі сабақтарда қолданылатын әдіс-тәсілдерді, дүниенің әр



тарапынан келіп оқып жатқан студенттермен тіл табысып, оларға тіл үйретіп жатқан оқытушылардың тәжірибесін көруді, үйренуді көздей құрылған.

144 үміткер қатысқан конкурс нәтижесінде 11 маман Берлинде Гумбольдт университетінде тағылымдамадан өтті. Тағылымдамадан өтушілер арасында жоғары оқу орындарының оқытушылары, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының қызметкерлері және жалпы білім беретін мектептердің қазақ тілі пәні мұғалімдері бар.

1809 жылы ағайынды Александр және Вильгельм Гумбольдт ашқан университет XIX ғасырдан бастап Еуропаның ірі ғылыми орталығы болып саналады. Оның 29 түлегі әр салада Нобель сыйлығына ие болған. Атақты түлектерінің қатарында физик А. Эйнштейн мен М. Планк, ақын Г. Гейне, ағайынды жазушылар Гриммдер, философтар Л. Фейербах пен К. Маркс, медик Р. Кох, Герман империясының бірінші канцлері О. Фон Бисмарктің есімдерін атауға болады. Университеттің 11 институтында (факультетінде) 261 мамандық бойынша 31 000 студент білім алады, оның 14 %-ы шетел азаматтары. Университеттегі герман филологиясы факультетінің негізін қалаушы атақты жазушы-ертегішілер ағайынды Гриммдер атындағы кітапханада 2 миллионнан аса кітап қоры бар.

Тіл үйретудегі түрлі технологиялармен танысып, олардың тиімділігін байқатып, нақтылау үшін Германияның білім беру жүйесі ерекшеліктеріне назар аудару жоспарланған, себебі мұнда неміс тілі және негізгі шет тілі болып саналатын ағылшын тілі мектептен бастап, бакалавр, магистратура, докторантурада оқытылса, олардан басқа білім алушылар тарапынан таңдалатын, француз, орыс, қытай, латын тілдеріне 7-сыныптан бастап үйретеді, әрі бұның бәрі оқушының болашақ мамандығымен тікелей байланысты екені байқалады, сонымен қатар бұл жаһандану заманында халықаралық байланыстардың тек ағылшын тілімен ғана шектелмеуіне де ықпал етеді. Сонымен бірге неміс тілі көптеген мектеп, гимназиялардағы Willkommen сы-

ныптарында оқытылады. Бұл сыныптарда әр елден түрлі себептермен келген, көбіне босқындардың балалары оқиды. Жасы 12 мен 18 аралығындағы балалар бір сыныпта оқып, неміс тілін үйреніп, жетілдіреді де, 1 жылдан соң өз сыныптарына ауыстырылады.

Жалпы, Германияның орта білім беру жүйесінің ерекшеліктері мен тіл үйрету әдістері В. Гумбольдт, Андреас, Макс Планк, Эрнест Аббе, Иоханн Готлиб гимназияларының оқу процесі, педагогикалық іс-әрекетімен танысу барысында анық байқалды. Соңғы аталған гимназия 1975 жылы ашылса, қалған төрт гимназияның 100 жылдан артық тарихы бар. Бұлардың бәрінен байқалатын ерекшеліктер - оқушы мен мұғалімнің еркіндігі, шығармашылығы, тұлғалық дамуға барынша қолдау көрсету, оқушыларды терең және жан-жақты ойлауға үйрету, дискриминацияға, нәсілшілдікке қарсылық. Оқу процесі Монтессори педагогикасына сүйенетіндіктен, мектеп баланың қабілетін аша отырып, білім алушыларды алған білік-дағдыларын шығармашылықпен өмірде қолдана алуға бағыттайды. Мектептегі балалар еркін жүріп-тұрып, өзі қалаған ісімен айналыса алады, бұл оның білімін тереңдетеді, яғни бұл мектептерде ойын, іс-әрекет арқылы тұлғалық даралықты қалыптастырады.

Бұл гимназиялар Монтессори педагогикасының ұраны: «өзім жасауға көмек бер»-ді басшылыққа алғандықтан, жабдықталуы жоғары, оқушының барлық нәрсені өз қолымен жасауға мүмкіндігі бар, материалдар көрнекі, оңайдан қиынға бағытталған. Қолда бар материалдың барлығы пайдаланылып, оқушылар шығармашылық ортаға бейімделеді, олар не қаласа, соны жасайды, қолайлы психологиялық орта қалыптасады.

Баланы мектепке түскен бетте Монтессори бағдарламасымен таныстырады, себебі оқушы «Не үшін оқимыз? Нені, неге үйренеміз? Теорияны білу ме әлде оны іс жүзінде қолдана алу ма?» деген негізгі сұрақтардың жауабын алуы керек.

Аталған гимназиялардың түлектері Abitur (біздің ҰБТ-нің аналогі) тапсырып,

өзі қалаған жоғары оқу орнына түсе алады.

Жоғары оқу орнының құрылымдық бір бөлімшесі ретінде Гумбольдт университетінің Тіл орталығының жұмысымен таныстық. Тіл орталығының мақсаты – азаматтарды мамандығын меңгеру үшін неміс тіліне үйрету, Еуроодақ аумағында студенттер мобильділігін, қарым-қатынастағы көптілділікті қамтамасыз ету, үздіксіз білім беру. Орталық 1951 жылы ашылған, 4 бөлімі бар: герман тілдері, көне тілдер, экзотикалық тілдер (мылқауларға арналған неміс тілі, араб, түрік, қытай), славян тілдері. Жұмыс бағыттары: тіл үйрету курстарын ұйымдастыру, емтиханға дайындық, консультация.

Тіл курстары жалпы тіл үйрету, ғылым тілін жетілдіру, мамандық тілін үйрету деп үшке бөлінеді. Олардың біріншісінде тілді күнделікті қарым-қатынас құралы ретінде үйретсе, екіншісінде ғылыми жұмыстар жазуға дағдыландырады, ал үшіншісі түрлі сала бойынша тіл үйретуге машықтандырады. Олардың бағдарламалары неміс тілін екінші тіл, шет тілі ретінде оқуға байланысты құрылған.

Оқу әрекетінің бір ғана түріне негізделген тіл курстары жұмыс істейді. Студенттердің таңдау компонентіне байланысты осы курстарда Гумбольдт университетінің 10 мың студенті оқиды, оның 3 мыңы шетелдік, 7 мыңы неміс елінің азаматтары. Айта кету керек, бұл елде жоғары оқу

орындарында білім беру тегін, яғни коммерциялық негізде оқыту жоқ болғанмен, тіл курстары ақылы.

Мұнда 14 тіл үйрету курсы бар, оның 9-ы УНИСЕРТ аккредитациясынан өткен, ал УНИСЕРТ ұйымы елдегі 140 ЖОО ынтымақтастығы нәтижесінде ЕО Тілдер концепциясы бойынша оқу орындарының түрлеріне, мақсатына қарай деңгейлік білімді тест арқылы тексеруді біріздендіреді. УНИСЕРТ бойынша А1-В2 деңгейі тест, С1-С2-де күрделенген емтиханмен тексеріледі, қосымша графада тілді білуі басқа жұмыс, әрекет арқылы да анықталады.

Тіл орталығының медиатекасында 152 тіл бойынша 33 мыңнан аса материал бар (кітап, сөздік, фильмдер, үйретуші бағдарлама, кассеталар).

Бұл орталықтың тіл үйрететін оқытушыларына қойылатын талаптар мен біліктілік арттыру жүйесі туралы Росслер ханым өздері курстар ұйымдастыратынын, әріптестен әріптеске форматында өзара тәжірибе алмасатынын, Воргшоп арқылы түрлі семинар, шеберлік сыныбы, кәсіптік қайта даярлау, жетілдіру курстары ұйымдастырылатынын айтты.

Жалпы алғанда, Германияның білім беру жүйесінен де, тілді оқыту тәжірибесінен де еліміздегі білім беру мекемелеріне де, қызметкерлерге де, мұғалімдерге де үйренер, тағылым алар нәрселер көп.

## БАБАЛАР ІЛІМДЕРІНІҢ ҮНДЕСТІГІ

**С. Сеңкібаев**

*п.ғ.к., А.Мырзахметов атындағы  
Көкшетау университетінің доценті, Көкшетау қ.*

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ халқының ұлы ағартушы-ұстазы Ыбырай Алтынсариннің тарихи баға жетпес ілімінің негізінде, ұлт зиялыларының оқу-ағарту саласындағы үндестігі баяндалады.

**Аннотация.** В статье говорится об исторической заслуге великого казахского педагога-просветителя Ы.Алтынсарина в становлении образования в Казахстане и влияние его идей на потомков.

**Abstract.** The historical merit of the great Kazakh teacher-educator Y. Altynsarin in formation of education in Kazakhstan and influence of his ideas on descendants are described in the article.

**Тірек сөздер:** ағартушы-ұстаз, ұлт зиялысы, ұлтжандылық, отансүйгіштік, алаш жұрты, зиялылық, тәлім-тәрбие, бабалар үні, ұстаз, ілім, педагогика, патриотизм, жаңашылдық, құндылық, білімділік, ұлттық рух.

**Ключевые слова:** педагог-просветитель, национальная интеллигенция, патриотизм, любовь к Родине, воспитание, преемственность, учитель, учение, педагогика, новаторство, ценности, знание, дух нации.

**Keywords:** teacher, educator, national intelligence, patriotism, love for the motherland, education, continuity, teacher, teaching, pedagogy, innovation, values, knowledge, spirit of the nation.

Құзар басын ақ қар басқан биік шыңдарға алыстан көз салсаң, жаныңда манаурап қол тастам жерде тұрғандай, ал жақындасаң алыстай береді. Тегінде, өз сырын ешкімге білдіртпей, өздері сақтағанды ұнататындай. Ұлы тұлғаларда дәл сондайма дерсің... Олардың ұлы істерін зерделеп, тереңіне барған сайын, даналық сырларын өздері ғана сақтап, құпияларын бойында ұстауды жөн көретіндей. Шын мәнінде, кешегі өткен ұлы бабалар ілімі күні бүгінге дейін тегіс ашылып, ұрпақтар игілігіне толық пайдалануда деу артықта болар. Оған әрине әртүрлі уәжде айтуға болады.

Алайда, ұлттық құндылықтар мәселесін кесе көлденең қоятын уақыт болған сияқты. Әсіресе, бабаларымыздың халық тағдырына байланысты істеген ұлы істерімен өнегелі сөздері бүгіндері керек-ақ. Әрісі көне түрік, Қорқыт ата, Баласағұн, Қашқари, орта ғасырлық қазақ ғұламаларының поэзиялық жыр толғаулары, бергісі Абай,

Ыбырай, Шоқан ілімдерінен нәр алған қызыл империяның жазықсыз құрбандары болған қазақ зиялыларының тәлімдік, тәрбиелік ғибратнамаларының бір-бірімен үндес болуы, тарихи да табиғи заңдылық. Бұл арада бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа аманат жүгінің жалғас табуы, үзілмес ұрпақ байланысының мәңгілік екендігін көрсетсе керек.

Бүгінгі сөз арқауы болып отырған қазақ халқының бір туар дара тұлғасы, ұлт педагогикасымен тәлім-тәрбиесінің ата-сы, ұстаз Ыбырай Алтынсариннің жалғыз қазақ педагогикасында емес, Қазақстанның ұлт болып өсіп, өркендеу жолындағы еңбегі мәңгілік өлшеусіз құндылық. Ы. Алтынсарин қазақ халқын сауаттандыру барысында тек Ортаазиялық ілімдерді ғана жаратып қойған жоқ, сол замандағы дамыған алдыңғы қатарлы ілім, білімді ел игілігіне ұқсата білді. Прогресшіл орыс зиялыларын шебер пайдалана отырып, қазақ

жұртына әлеуметтік маңызы бар жаңашыл ұстанымдарды енгізді. Өз халқын әлемдік биікке жеткізу үшін, ол қолынан келгенін бәрін жасап бақты. Жеке қаражатынан мұғалімдерге жалақы төлеуден басқа, оқулықтар мен әдістемелік құралдар, мектептердің материалдық жағдайлары, ұлттық алфавитті қалыптастыру..., қала берді реакциялық ресей үкіметінің шенеуліктерімен айқасулары ұлы ұстаздың «қазағым», «халқым» - деп соққан жүрегінің түбіндегі ұлтжандылықпен отаншылдық сезімдерге байлығын көреміз [1].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Біздің алдымызда бабаларымыздың игі дәстүрлерін сақтайтын күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болатын ұрпақ тәрбиелеу міндеті тұр» - деген болатын [2]. Ұлтжандылық пен отансүйгіштікті оқушылар бойына құрғақ уағыздармен қалыптастыру мүмкін емес. Оны тек қана елін – жерін қасық қаны қалғанша қорғап, қай қалада болмасын өздерінің батылда, іргелі істерімен өнеге көретіп өткен от жүректі бабалар рухында ғана тәрбиелеуге болады.

Сондықтанда, Ыбырай атамыздың ұстаздық-ағартушылқ еңбегі мәңгілік. Егемендік алғаннан бері ұстаз туралы жаңа биіктер төрінен талай зерттеулермен лайықты лебіздер айтылып келеді. Ол қуантарлық жәйт. Мақсат, сол еңбекті ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп жеткізуде.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақтың жазба әдебиеті мен ұлттық тәлім-тәрбиесін қалыптастырушылар, А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин тағы басқаларының еңбектерінің тарихи маңызы зор. Олардың озық ойларын XX ғасырдың алғашқы ширегінде, Ә.Диваев, М.-Ж.Көпеев, Ш.Құдайбердиев, М.Сералин, А.Байтұрсынов, Ғ.Қарашев, С.Көбеев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Ә.Бөкейханов, М.Жұмабаев жалғастырып, ұлттық педагогика ғылымының туып, қалыптасуына көп еңбек сіңірді. Еліміздің сан ғасырлық тарихында талай қанды оқиғалар мен қасіреті мол кезеңдер болған. Ресей патшалығы керек десеңіз, қазақ халқын өз тілінен, дінінен, ділінен айырып, мәңгүртік-

ке әкелмекші болғанын білеміз. Ұлтты бір-біріне қарсы қойып, айдап салу саясаты кеңінен қолданылды.

Мәселен, II Екатерина Орынбор генерал – губернаторына жолдаған нұсқау бұйрығында:

«1. Қырғыз-қазақ халқының бір ру басшыларын екінші ру басшыларына араз етіп, бірімен-бірін қас етіп, бірінің етін бірі жеуге себеп болыңыз.

2. Сұлтандарын бірімен-бірін араз қылып, бірімен-бірін иттей тартыстырып, бірінің етін бірі жеуге себеп қылардай іс қылыңыз.

3. Қырғыз-қазақтың басшы адамдарын сұлтандарымен араз қылып, сұлтандарын өз қол астындағы ақсақал адамдармен араз қылыңыз. Арасына от түскен уақытта жанып кетердей көкір-сөкір даярлай беріңіз» - деп сол кезге тән сұрқия саясат жүргізеді [3].

Сонымен қатар, XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей Қазақстанды толық отар елге айналдырды. Қазақстанға Ресейдің орталық облыстарынан жерсіз шаруалар көшіріліп қоныстандырылды. Патша үкіметі казак-орыстарға ең шұрайлы қара топырақты жерлерді кесіп берді. Сонымен бірге казак-орыстар Қазақстанды әскери тірек мақсатында пайдаланды. XVIII ғасырдың 60-70 жылдарында әскери қамалдарға орыс солдаттары мен қоса, саудагер-көпестер де келіп орналаса бастады. Қазақ халқы мен орыс халқының экономикалық байланыстарын өрістетуде қала-қамалдардың рөлі артып, олар әрі әскери бекініс, әрі сауда-саттық, өндіріс орталықтарына айналды. Орыс шаруалары Қазақстанның қара топырақты жерлерін иемденіп, егіншілікпен айналысты. Сөйтіп, малшы қазақ халқы жайылым жерлерінен айрылып, Ресейдің колонизаторлық саясатының нәтижесінде әржақты қысымшылыққа ұшырады [4].

XX ғасыр басында Ресей өзінің экономикалық даму барысында капитализмнің жоғарғы сатысына аяқ басты. Елде өнеркәсіптің дамуы мен товар өндірісі, сыртқы сауда-саттық байланысының өсуіне итермеледі. Ол үшін үкімет ішкі және сыртқы

рыноктың бар мүмкіндіктерін өз ыңғайына икемдестіру саясатын жүргізді. Осы тұста қазақ жұмысшы табыда қалыптаса бастаған кез болатын.

Қазақ пролетариатының қалыптасуына Ресейден жер аударылған саяси тұтқындар көп әсер етті. Олар халық арасында патша өкіметінің жыртқыштық саясатын әшкерлеумен қатар, оған қарсы күрес жүргізудің айла-тәсілдерін үйретті. Сонымен қатар халық арасында оқу-ағарту жұмыстары да жүргізілді. Осы кезде әртүрлі саяси партиялар құрылып, газеттер шығарылды. Бірінші орыс революциясы қазақ халқы өмірінде тарихи маңызы бар уақиға болды.

Патша өкіметінің сол кездегі геосаясаты түбегейлі түрде қазақ жерін өзіне қаратып, шығысқа жол ашу еді. Өзімен шекаралас жерлерде дала бекіністерін салу 1740 жылы басталды. Халық арасында «қасірет белдеуі» деген атқа ие болған бұл бекіністер, шын мәнінде қазақ халқына ауыртпашылықты көп әкелді. Өздерінің саясаттарымен келіспеген қазақтарды түрмеге қамап, жер аударды. Заңсыздықпен дөрекілік қанат жайды. Елді орыстандыру саясаты жүйелі түрде жүргізілді. Ұлан байтақ территорияны басқару үшін Ресей үкіметі жергілікті бай балаларына арнап мектептер аша бастады. Сөйтіп, 1870 ж. Ресей Оқу ағарту министрлігі ұлттық мектептер туралы заң шығарды. «Ресей жерін мекендейтін бұратаналарды оқыту шаралары» заңының басты қағидасы, орыстандыру саясаты болды. Оған орыс миссионерлері тартылды. Солардың ішінде миссионер Н.И.Ильминский қазақ балаларын орыстандыру үшін көп күш жұмсаған болатын [5]. Кеңестік дәуірде жарық көрген қазақ энциклопедиясы ұлы державалық идеологияға сай, Қазақстанның Ресейге қосылуын ұлы орыс халқының мейман достық қасиетімен түсіндірмек болды. Мысалы, ҚССР-ның энциклопедиялық қысқаша 1-ші томында: «Обладая огромной территорией, неиссякаемыми природными богатствами, гениальный и великодушный русский народ, часто ценой больших жертв и лишений приходил на помощь соседним народам...» - деп жазылған [6]. Шындығын-

да, қазақ жерін отарлау Ресей үкіметінің “мейірбандық” қасиетіне байланысты емес еді. Бұл саясат шын мәнінде жыртқыштық айла-әрекеттермен жүргізіліп, соның нәтижесінде халқымыз талай қырғынға ұшырады. Ресей отаршылдары табиғи байлықты иемденіп қана қоймай, қазақтарды рухани жағынан да отарлады, оларды тілінен, дінінен, ділінен біртіндеп айыру саясатын жүзеге асыра бастады. Қазақ ауылын басқаратын әкімшілік жүйе патша өкіметінің әкімшілік аппаратымен біте қайнасқан бай-шонжар өкілдерінің қолдарында болды. Олардың балаларын орысша оқытып, ел билеуші кіші әкімдер даярлауды мақсат етті. Сол мақсатпен қалалар мен селоларда мұсылман мектеп-медреселерімен бірге орыс-қазақ мектептері ашыла бастады. Қазақ шонжарларының балалары Орынбор, Қазан, Омбы, Уфа, Астрахань сияқты орыс қалаларына барып білім алатын болды. Қазақстанда жергілікті әкімдер даярлау мақсатында әр жерден мектептер ашылды.

Қазақ жеріне жер аударылып келген революционер-демократтар, отаршылдардың зорлық-зомбылығы мен өктемдік саясатын қолдаған жоқ, керісінше, қазақтардың еркіндігін қолдады, олардың арасында білім мен мәдениетті таратуды жақтады. Олардың идеяларынан нәр алып, өз білімдерін халық игілігіне жұмсауға бағыттаған ағартушылар – Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин және тағы басқа көзі ашық ағартушылар болды. Абай жолын жалғастырушылар, әрқашанда ұлы ойшылдың айтқандарына баса көңіл бөліп, қазақ елін надандықтан құтқарудың бір ғана жолы оқу-ағарту деп ұқты. Екі ғасыр тоғысындағы аумалы-төкпелі дәуір мен саяси оқиғалар қазақ ұлтының арасынан өз саяси қайраткерлерін шығарды. Бұл зиялылар өздерінің бар ғұмырын өз елі мен халқының бақытына арнап, сол жолда құрбан болды.

Атап айтқанда, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев өз өмірлерінде Қазақстандағы оқу-білім мәселелерін терең қарастыра отырып, Ыбырай, Шоқан, Абайлардың ісін алға апарушылар болды. Қазақ халқына оқу-білім беру, елдің бостандығы



мен егемендігі қазақ зиялыларының басты арманы еді. Сол үшін де ХХ ғасыр басында саяси-әлеуметтік мәселелерімен айналысуларына тура келді. Қазақ зиялыларының ағартушылық ой-пікірлері мектеп ашу, оқу құралдарын жазу, халықты мәдениет пен өнер-білімге үндеумен байланысты сипатын Ресей мемлекетіндегі ХІХ-ХХ ғғ. болған саяси-экономикалық және мәдени-ағартушылық саладағы өзгерістерден бөліп қарауға болмайды [7]. «Халық жауы» деген жалған айып тағылып, зорлық-зомбылық заманының құрбаны болған ұлтымыздың талай боздақтарының есімдері, әлі де болса тарихтан өзінің орнын ала алмай келеді. Жазықсыз жапа шеккендердің арасында қазақ халқының бостандығы мен бақыты үшін күрескен, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Сералин, М.Жұмабаев тағы басқа жүздеген зиялыларымыздың болғанын білеміз. Олардың есімдері еліміз егемендікке қолы жеткеннен кейін ғана қайта оралды

Қазақ халқын сауаттандыру үшін, мәселен, А.Байтұрсынов бірнеше еңбек жазды. «Қырық мысал», «Маса», «Қазақша оқу жайынан», «Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек», «Қазақша сөз жазушыларға», «Әліппе – таңбалар жұмбағы», «Әліп-би», «Тіл құрал», «Тіл жұмсар», «Баяншы», «Қай әдіс жақсы», «Оқу құралы», «Әдебиет танытқыш» т.б. еңбектері қазақ тілі мен әдебиеті, оның тарихы мен теориясы, оқыту әдістемесіне қатысты көптеген мәселелерді қамтыды. Олардың көпшілігі ұзақ уақыт оқу құралы ретінде пайдаланылды. А.Байтұрсынов қазақ музыка өнерін зерттеп, жинастырушылардың бірі болды. Ал, Ж.Аймауытов 20-шы жылдары қазақ мектептері үшін педагогика мен психология туралы «Тәрбиеге жетекші», «Психология», «Жан жүйесі және өнер таңдау» тағы басқа оқулық, әдістемелік құралдар жазды. А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытовтармен қатарласа халықты “Оян, қазақ” атты шығармасымен белсенді іс-әрекетке шақырған көрнекті қоғам қайраткері Міржақып Дулатов болды. Оның мақалалары мен өлеңдері қазақ халқын оқу-білім алуға шақырды. Әсіресе, А.Байтұрсыновпен бірлесе шығарған «Қазақ» газеті М.Дулатов үшін

де, қазақ халқы үшін де үлкен өмір мектебі болды. М.Дулатов бала жанын терең түсінген психолог әрі әдіскер ғалым. «Жас балаларды оқыған нәрсесі хақында ойлануға, оның мағынасын, қасиеттеуге сездіруге қалай үйретпек керек? Баланы оқыған нәрсесін бір-біріне ұйқастырып ойлануына, оқып шыққаннан кейін жадында ретті һәм толық мағынасымен қалдыруға әдеттендіру керек» - деп, баламен жұмыс істеудің түрлі әдіс-тәсілдерін жан-жақты қарастырады. Ұлттық сана-сезімді ояту, қазақ халқының өз алдына дербес егеменді ел болуы, оқу-ағарту, тегін білім беру мәселелері 1913-1917 жж. Орынборда қазақ зиялылары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов бастап шығарған «Қазақ» газетінде үнемі арнайы сөз болып келді. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов бастаған қазақ зиялылары 1911-1917 ж.ж. аралығында «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің маңына берік топталып, өздерінің саяси мақалалары мен өлең-жырларында қазақ елінің қараңғылықта, екі бірдей езгіде азап шегуін ашық баяндап, халықты саяси күреске шақырып отырды. [8].

Сондықтан да «Алаш» көсемдері мен «Алашорда» үкіметінің басшылары Қазан революциясының ұрандарын, Кеңес өкіметінің идеялары мен нақты іс-әрекеттерін қабылдамады, оларға қарсы шықты. Олардың «Қазағым қайраттан», «Ұйымдасып жеке отау тігіп ел болайық», «Ел қамын ойлаушы зиялы қауым болып бас қосайық, бірігейік» деген ұрандары орыс үкіметінің ұлы орысшыл шовинистеріне шаншу болып тиді. «Алаш» партиясының көрнекті қайраткерлерінің бірі, кеңестік тоталитарлық зорлық-зомбылықтың жазықсыз құрбаны болған, қазақ халқының рухани, мәдени, әдеби әлемінде өзіндік өшпес із қалдырған әрі лирик ақын, әрі көрнекті педагог, әдіскер-ғалым, ұстаз, қоғам қайраткері М.Жұмабаев болатын. Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығын, оның бүкіл саналы өмірі, қазақ ұлтының ар-намысы үшін күресі, ұлттық езгіден шын мәнінде құтылуға шақырған жалынды сөздері, ұлттық сана-сізімді қалыптастыруда ора-



сан зор рөл атқаруда. Мағжан поэзиясында әуел бастан-ақ, ұлт-азаттық сарыны басым болады. Өте жас болса да, 18-20 жастың аралығында Мағжан патша өкіметінің аз ұлттарға жасап отырған қиянатына қарсы өзінің поэзиясымен күресе білді. Уфа мед-ресесі, Омбы мұғалімдер семинариясында (1913-1917 жж.) оқыған кезінде, «Айқап», «Қазақ» газеттерін де өз өлеңдерін жариялап, ұлттық сана сезімді қалыптастыруға зор үлес қосты. Сонау ерте кезеңде басталған Ресей отаршылдығының, одан кейінгі кеңестер тұсында бірде-бір дау тудырмаған қоныстандыру саясатының, тың игеру, полигондар салу кезеңдерінің нәтижесінде, қазақ даласында экологиялық апаттың нышандары болуын Мағжан ерте кезде сезген бе деп қаласың. Тағы бір айта кететін жай, «Туған жерім – Сасықкөл» деген өлеңінде, Мағжан «қазақ халқының тапқа бөлініп жіктелуі анық болмаған, қазақтың байы мен кедейі бір-біріне қарама-қарсы тап емес» - деген ойын да аңғарамыз. Мағжан көп уақыт бойы, кеңестік дәуірде де, белгілі бір топтың мүддесін жырлайды. Өмірінің соңғы кезінде кеңестік қыспаққа алынғанда, амалсыз жағдайда ақынның кейбір өлеңдерінде таптық принцип айтыла бастайды.

Мағжан Жұмабаев өз ұлтын азат етудің бірден-бір шарты оқу-ағарту, надандықтан құтылу ғана емес, батыл әрекет, күрес қажет дейді. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс қарсаңында, «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 9,25 маусым күндері шыққан санында ақын өзінің «Дін үйреткенге», «Есімде тек таң атсын» деген өлеңдерін жариялады. Ақын алдымен халқымыздың өткен шағына көз тастап, «ел шетіне жау тигенде, ақ найза, алты құлаш белге байлап, айнымас алдаспанды қолға алып, қанатты, қажымайтын тұлпар міндік, жібекпен жетпіс қабат белді будық, құрсанып қылыш өтпес мұздай темір, қиядан қыран құста жауға ұмтылдық», - деп «енді осы ерлік кезеңімізді тағы қайталайық, тек жата бермейік», - дейді. Бостандық үшін отаршылдыққа қарсы күресер кезең жақын, 1917 жылғы революциялық дүмпүлер міне-міне болатындығын жырлайды [9].

Сол уақыттағы саяси жағдайларға тікелей араласып жүрген Мағжан, өзінің ертеден көтеріп жүрген мәселесі – оқу-ағарту жұмысымен айналысқанын мұрағат құжаттары да қуаттайды. 1920 жылы Петропавл қаласында қазақ мұғалімдерінің Омбы губерниялық курсы ашылғанда өз қолымен толтырылған анкетадан негізгі мамандығым «киргизская словесность» дегеніне қарамай, педагогикадан, қазақ тілі мен ұлт тарихынан лекциялар оқып келгенін жазыпты. Мағжан 45 жылдық ғұмырының жартысынан астамын оқу білімге, ұстаздық, тәлім-тәрбиеге арнаған. Ақындық шеберлігінің өзін бала тәрбиесіне, оқу-ағарту жұмысына жұмсаған.

Бүгінгі таңда жастарға азаматтық тәрбие мен сапалы білім беруде маңызды идеологиялық міндеттің бірі – оқушыларды Қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу, яғни оқушы-жастарға әрдайым Қазақстан біздің Отанымыз екенін жете түсіндіріп отыру. Бұл түсінік өте кең мағынаны қамтиды. Біздің елімізде тұратын әрбір жас азамат өзінің қай ұлттан шыққанына қарамастан, өзі туып-өскен Отанын – Қазақстанды құрметтеуге міндетті. Әсіресе, оқушыларды еліміздің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге үйретудің тәрбиелік маңызы ерекше. Оның мәнділігі сол - қоғам мүшелерінің саяси мәдениеті жоғары болған жағдайда ғана, тәуелсіз мемлекеттің өсіп, өркендеуі де саналы, қарқынды жүргізілетіні даусыз.

Сондықтан, қазақ мектептерінде оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, XX-шы ғасыр басындағы ұлт зиялыларының істері мен өмір жолдарын оқып-үйренуді ұрпақ тәрбиесіне жүйелі енгізіп, пайдалана білу қажеттілігі бүгінде дау туғызбайды. Жаһандану жағдайында ұлттық білім беру мәселесі оның дамуы және интеграциялануының барысында жастар тәрбиесі ұлттық құндылықтармен, мәдениетарлық байланыс тіл, діл ұлттық байлықпен толықтыруды қажет етеді.

Демек, жеткіншектерді ұлттық рухта тәрбиелеу үшін қазақ халқының ұлы ғұламаларының, оның ішінде Мағжан Жұмабаевтың мұраларын пайдалану әбден қажет.

Оның қажеттілігі қазір айқын сезілуде. Жаһандану дәуірінде Қазақстан бірнеше сырт мемлекеттердің қоршауында тұрғаны анық.

Олай болса, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың сөзімен айтсақ: «...біздің ұрпағымыз өзіне тән тектілігімен, бұлалығымен, жасқануды білмейтін тәкаппарлығымен, батылдығымен, айлалығымен дараланатын Барыс болмақ. Ол, ешкімге бірінші болып шабуыл жасамайды, әрі тікелей соғыстардан тартынатын бола-

ды. Бірақ, ол өзінің еркіндігі, тұрағына, ұрпағына қатер төнген жағдайда, ол бұларды басын тігіп, бойындағы барын салып қорғайтын болады. Ол сыптай да, серпінді болуға және семіздік пен жалқаулыққа бой алдырмауға тиіс, әйтпеген күнде ол қатаң табиғи ортада өмір сүре алмайды» - деп тұжырымдаған [11]. Олай болса, қазақ педагогикасымен ағарту ісінің атасы, ұлттың ұлы патриоты Ыбырай Алтынсариннің салып кеткен сара жолын әрі қарай дамыту бүгінгі ұрпақтың парызы болмақ.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Сембаев Ә.І. *Қазақ совет мектебінің тарихы.* – Алматы: Мектеп, 1967. – 150 б.
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан -2030»: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: Білім, 1997. -176 б.
3. Сапарғалиев Г. *Карательная политика царизма в Казахстане (1905-1907 гг).* Алма-Ата, 1966. – 250 с.
4. Бекмаханов Е. *Очерки из истории Казахстана.* - Алма-Ата: КГИ, 1966.-350 с.
5. Ильясова А. *История становления и развития педагогической науки в Казахстане (1917-1988): На соискание науч. степени к.п.н.* – Алматы, 1989.
6. *Казахская ССР Краткая энциклопедия. т.1.* – Алма-ата, 1985. - 550с.
7. Мұхтар Құл-Мұхаммед *Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы.* – Алматы: Атамұра, 1998. - 360 б.
8. Бектұров Ж. *Тағдыры қиын талант // Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеулер.*- Алматы: Жалын, 1992. - 305-344 б.
9. Жұмабаев М. *Педагогика.* - Алматы: Ана тілі, 1992. - 160 б.
10. Елеукенов Ш. *Мағжан. Өмірі мен шығармашылығы.* – Алматы: Санат, 1995. – 384 б.
11. Назарбаев Н.Ә. *Мұғалімдердің II съезіндегі сөзі. // Егемен Қазақстан.* -2001. – 3 ақпан

- Ағзамова А. Б.** - э.ғ.к., С.Баишев атындағы Ақтөбе университетінің ректоры, Ақтөбе қ.
- Адамова М. Е.** - Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының аға ғылыми қызметкері, Астана қ.
- Әділова А.** - Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, Қарағанды қ.
- Бейсебекова А. М.** - Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының аға ғылыми қызметкері, Астана қ.
- Даньяров Ғ. З.** - Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының аға ғылыми қызметкері, Астана қ.
- Жакишева М. К.** - Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының аға ғылыми қызметкері, Астана қ.
- Жусупов М. Ж.** - Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының аға ғылыми қызметкері, Астана қ.
- Исмагулова С. К.** - Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының аға ғылыми қызметкері, Астана қ.
- Қалдығалиева Р. Ф.** - музыка пәнінің мұғалімі, №3 Қарауылкелді орта мектебі Байғанин ауданы Ақтөбе облысы
- Қожанұлы М.** - ф.ғ.к., доцент, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы ұлттық қорғаныс университеті, Астана қ.
- Құрман Н. Ж.** – п.ғ.д., М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті Қазақстан филиалының профессоры, Астана қ.
- Нұрмұханова К. Н.** - Нұраталды орта мектебі, Шет ауданы, Қарағанды облысы
- Окенова Б. Б.** - екі шет тілі мамандығының магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.
- Разбекова З. К.** - «Өрлеу» БАҰО» АҚ Қарағанды облысы бойынша ПҚБАИ, Қарағанды қ.
- Сеңкібаев С.** – п.ғ.к. доцент, А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.
- Смағұлова Б. К.** - Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының аға ғылыми қызметкері, Астана қ.
- Терегулов Ф. Ш.** - п.ғ.д., профессор, педагогика, психология және пәндік технологиялар кафедрасы, С.Баишев атындағы Ақтөбе университеті, Ақтөбе қ.
- Шуиншина Ш. М.** – п.ғ.к., Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана қ.

- Агзамова А.Б.** - к.э.н., ректор Актюбинского университета им. С.Баишева, г.Актобе
- Адамова М. Е.** - старший научный сотрудник Национальной академии образования им. И.Алтынсарина, г. Астана
- Адилова А.** – профессор кафедры казахского языкознания, Карагандиский государственный университет им. Е.А.Букетова, г.Караганда
- Бейсебекова А.М.** - старший научный сотрудник Национальной академии образования им. И.Алтынсарина, г. Астана
- Даньяров Г.З.** - старший научный сотрудник Национальной академии образования им. И.Алтынсарина, г. Астана
- Жакишева М.К.** - старший научный сотрудник Национальной академии образования им. И.Алтынсарина, г. Астана
- Жусупов М.Ж.** - старший научный сотрудник Национальной академии образования им. И.Алтынсарина, г. Астана
- Исмагулова С.К.** - старший научный сотрудник Национальной академии образования им. И.Алтынсарина, г. Астана
- Калдығалиева Р.Ф.** – учитель музыки, СШ №3, с. Карауылкелди, Байганинский район, Актюбинская область
- Кожанулы М.** – к.ф.н., доцент, Национальный университет обороны имени Первого Президента Республики Казахстан – Лидера Нации, Астана қ.
- Курман Н.Ж.** – д.п.н., профессор Казахстанского филиала МГУ им. М.В. Ломоносова, г.Астана
- Нурмуханова К.Н.** – Нураталдинская средняя школа, Шетский район, Карагандинская область
- Окенова Б. Б.** - магистрант специальности «Иностранный язык: два иностранных языка», КазНПУ им.Абая, г.Алматы
- Разбекова З.К.** - филиал АО НЦПК «Өрлеу» ИПКПР по Карагандинской области, г.Караганда.
- Сенкибаев С.** – к.п.н. доцент, Кокшетауский университет имени Абая Мырзахметова, г.Кокшетау
- Смагулова Б.К.** - старший научный сотрудник Национальной академии образования им. И.Алтынсарина, г. Астана
- Терегулов Ф.Ш.** - д.п.н., профессор, кафедра педагогики, психологии и предметных технологий Актюбинского университета им. С. Баишева, г.Актобе
- Шуиншина Ш.М.** – к.п.н., Национальная академия образования им. И.Алтынсарина, г. Астана

1. Басылымдарға қазақ, орыс және шетел тілдерінде педагогикалық бағытта жазылған мақалалар қабылданады. Шетел тілінде жазылған мақалаларды жариялау жағдайында, нотариус арқылы расталған, мәтіннің қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы қоса беріледі. Қолжазбаны автор мұқият тексеріп, редакциялап шығуы тиіс.

2. Ғылыми дәрежесі жоқ авторлардың мақалаларына ғылым докторының немесе кандидатының, философияның PhD докторының рецензиясы қоса берілуі тиіс.

3. Компьютерде терілген қолжазба мақалалар 1 данада, жол аралығы бір интервал, парақтың бір жақ бетіне басылған, парақтың жол жиігі: сол жағы - 30 мм., оң жағы – 15 мм., үстіңгі және астыңғы жолағы – 20 мм. және «Windows үшін Word 7,0 (97. 2000)» мәтіндік редакторында электрондық нұсқада қабылданады.

4. Қолжазбаның көлемі (кестелерді, әдебиеттер тізімін, суреттердің жазбаларын, суреттерді қосқанда) **3 беттен** кем болмауы және **10 беттен** аспауы тиіс.

5. Суреттер көлемі мақаланың 1/4 көлемінен аспауы тиіс.

6. Мақала қатаң түрде келесі **ережелерге** сәйкес ресімделуі керек:

- әмбебап ондық жіктеме кестесі бойынша **ӘОЖ**;

- **мақала атауы** мақаланың мазмұнын нақты ашуы тиіс және 8-10 сөзден аспауы керек; техникалық параметрлері: кегль – 14-пункт, қаріп түрі – **Times New Roman** бас әріппен, қалың шрифтпен, азат жол ортаға дәл келтірілуі тиіс;

- **автор(лар)дың аты-жөн(дер)і**, сондай-ақ **мекемелердің толық атауы** келесі техникалық параметрлерге сәйкес келуі керек: кегль – 14-пункт, қаріп түрі – Arial, азат жол ортаға дәл келтірілуі тиіс;

- **андапта** кіріспе сөздерді қамтымай, мақаланың басты ақпаратынан түйін беруі тиіс, көлемі 15 қатардан аспауы керек, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде келесі параметрлерге сәйкес жазылуы қажет: кегль – 12-пункт, қазақ тілі үшін қаріп түрі – KZ Times New Roman, орыс, ағылшын және неміс тілдері үшін қаріп түрі – Times New Roman, оң жақ-сол жақ шегінісі – 1 см., жол аралығы бір интервал;

- **тірек сөздер (8-10 сөзден аспауы керек)**: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде, кегль – 12-пункт, қазақ тілі үшін қаріп түрі – KZ Times New Roman, орыс, ағылшын және неміс тілдері үшін қаріп түрі – Times New Roman, оң жақ-сол жақ шегінісі – 1 см., жол аралығы бір интервал;

- **мақала мәтіні**: кегль – 14-пункт, қазақ тіліндегі мақалалар үшін қаріп түрі – KZ Times New Roman, орыс, ағылшын және неміс тілдеріндегі мәтіндер үшін қаріп түрі – Times New Roman, жол аралығы бір жарым интервал;

- мақала **кіріспеден** басталады, онда тақырыптың өзектілігі қысқа, ықшам әрі нақты көрсетіледі, ғылымилығы (міндеттері) тұжырымдалады;

- мақала негізгі **қорытындымен** тұжырымдалады, онда кіріспеден қозғалған мәселеге нақты жауап болуы тиіс;

- **мақаладағы сілтемелер және/немесе пайдаланылған әдебиеттер** 2003 жылғы МЕМСТ 7.1-тармағы бойынша ресімделуі тиіс. Библиографиялық жазба, библиографиялық сипаты. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережесі (2003 жылғы МЕМСТ 7.1-тармағы, стандарттау, метрология және сертифициаттау жөніндегі Мемлекетаралық Кеңес қабылдаған). Жұмыстардың тізімі оларды мәтінде ескеру тәртібімен ұсынылады. Барлық сілтемелер түпнұсқа тілінде көрсетіледі (латын қарпін пайдаланбайтын жапон, қытай және басқа тілдердегі атаулар орыс тіліндегі транскрипциясымен жазылады. Ең алдымен қазақ тіліндегі, содан соң орыс тіліндегі және әліпбилері туыстас (украин, болгар және т.б.) тілдердің, келесі кезекте латын әліпбиімен берілген еңбектер көрсетіледі. Қолжазбадағы сілтемелер мен ескертулер реттік нөмірмен белгіленеді және төрт бұрышты жақшаларға алынады;

- мәтіндегі **кестелер** сілтемелерден соң орналастырылады, мәтінде оларды ескеру тәртібімен нөмірленеді, әр кестенің өз тақырыбы, атауы болуы тиіс. Диаграммалар мен графиктер кестені қайталамауы тиіс. Кестелердегі материалдар мәтінге қосымша мәліметсіз түсінікті болуы тиіс. Кестеде пайдаланылған барлық қысқартулар кестенің астында орналастырылған ескертуде анық берілуі қажет;

- **суреттер** TIFF (\*.TIF) немесе JPG форматында (Word-қа орналастырудың қажеті жоқ) жеке файлмен ұсынылады. Әр суретке мәтінде бір сілтеме болуы тиіс, суреттер реттік нөмірмен белгіленеді, суреттердің астындағы жазбалары толық ақпаратты қамтуы тиіс;

- қысқартулардың тек жалпы қабылданған нұсқаларына ғана рұқсат етіледі – өлшемдердің, физикалық, химиялық және математикалық шамалар мен терминдердің және т.б. атаулары;

- Математикалық формулалар Microsoft Equation ретінде терілуі тиіс (әр формула – бір объект).

7. Редакция мақалаға әдеби және стилистикалық өңдеу жүргізбейді. Қолжазба авторларға қайтарылмайды. Жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес ресімделмеген мақалалар журнал бетіне жарияланбайды.

8. Мақала қолжазбасын және электронды нұсқасын келесі мекенжай бойынша жолдауларыңызға болады: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Орынбор к-сі, 4, «Алтын Орда» БО, 15-қабат, каб. 1507. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы.

9. **Байланыс тел:** 8 (7172) 57-66-49

E-mail: [bilim-edu.2003@mail.ru](mailto:bilim-edu.2003@mail.ru)

// жазылу индексі 75754

10. **Автор туралы мәліметтер бөлек бетте** (қағазды және электронды нұсқада) жазылады:

- толық Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, жұмыс орны (журналдың «Біздің авторлар» бөлімінде жариялау үшін);

- толық пошталық мекенжайы, қызметтік және үй телефондарының нөмірлері, E-mail (редакцияның авторлармен байланысуы үшін, электронды мекенжай журналға жарияланбайды);

- мақала атауы және автор(лар)дың аты-жөн(дер)і қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазылуы тиіс («Мазмұны» үшін).

1. К публикациям принимаются **статьи** на казахском, русском, иностранных языках. В случаях, когда статьи публикуются на иностранном языке, прилагается нотариально заверенный текст перевода на казахский или русский язык. Рукописи должны быть тщательно выверены и отредактированы авторами.

2. Статьи авторов, не имеющих ученой степени, должны сопровождаться **рецензией** доктора или кандидата наук, или доктора философии PhD.

3. Рукописи статей принимаются в 1 экземпляре, набранных на компьютере, напечатанных на одной стороне листа с одинарным межстрочным интервалом, поля: левое - 30 мм, правое - 15 мм, верхнее - 20 мм, нижнее - 20 мм, а также электронный вариант со всеми материалами в текстовом редакторе «Word 7,0 (97, 2000) для Windows».

4. **Объем рукописи** (включая таблицы, список литературы, подписи к рисункам, рисунки) не должен превышать 10 страниц.

5. **Объем рисунков** не должен превышать 1/4 объема статьи.

6. Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии со следующими **правилами**:

- **УДК** по таблицам универсальной десятичной классификации;
- **заглавие статьи** должно точно отражать содержание статьи и состоять из не более 8-10 значащих слов; технические параметры: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Times New Roman, заглавные, жирные, абзац центrovанный;

- **инициалы и фамилия(-и) автора(-ов)**, а также полное **название учреждения** должны соответствовать следующим техническим параметрам: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Arial, абзац центrovанный;

- **аннотация** должна быть лишена вводных фраз, содержать только главную информацию статьи, не превышать объем 15 строк, выполняться на казахском, русском и английском языках по следующим параметрам: кегль - 12 пунктов, гарнитура - Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка), курсив, отступ слева-справа - 1 см, межстрочный интервал - одинарный;

- **ключевые слова (не более 8-9 слов)**: на казахском, русском и английском языках по следующим параметрам: кегль - 12 пунктов, гарнитура - Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка), курсив, отступ слева-справа - 1 см, межстрочный интервал - одинарный;

- **текст статьи**: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Times New Roman, межстрочный интервал - полуторный;
- статья начинается с **введения**, в котором очень кратко, сжато и лаконично отражается обоснование актуальности темы, формулировка научной проблемы (задачи);

- статья завершается формулировкой основного **вывода**, которая должна содержать конкретный ответ на вопрос, поставленный во введении;

- **пристатейные ссылки и/или списки пристатейной литературы** следует оформлять по ГОСТ 7.1 – 2003. Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления (ГОСТ 7.1 – 2003 Принят Межгосударственным Советом по стандартизации, метрологии и сертификации (протокол № 12 от 2 июля 2003 г.). Список работ представляется в порядке упоминания их в тексте. Все ссылки даются на языке оригинала (названия на японском, китайском и других языках, использующих нелатинский шрифт, пишутся в русской транскрипции). Сначала приводится список работ на казахском, русском языке и на языках с близким алфавитом (украинский, болгарский и др.), а затем - работы на языках с латинским алфавитом.

**Ссылки** и примечания в рукописи обозначаются сквозной нумерацией и заключаются в квадратные скобки;

- **таблицы** помещаются после ссылки в тексте, нумеруются в порядке упоминания их в тексте, каждая таблица имеет свой заголовок. Диаграммы и графики не должны дублировать таблицы. Материал таблиц должен быть понятен без дополнительного обращения к тексту. Все сокращения, использованные в таблице, должны быть пояснены в Примечании, расположенном под ней;

- **рисунки** (только черно-белые) представляются отдельными файлами с расширением TIFF (\*.TIF), или JPG (не встраивать в Word). На каждый рисунок должна быть одна ссылка в тексте, нумерация у рисунков – сквозная, подписи к рисункам должны содержать достаточно полную информацию;

- **сокращения** разрешаются применять только общепринятые – названия мер, физических, химических и математических величин и терминов и т.п.;

- **математические формулы** должны быть набраны как Microsoft Equation (каждая формула - один объект).

7. Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи. Рукописи не возвращаются. Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются.

8. Рукопись и электронный вариант с материалами следует направлять **по адресу**: 010000, Республика Казахстан, г. Астана, ул. Орынбор, 4, БЦ «Алтын Орда», 15-этаж, каб. 1507. Национальная академия образования им. Ы. Алтынсарина.

#### 9. Контакты:

Тел. (8 7172) 57 66 49

E-mail: [bilim-edu.2003@mail.ru](mailto:bilim-edu.2003@mail.ru)

// подписной индекс 75754

10. На отдельной странице (в бумажном и электронном варианте) приводятся сведения об авторе: - Ф.И.О. полностью, ученая степень и ученое звание, место работы (для публикации в разделе «Наши авторы»);

- полные почтовые адреса, номера служебного и домашнего телефонов, E-mail (для связи редакции с авторами, не публикуются);

- название статьи и фамилия (-и) автора (-ов) на казахском, русском и английском языках (для «Содержания»).



## CONTENT

### EDUCATION POLICY

<i>Getting an education with the support of the state!</i> .....	3
--	---

### THEORY AND PRACTICE OF TEACHING

<i>A.B. Agzamova, F.Sh. Teregulov</i> Basic concepts of modern pedagogy.....	6
<i>Sh. Shuinshina, G.Z. Danyarov</i> Mathematical literacy formation in the physics course content for primary school.....	20
<i>N.Zh. Kurman</i> The Kazakh language level teaching based on trilingualism policy.....	25
<i>B.K. Smagulova, S.K. Ismagulova</i> Educational and Methodical Complex of the updated content of education, textbooks, training programs and primary education State obligatory standart approbation.....	29
<i>M. Kozhanuly</i> The appliance of new ways of teaching on a training course, the organization of groupwork.....	32
<i>A.M. Beysebekova, M.Zh. Zhusupov</i> The Online-platform as a tool for the qualitative education renewed content approbation monitoring realisation.....	38
<i>B.B. Okenova</i> The writing skills development potential when learning a foreign language through online-courses.....	46
<i>M.E. Adamova</i> Educational and methodological assurance of inclusive education.....	50
<i>J.I. Urunbaeva</i> Pedagogical dimension in terms of structural reforms of enhancing teaching foreign languages in Uzbekistan.....	54

### THEORY AND PRACTICE OF EDUCATION

<i>Z.K. Razbekova</i> The teachers' professional competencies development within the national idea "MangilikEl".....	57
<i>R.F. Kaldygalieva</i> The national idea «Mangilik El» implementation on the music lessons at comprehensive school.....	61
<i>K.N. Nurmuhanova</i> Bringing up children is the universal duty.....	64

### THE INTERNATIONAL COOPERATION

<i>A. Adilova, M. Zhakisheva</i> Internship in Germany.....	67
--	----

### FROM THE HISTORY OF EDUCATION KAZAKHSTAN

<i>S. Senkibaev</i> Continuity of the ancestors' apprenticeship.....	70
OUR AUTHORS.....	76
RULES FOR AUTHORS.....	78

**Журналдың құрылтайшысы:**

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі.*

*Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде есепке тіркеліп, 2003 жылғы 15 қазанда №4334 Ж куәлігі берілген.*

*Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2008 жылғы 30 желтоқсанда №9838-ж куәлігімен қайта тіркелді.*

**Құрметті оқырмандар мен авторлар!**

*Журналда жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына, сондай-ақ стилистикалық қателерге авторлар жауапты.*

*Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.*

**Меншік иесі:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚК.  
2000 жылдың мамырынан шыға бастады. Басылым 3 айда бір рет шығады.

**Мекенжайы:**

010000, Астана қ.,  
Орынбор көшесі, 4  
“Алтын Орда” БО, офис-1500.  
тел.: 8 (7172) 57-66-49

**E-mail: [bilim-edu.2003@mail.ru](mailto:bilim-edu.2003@mail.ru)**

Басуға 27.01.2017 ж. қол қойылды.  
ш.б.т. - 4,75 RISO басылым.  
Таралымы - 300 дана.  
Ы. Алтынсарин атындағы  
ҰБА-ның баспа орталығында басылып шығарылды

**Учредитель:**

РГКП «Национальная академия образования им. Ы. Алтынсарина» Министерства образования и науки Республики Казахстан. Журнал издается с мая 2000 года. Периодичность 1 раз в 3 месяца.  
Поставлен на учет Министерством культуры и информации РК. Свидетельство № 9838-ж от 30.12.2008 г.

**Уважаемые читатели и авторы!**

*Опубликованные в журнале материалы не отражают точку зрения редакции.*

*Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях, а также за стилистические ошибки несут авторы.*

*Перепечатка материалов, опубликованных в журнале, допускается только с согласия редакции.*

**Наш адрес:**

01000, г. Астана,  
ул. Орынбор, 4,  
БЦ “Алтын Орда”, офис 1500.  
тел.: 8 (7172) 57-66-49

**E-mail: [bilim-edu.2003@mail.ru](mailto:bilim-edu.2003@mail.ru)**

Подписано в печать 27.01.2017 г.  
усл.печ.л. - 4,75. Печать RISO.  
Тираж - 300 экз.  
Отпечатано  
в издательском центре  
НАО им. И. Алтынсарина.